

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы



**Инклюзия жағдайында жаратылыстану-математикалық
және гуманитарлық білім берудің жеке бағдарламаларын құрастыру
бойынша әдістемелік ұсынымдар**

Нұр-Сұлтан
2019

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2019 жылғы 26 қарашадағы № 8 хаттама)

Инклюзия жағдайында жаратылыстану-математикалық және гуманитарлық білім берудің жеке бағдарламаларын құрастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар. Әдістемелік ұсынымдар – Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2019. – 321 б.

Әдістемелік құралда жалпы білім беретін мектептерді психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің педагогтері мен мамандарына жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық білім беру пәндері бойынша ЕБҚ бар білім алушыларға арналған жеке бағдарламаларды әзірлеу бойынша әдістемелік ұсынымдар ұсынылады.

Оқу құралы мектеп ортасында «Барлығына арналған білім» принципін жүзеге асыруда білім беру ұйымының әкімшілігі мен педагогикалық ұжымына практикалық көмек көрсетуі тиіс. Әдістемелік ұсынымдар жалпы білім беретін мектеп басшыларына, мұғалімдерге, әдіскерлерге, білім басқармалары мен бөлімдерінің мамандарына арналған.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2019

Кіріспе

Инклюзивті білім беруді дамыту процесі елімізде жүйелі түрде жүзеге асуга. Әлемдік теориялық және практикалық тәжірибелер, еліміздің арнағы мектептерінің тәжірибелері негізінде жалпы білім беретін мектептерде ЕБҚ бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау қызметтері күрылуда. Инклюзивті білім беру шеңберінде әдіснамалық қамтамасыз ету, бағалау, аттестациялау секілді маңызды мәселелер де инклюзивті білім беруді одан әрі дамыту мақсатында зерттеліп, қайта қарастырылуда.

Маңызды аспектілердің бірі – білім беру ортасына оның сапасын жақсартуды қамтамасыз ету үшін барлық қатысуышыларды, оның ішінде ЕБҚ бар балаларды қоса отырып, жүзеге асырылуы қажет өзгерістерді анықтау. Инклюзивті құндылықтарды қабылдау педагогикалық процестің барлық қатысуышылары арасында ЕБҚ бар балаларға толерантты қарым-қатынасты қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта арнағы білім беру үйымдарында білім беру процесін үйымдастыруға қатысты айтарлықтай ғылыми-әдіснамалық әлеует қалыптасқан. Сонымен қатар мамандандырылған мектептерде де өнімді тәжірибе байқалады. Балалардың құқығын қорғау бойынша үкіметтік емес үйымдар да ЕБҚ бар балаларды сапалы білім беру қызметтерімен қамтамасыз ету мәселелерін шешуге белсенді араласуда.

Арнағы мектептерге арналған қолданыстағы оқу бағдарламалары инклюзивті білім беруді дамыту мәселелері және білім беру процесінің барлық қатысуышыларын инклюзивті ортаны, яғни инклюзивті мәдениет, саясат және тәжірибені дамытуға дайындығын іске асыру бойынша өте құнды болып табылады. Аталмыш бағыттардағы сан жылдық тәжірибе жалпы білім беретін мектептердің мұғалімдеріне жалпы білім беретін мектептерде инклюзивті ортаны үйымдастыруға кірісуге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ жалпы білім беретін мектептің оқу процесінде мұғалімдердің ЕБҚ бар білім алушыларға «инклюзивті» білім беру ортасын құру жүйесін мақсатты құрастыруға мүмкіндік беретін жеке оқу бағдарламаларын әзірлеуге дайын болмау мәселесі өзекті болып отыр.

Инклюзивті практика жеке ерекшеліктеріне, оқу жетістіктеріне, ана тіліне, мәдениетіне, психикалық және физикалық мүмкіндіктеріне қарамастан, балалардың барлығының білім алуын қамтамасыз етуді және білімге бейімделуіне қол жеткізу үшін қажетті шартарды құруды іске асырады.

«Білім беру туралы» заңының 8-бабында: «Мемлекет инклюзивті білім берудің мақсатын іске асыра отырып, білім берудің барлық деңгейінде даму мүмкіндіктері шектеулі азаматтарға олардың білім алуына, дамуындағы ауытқуды түзетуіне және әлеуметтік бейімделуіне арнағы жағдайлар жасауды қамтамасыз етеді» деп көрсетілген. Білім беру жүйесі міндеттерінің бірі «ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар тұлғалардың (балалардың) білім

алуы үшін білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, арнайы жағдайлар жасау болып табылады» [1].

«Білім беру туралы» заңының 47-бабына сәйкес, «білім алушылар мен тәрбиеленушілердің білім беру ұйымы кеңесінің шешімі бойынша жалпыға міндettі мемлекеттік білім беру стандарттары шенберінде жеке оқу жоспарлары, қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша оқуға» құқығы бар [1].

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Тиісті ұлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің ұлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2018 жылғы 30 қазандығы № 595 бүйрығында: «инклузивті білім беру жағдайларында білім алатын білім алуша өрекше қажеттілігі бар балалар психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы және ұсынымдары бойынша ұлгілік оқу немесе жеке оқу бағдарламасы бойынша оқиды» деп көрсетіледі [2].

Қазіргі таңда елімізде білім беру жүйесінің әртүрлі деңгейінде инклузивті білім берудің медициналық моделінен әлеуметтік моделіне ойысу процесі жүруде. Үздіксіз білім беру білім алушының болашақтағы барлық жетістіктері тәуелді болатын негізгі қадам ретінде қызмет етуі тиіс. Ол ұлттық мәдениетті сақтап қалудың іргетасы, баланың тұлға ретінде қалыптасуының, әлеуметтік бейімделуінің маңызды шарты болып табылады.

Бір модельден екінші модельге ойысу процесінің негізгі шарты – мектептердің өзгерістерге дайын болуы. Инклузивті білім беру практикасын дамыту жүйелі өзгерістерді қажет етеді, оларды өз алдына қысқа мерзімде жүзеге асыру мүмкін емес. Мұндайда қыынға согатыны – адамдардың санасы мен кәсіби ойлауын өзгерту, оны мұғалімнің психологиясынан бастау, тұластай жүйенің қызмет етуінің әлеуметтік-экономикалық қағидаларымен аяқтау. Тәжірибе көрсеткендей, инклузивті білім беруді енгізу ұйымдастырушылық, оның ішінде «кедергісіз ортаны» ұйымдастыру мәселелерімен қақтығысып қоймайды, бірінші кезекте әлеуметтік сипаттағы мәселелермен түйіседі. Оларға кеңінен таралған таптаурындар мен ескішілдік, мұғалімдердің, балалардың және олардың ата-аналарының білім берудің жаңа қағидаттарын қабылдауға дайын болуы немесе бас тартуы, еліміздің білім беру ұйымдарында инклузивтік практика тәжірибесіне қатысты жүйелі, кешенді, психологиялық-педагогикалық білімдер мен технологиялардың және арнайы мониторингтік зерттеулердің жеткіліксіздігі жатады [3, 7 б.].

Инклузивті білім беру білім берудің әртүрлі кезеңдерінде әртүрлі бастапқы мүмкіндіктерге ие балаларды оқыту мен тәрбиелеуді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Аталмыш процестер білім беру процесіне қатысушылардың арасындағы қарым-қатынасты айтартылғатай деңгейде өзгерту арқылы қазіргі білім беру ұйымдарының білім беру процесінің дамуына ықпал етеді. ЕБҚ бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі мен технологиясын ұйымдастыру білім беру процесіне қатысушылардың барлығының құқықтары мен ерекшеліктерін құрметтеу негізінде қарым-қатынас құруға мүмкіндік

береді. Аталған процестердің жиынтығы білім беруді одан әрі ізгілендіруді және жаңа типті кәсіби педагогикалық қоғамдастықты құруды қамтамасыз етуі тиіс.

Аталған маңызды міндеттерді іске асыру үшін ғылыми-әдіснамалық қолдау және бағдарламалық-дидактикалық материалдар мен әдістемелік құралдарды өзірлеу қажеттілігі өзектілене түседі [3].

Мектепте инклюзивті білім берудің басты өзегі мен негізі – балалардың ерекше қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін анықтай алатын психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің қатысуышылары мен мұғалімдер, кенес алуға қайда жүгінуге болатынын білетін ата-аналар, білім алушылардың ерекше қажеттіліктеріне бейімделген қолжетімді және түсінікті оқу материалдары мен тапсырмалары, икемді оқу жоспары мен оқу бағдарламалары.

Инклюзивті білім беруді құру мемлекетке, мұның барлық балалардың жалпы білім алуын жақсарту үшін маңызды екендігін түсіне келе, дарынды балалардан бастап мүмкіндігі шектеулі балаларға дейінгі барлық балаларды қолдауына мүмкіндік береді. Аталмыш тәсілдеме белгілі бір санаттағы балалардың қыындықтарына акцент түсірмей, барлық білім алушылардың әлеуетін дамытады.

Жаңартылған мазмұндағы білім беру бағдарламаларын енгізу әрбір баланың жеке қажеттіліктерін тануға және сол қажеттіліктерді қанағаттандыру жолдарын анықтауға ықпал етуі тиіс. Мұндайда оны белгілі бер шеңберде түйіктамауы тиіс.

Дегенмен инклюзивті білім беруді дамытуды қарастыру қазіргі кезенде жалпы білім беретін мектептердегі педагогтердің және қолдау қызметі мамандарының инклюзивті тәсілдерді іске асыруда кәсіби дайындығының жеткіліксіздігін көрсетеді. Олар арнайы педагогика, педагогикалық психология салаларында ЕБҚ бар балаларды жеке оқыту тәсілдерін түсінуде және іске асыруда кешенді әдістемелік көмекті қажет етеді. Ең маңыздысы, жалпы білім беретін мектептерде педагогтер әртүрлі балалармен жұмыс жасауды және оны әрбір білім алушыға білім беруде ескеруді үйренуі тиіс.

Практикердің ең басты – «қалай?» сұрағына әзірге барлық жағдайға қатысты білікті жауап берілмеуде. Дегенмен педагогикалық ізденіс, жаңашыл батылдық, серікtestіk арқылы информатор мұғалімнен заманауи кәсіби құзыреттерге ие ұйымдастырушы мұғалімге, әзірлеуші мұғалімге ауысу мүмкін болатыны сөзсіз.

Балалардың білім алуға психологиялық дайындығына арналған зерттеулер көп және сан түрлі, десек те білім беру ұйымдары оқу-әдістемелік қамтамасыз етуде балалардың білім алу құзыреттіктерін бағдарлама талаптарына сәйкес бағалау технологияларына қатысты сұрақтарды тереңірек зерттеуді қажет етеді. Бұл аспект өте маңызды, себебі жалпы білім беретін мектептегі ЕБҚ бар білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламасының

міндеттері мен мазмұнын анықтау, білім беру маршрутын дұрыс тандау осыған байланысты.

Қазақстанда ЕБҚ бар балалардың жалпы білім беретін мектепте білім алуына дайындығы психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияларда анықталып белгіленеді, консультация мамандары баланы кешенді тексерудің заманауи әдістерін іріктең пайдаланады. Мектептердегі психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандары мен педагогтері бақылаулар жүргізеді, баланы мерзімде тестіден өткізеді, мұндайда олардың күшті жақтарына сүйенеді, өзара талқылаулар жүргізеді, шешімдер шығарады. Бақылаулар мен тестілер нәтижелері бойынша мамандар жеке дамыту бағдарламасын құрады, ал мұғалім қажет болған жағдайда өз пәні бойынша жеке оқу бағдарламасын әзірлейді.

Жалпы білім беру процесінде ЕБҚ бар білім алушыларды қолдау жұмыстың топтық стилін, әртүрлі мамандардың (психолог, логопед, арнайы педагог, әлеуметтік педагог), мектеп әкімшілігінің, мұғалімдер мен ата-аналардың өзара тығыз әрекеттестігін талап етеді.

Білім берудің барлық деңгейінде ЕБҚ бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау белгілі бір міндеттерді шешу жолымен жүзеге асады:

бастауыш мектепте – ерекше қажеттіліктері мен әлеуетті мүмкіндіктерін ескере келе әрбір баланың мектепке оқуға дайындығын анықтау, мектепке бейімделуін қамтамасыз ету, оқу қызметіне қызығушылығын арттыру, танымдық және оқу мотивациясын дамыту, дербестігі мен өз-өзін реттеуін дамыту, оқи білуі мен оқуға ынтасын қалыптастыруды қолдау, шығармашылық қабілеттерін дамыту;

негізгі мектепте – білім алушының негізгі мектепке ауысуына қолдау көрсету, білім берудегі жаңа шарттарға бейімделу, тұлғалық және құндылықты-мазмұнды өзін-өзі анықтау мен өзін-өзі дамыту міндеттерін шешуде қолдау, тұлғалық проблемалар мен әлеуметтену мәселелерінде шешім шығаруға көмектесу, өмірлік дағдыларды қалыптастыру, ата-аналармен және қатарластарымен құрылымдық қарым-қатынас құруға жәрдемдесу;

жогары мектепте – оқушыға кәсіптік бағдар беру мен кәсіптік өзін-өзі анықтауда көмектесу, экзистенциалдық мәселелерді (өзін-өзі тану, өмір мәнін іздеу, тұлғалық барабарлыққа қолжеткізу) шешуде қолдау көрсету, уақытша болашақты, мақсатты тұжырымдау қабілетін дамыту, психоәлеуметтік құзыреттілігін дамыту.

Әрбір баланың сапалы білім алу құқығын қамтамасыз ету мақсатында психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі жалпы білім беретін мектептің толыққанды құрылымдық бөлімшесіне айналуы тиіс. Ол үшін мектеп басшысы қолдау қызметін құру жөнінде бүйрық шығарады және оның қызметі жөнінде ережені бекітеді. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің құрамына логопед мұғалім/логопед, педагог-психолог, арнайы педагог, әлеуметтік

педагог, сонымен қатар қажеттілігіне қарай өзге де мамандар мен педагогтер кіреді [4].

Мамандарға білім алушының қызығушылықтары, оның білім алу және шешім шығару стилі туралы көбірек білу қажет, білім алушының күтілетін нәтижелерге үлгерімін білу қажет, ол оқытуда мүмкін болар өзгерістерді жоспарлау үшін, қажет болған жағдайда қосымша қолдауды көрсету үшін жасалынады. Бағалау нәтижесінен алынған ақпарат білім алушының нені игеруі керек екендігін, сонымен қатар пайдаланылуы тиіс әдістер мен тәсілдерді анықтауда негіз болады.

ЕБҚ бар білім алушыны психологиялық-педагогикалық қолдаудың, яғни білім алушыны білім беру процесіне қосудың жүйелі түрде құрылған қызметінің өлшемдері мен көрсеткіштері:

- оқушының мектепке, мұғалімдерге, сыныптастарына оң қатынасы;
- жалпы білім беру, қысқартылған немесе жеке бағдарлама шеңберіндегі академиялық табыстылығы;
- оқушының әлеуметтік бейімделуі.

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің командалық жұмысын құрудың негізгі принциптері ретінде төмендегілерді атауга болады:

- кешенді пәнаралық байланыс;
- серіктестік, құрмет, сенім;
- жауапкершілікті бөлісу;
- бірыңғай құндылықтарға бейілділік (білім алушы тұлғасына құрметпен қарау және кез келген балаға көмек көрсетуге жоғары мотивация);
- білім алушылардың қажеттіліктерін динамикалық тексеру және тұрақты негізде қанағаттандыру.

Мектептің әрбір педагогі инклузияны жалпы білім беретін мектептегі ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар баланың физикалық жағына ғана қатысты қарастырудың қате екендігін түсіну қажет. Бұл, бірінші кезекте, мектептің езін, мектеп мәдениетін және білім беру процесіне қатысушылардың қарым-қатынас жүйесін өзгерту, педагогтер мен мамандардың тығыз ынтымақтастығы, ата-аналарды баламен жұмыс істеуге тарту.

Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды оқыту процесінде педагогтер мен ата-аналар арасындағы өзара қарым-қатынас маңызды рөл атқарады. Ата-аналар өз баласын жақсы біледі, сондықтан педагог бірқатар мәселелерді шешуде олардан құнды кеңес ала алады. Мұғалімдер мен ата-аналардың ынтымақтастығы жағдаятты түрлі қырынан қарастыруға көмектеседі, демек, ересектерге баланың жеке ерекшеліктерін түсінуге, оның қабілетін анықтауға және дұрыс өмірлік бағдар қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Бүгінгі мектептің негізгі міндеті – баланың даралығын айқындау, оның өзін-өзі тануына, дамуына, тұлға ретінде қалыптасуына көмектесу, әлеуметтік әсерлерді талғап, төтер бере білуге көмектесу. Мұндай білім берудің мақсаты – психологиялық-педагогикалық жағдайдағы жүйені құру. Ол өз

алдына бірыңғай сынып ұжымында білімі орта оқушыға ғана бейімделмей, әрбір оқушының жеке танымдық мүмкіндіктерін, қажеттіліктері мен қызығушылықтарын ескерумен жеке жұмыс жасауға бағытталған.

«2019-2020 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатта Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА және Түзету педагогикасының Ұлттық ғылыми-практикалық орталығының әдістемелік ұсынымдарына сілтемелермен оқушының қажеттілігін бағалау (ПМПК ұсынымы бар) және оның психологиялық-педагогикалық қолдауын қамтамасыз ету алгоритмі берілген.

Білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау ерекше білім беру қажеттілігін бағалау негізінде жүзеге асырылады. Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау – бұл анықталған оқыту қындықтары мен олардың пайда болу себептері негізінде оқу процесінде оқушының қолдау түрлерін, формалары мен көлемін анықтау.

Қажеттіліктерді бағалау білім алушыларды қолдау секілді деңгейлік сипатқа ие. Бір деңгейді қолдаудан қолдаудың қарқындылығын арттыру жағына да, қолдауды азайту жағына да басқа деңгейді қолдауга көшу мүмкіндігі бар [4].

Оқушының қажеттіліктері мен қолдауын бағалаудың бірінші деңгейі.

Бағалау мен қолдауды тікелей мұғалім жүзеге асырады. Мұғалім бірінші болып формативті бағалау барысында оқытудың қындықтарын анықтайды. Оның міндеті – қындықтар сипатын, олардың пайда болу себептерін өзіндік анықтау, оқушының қалыптасатын білімдеріндегі олқылықтарды анықтау. Алынған ақпарат негізінде мұғалім сыныпта оқушыны сабакта жеке тәсілдемені қолдауды ұйымдастыруы керек.

Мұғалім тарапынан оқушыны қолдау тәсілдері келесі іс-шаралар болуы мүмкін:

1) оқытудың вариативті, арнайы әдістерін қолдану: «шағын қадамдар» әдісін қолдану, пәндік іс-әрекетке және көрнекілік құралдарына сүйену, пәндік және ақыл-ой әрекеттерін сөйлету, «ілгері озу», үздіксіз қайталауды үйрену, оқылатын ұғымдарды салыстыру және қарсы қою тәсілдерін қолдану және т.б.;

2) сабакта жеке оқу материалдарын қолдану: көрнекі құралдарды, жаднамаларды, алгоритмдік нұсқамаларды, женілдетілген оқу тапсырмаларын, оқу және жазу үшін мәтінді қысқарту, тапсырмаларды орындау үшін қысқа және кезең-кезеңмен нұсқаулықтар беру, жатқа білу қажет ақпарат санын азайту және т.б.;

3) оқыту нәтижелерін бағалау тәсілдерінің (процедураларының) өзгеруі: қысқа, баяу, қайталаумен мұғалімнің ауызша нұсқауы (жазбаша нұсқаудың орнына); жұмысты орындау үшін қосымша уақыт беру; тапсырмаларды тек ауызша/жазбаша орындауға мүмкіндік беру; планшетті, ноутбукты пайдалана отырып, жазбаша бақылау тапсырмасын орындау мүмкіндігі;

4) бақылау материалдарын өзгерту: нұсқаулық түжырымдарын бейімдеу – тапсырманы орындау кезеңдеріне сәйкес оны бірнеше бөліктерге бөлу; бақылау тапсырмаларының санын азайту; барлық сыйып үшін бақылау тапсырмаларынан ерекшеленетін жеке бақылау тапсырмалары (жеке оқу мақсаттарына сәйкес); бақылау тапсырмасын орындауды жеңілдететін иллюстрациялық және басқа да тірек материалдарын (кестелерді, сызбаларды, үлгілерді, анықтамалық материалдарды) пайдалану және т.б.;

5) сыйыптағы оқу орнын анықтау және бейімдеу (бірінші партада, беделді оқушының жаңында, соңғы партада, партада жалғыз, оқу тапсырмаларының бір бөлігін конторкада тұрып орындауды және т.б.);

Егер баланың күш-жігеріне және мұғалімнің жеке көмегіне қарамастан, бір және одан да көп негізгі пәндер бойынша оқу бағдарламасын менгеруде қыындықтар бір тоқсан ішінде сақталса, онда мұғалім мектептің психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі (психолог, логопед, арнайы педагог, әлеуметтік педагог) көмегіне жүргінеді.

Оқушының қажеттіліктері мен қолдаудың екінші деңгейі

Қажеттіліктерді бағалау мен қолдауды тек мұғалім ғана емес, сонымен қатар психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі мамандарының командасы (психолог, логопед, арнайы педагог, әлеуметтік педагог) жүзеге асырады. Оқушының мамандардың көмегіне қажеттілігін бағалауды жүргізу үшін оқушының ата-анасының жазбаша келісімін алу қажет. Әрбір маман қажетті әдістер мен әдістемелерді қолдана отырып, оқушыларды оқытудың қыындықтарын тудыратын себептерді анықтау мақсатында психологиялық, логопедтік, арнайы педагогикалық тексеру жүргізеді. Тексеру барысында маман оқушы дамуының әлсіз жақтарын ғана емес, сондай-ақ оқуда табысты болуы үшін қажет оқушыда бар ресурстарды да аныктайды. Тексеру нәтижелері бойынша мамандар келесілерді аныктайды:

- оқушының оқу бағдарламасын қысқарту қажеттілігі;
- оқушыға оқу қыындықтарын жеңуге жәрдемдесетін мамандар (психолог, логопед, арнайы педагог) көмегінің қажеттілігі;
- оқытудың неғұрлым тиімді әдістері мен тәсілдері;
- оқушыны оқу орнына бейімдеу қажеттілігі.

Психолог, логопед, мұғалім-дефектолог, әлеуметтік педагог анықтаған білім берудегі қыындықтар себептерінің негізінде оқушыны психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламасының мазмұнын қолдау мамандары мен мұғалім аныктайды. Мамандардың көмек бағыттары мұғалімнің сабактағы жеке тәсілдемесі мазмұнымен, ата-аналар тарапынан оқушыға көмек мазмұнымен келісіледі. Мамандардың көмегі жеке немесе топтық сабактарда көрсетіледі.

Мұғалім мен мамандардың көмегі қысқартылған оқу бағдарламасын (1-3 оқу тоқсан бойы) табысты менгеруіне әкелмеген жағдайда, қолдау қызметін (ППҚК) ата-аналардың келісімімен ұсынымдар алу үшін

психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияға жіберу туралы шешім қабылдауы мүмкін.

Оқушының қажеттіліктері мен қолдауын бағалаудың үшінші деңгейі.

Оқушының қажеттілігін бағалау психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның мамандарымен анықталады. ПМПК қажеттілігін бағалау нәтижелері бойынша оқушыға дефектолог мұғалімнің, мұғалім асистентінің көмегі ұсынылуы мүмкін, білім алу нұсқалары ұсынылуы мүмкін: тұрғылықты жері бойынша жалпы білім беру сыныбында, арнайы сыныпта, арнайы мектепте.

ПМПК білім алушыға жеке бағдарлама бойынша немесе жеке тәсілдемелермен жалпы білім беру бағдарламасы бойынша оқытууды ұсынған жағдайда, мектептегі психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі бақылау нәтижесінде бағдарламаны өзгерту қажеттілігін растаса, ұсынымдарға сүйене отырып жеке оқу бағдарламасы жасалады.

Мұндай жағдайларда ЕБҚ бар білім алушы үшін пәндік бағдарламалардың мазмұнына оқушының «кушті» және «әлсіз» жақтарына байланысты қысқартулар немесе өзгерістер енгізуге болады. Білім алушылардың ерекше қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып әзірленген жеке оқу бағдарламалары мектептің педагогикалық кеңесінде бекітіледі. Жеке оқу бағдарламасын жүзеге асыру кезінде мұғалім келесі іс-әрекеттерді жоспарлау үшін әрбір сабакты талдай отырып, рефлексия іс-әрекеттерін үнемі жүргізу қажет [4].

Тоқсан сонында пән мұғалімдеріне ЕБҚ бар білім алушының оқу жетістіктерінің нәтижелері бойынша қорытынды жасау және қажет болған жағдайда жеке оқу бағдарламасына түзетулер енгізу ұсынылады.

Оқу жетістіктерін бағалау ЕБҚ бар білім алушының ерекше білім беру қажеттіліктерін, жеке мүмкіндіктерін және жетістіктерімен салыстырғандағы прогрессі ескере отырып жүргізіледі.

«Білім алушылардың үлгіріміне ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы»» бұйрықтың 14-8-тармағында: «ерекше оқу қажеттіліктері бар білім алушыларды бағалау кезінде педагог сараланған және/немесе жеке тапсырмаларды қолданып, сондай-ақ оқушының ерекшелігін есепке ала отырып, бағалау критерийлеріне өзгерістер енгізеді» деп көрсетіледі [4].

Осы әдістемелік құралдың мақсаты – жалпы білім беретін мектептердің мұғалімдеріне ЕБҚ бар білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламасын әзірлеу шенберінде жаратылыстану-математикалық және гуманитарлық білім беру пәндері бойынша жеке бағдарламалар жасауға әдістемелік ұсынымдар ұсыну.

Ұсыным мектепте «барлығына арналған білім» қағидатын іске асыруда білім беру ұйымының әкімшілігі мен педагогикалық ұжымына пәрменді практикалық көмек көрсетуге бағытталған.

1 ИНКЛЮЗИЯ АСПЕКТІСІНДЕ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ- МАТЕМАТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ОҚУ ЖОСПАРЛАРЫНЫң ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Инклюзивтік білім беруді дамыту процесінде оның жалпы тұжырымдамасын анықтау ғана емес, сонымен бірге нақты жұмыс жоспарын құру қажет, атап айтқанда:

- инклюзивтік білім беру құндылық, сенім, табыс қағидалары мен көрсеткіштер жүйесімен нығайтылуға міндettі. Бұл жүйе инклюзивтік білім беруді жүзеге асыру процесінде дамиды және қалыптасады, оны алдын ала «кемеліне келтірудің» қажеті жоқ;

- егер инклюзивтік білім беру тек өлі құрылым ғана болса, онда ол табысты болмайды. Бұл динамикалық процесс, оны «жандандыру» үшін барлық қатысушыларды әрекеттерді сынап талдау мен бағалауға тартумен тұрақты бірлескен мониторинг қажет болады.

Инклюзивтік білім берудің негізгі қағидасына білім берудің икемділігі мен оның алдын ала болжай алмайтын үздіксіз өзгерістерге жауап беру қабілеті жатады. Мұның барлығы жергілікті мәдени ортада және қолда бар жағдайларда дамуға және бейімделуге қабілеті бар күшті, динамикалық және тірі организмді қурайды.

Инклюзивтік білім берудің әлеуметтік екі субъектінің өзара жақындастыруын, бір-біріне қарай қимылын білдіретін екі жақты процесс екенін атап айту маңызды:

- дені сау құрдастарымен бірге оқу процесіне қосылуға ұмтылатын ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалар мен олардың ата-аналары;

- ЕБҚ бар балалардың қосылуы үшін ұйымдық-функционалдық, адамгершілік-психологиялық және басқа да жағдайларды қалыптастыруға міндettі жалпы білім беру.

Қазақстан Республикасында инклюзивтік білім беру негізін дамытуда негізге алынатын қағидалар мен құндылықтар:

- әрбір балаланың жалпы білім беру үйымдарында оқуға және сапалы білім алу мүмкіндігінің болуына тең құқығы;

- әрбір балаланың оқуға қабілетін тану және қофамның ол үшін сәйкес жағдайды қалыптастыру қажеттілігі;

- балалардың отбасында дамуы құқығын және барлық мәдени, білім беру, деңсаулық сақтау, қофамның басқа да жетістіктеріне қолжетімділігін қамтамасыз ету;

- ата-аналарды балаларын оқыту процесіне тең құқылы серікtestер және балаларының алғашқы мұғалімдері ретінде тарту;

- жеке басқа бағдарланған, жеке-дара тәсілмен оқу бағдарламаларын бейімдеу. Бағдарлама ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың оқу дағдыларын өмір бойы дамытуға көмектеседі және оларға қофам өміріне толыққанды қатысу мүмкіндігін беруге бағытталуға міндettі;

- инклюзивтік оқыту балалардың білім алушағы ерекше қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін қажетті арнайы білім беру талаптарын құратынын тану;

- оқытудың инклюзивтік үлгісін жүзеге асыру кезінде заманауи зерттеулер мен практиканың нәтижелерін пайдалану;

- ЕБҚ бар балаларды оқыту мен тәрбиелеуге педагогтарды, ата-аналарды, логопедтерді, психотерапевттерді дефектолог мұғалімдерді және басқа да мамандарды тартуды қарастыратын пәнаралық және командалық тәсілдеме.

Инклюзивтік білім берудің вариативтік формаларын әзірлей және оларды практикаға ендіре отырып, шешілуге тиісті *міндеттер*:

- мұқтаж балаларды оларға қажетті арнайы педагогикалық көмекпен қамтамасыз етуді кеңейту;

- ЕБҚ бар балалардың қалыпты дамыған құрдастарының ортасына кірігу мүмкіндігін қамтамасыз ету;

- ата-аналарды қажетті кеңестік көмек алу мүмкіндігімен қамтамасыз ету;

- ЕБҚ балалармен жұмыс істейтін педагогтарды тұрақты және мамандандырылған көмекпен және қолдаумен қамтамасыз ету.

Демек, білім беру жүйесі әрбір оқушының өзінің құқығын біліп, окуы және дамуы үшін қажеттіліктерін қанағаттандыруға міндетті. Жалпы білім беру жүйесінен шығып қалған балалар тобына дәйекті білім беру саясатына кепілдік беру – мемлекеттің, үкіметтің міндеті.

Сондай-ақ инклюзивтік білім беруді жүзеге асырудың қажетті элементіне білім берудің сапасы жатады және білім алуға құқық қолжетімділікпен қамтамасыз ету тұрғысынан ғана емес, сондай-ақ сапалы білім беру және әр адамды ерте жастан бастап ересек өміріне дейін оқуда жетістікке жеткізу тұрғысынан қарастырылады [5].

Жоғары айтылғандарды ескере отырып, инклюзивтік білім беру негізінде әрбір баланың барлық жеке ерекшеліктерін: қабілетін, даму ерекшеліктерін, темпераментін, жынысын, отбасылық мәдениетін, т.б. және сәйкесінше жағдайларды есепке ала отырып, әрбір балаға жеке-дара тәсілді қолдану жататын оқытудың жеке басқа бағытталған әдістерін қарастырады деп тұжырымдауға болады.

Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың білім беру үйымдарында бейімделуіне арналған жағымды медициналық-психологиялық-педагогикалық ортаны құру мақсатында басшылыққа алынатын жалпы әдістемелік қағидалар:

- мұғалімнің басшылық рөлі кезіндегі саналылық, белсенділік, дербестілік қағидалары;

- жүйелілік және дәйектілік қағидасы;

- көрнекілік қағидасы;

- қолжетімділік пен күшіне сәйкестік қағидасы;

- оқушылардың жасы мен типологиялық ерекшеліктерін есепке алу қағидасы.

Мұғалімнің басшылық рөлі кезіндегі саналылық, белсенділік, дербестілік қағидалары. А.Н. Леонтьев осы қағиданы сипаттағанда: «... нағыз орталық, нағыз жетекші қағида: саналылық қағидасы» деп нақтылаған [6].

Саналылық қағидасы – бұл мағыналық түсінуді қамтамасыз етуге, білімді тәжірибеде өздігінен пайдалануға икемдеуге көмектесетін қағида. Инклузивтік білім беруді жүзеге асырғандағы саналылық, белсенділік және дербестілік қағидасын практикада жүзеге асыру төмендегілерді:

- балаларда позитивтік, әлеуметтік-бағытталған оқу мотивациясын қалыптастыруды;

- сабактарды, сабактан тыс және сыныптан тыс шараларды балалардың әрекетінің интербелсенді формасын пайдалану арқылы ұйымдастыруды;

- әрбір баланың шығармашылық мүмкіндігін ашуға; оның өзінің ойын білдіруге; сынып, мектеп өміріне қатысу қажеттілігін жүзеге асыруға бағытталған сыныптан тыс жұмысты ұйымдастыруды қарастырады.

Жүйелілік және дәйектілік қағидасы. Жүйелілік қағидасы материалды шоғырландыра менгеруді білдіреді. Жүйелілік материалды беруді ұйымдастыруда және оны беру дәйектілігінен («женілден күрделіге қарай») байқалады және оқудың қолжетімділігін және күшіне сәйкес болуын қамтамасыз етеді.

Көрнекілілік қағидасы. Көрнекілік жеке заттар мен құбылыстар туралы көріністерді құруға көмектеседі. Көрнекі құралдар түсініктің пайда болуына көмектеседі, ал ойлау бұл көріністерді түсінікке айналдырады. «Алтын ереженің» терең мағынасы: көзben көруге болатын нәрсені – көрсету, естуге болатын нәрсені – есіту, дәмін сезуге болатын нәрсені – сездіру, ұстап көруге болатын нәрсені – ұстауға беруге негізделеді. Мұндайда бес сезім мүшелерінің ішінде ақпараттылығы басымы, адамға барлық ақпараттың 80%-ын жеткізетін көру қабілеті екенін есте сақтау қажет. Бұған «мың рет естігенше, бір рет көрген артық» деген мақал да дәлел бола алады.

Көрнекіліктің көмегімен оқушылардың сөйлеу белсенділігін дамытатын, шыныайы өмірлік жағдайлардағы практикалық әрекеттерге дайындауға көмектесетін оқу жағдайлары құрылады. Көрнекілік қағидасы лингвистикалық (мәнмәтін, таныс сөздері бар тілдегі жаңа сөздерді түсіндіру, синонимдер мен антонимдерді тандау, мұғалімнің сөйлеу тілі және т.б.) және экстралингвистикалық құралдардың (бейнелеу құралдары, ым, ишарат, қимылдар, заттарды көрсету, қоршаған шыныайылық құбылыстарын бақылау және т.б.) көмегімен жүзеге асырылады. Оқу жұмысын ұйымдастырған кезде көру көрнекілігін ғана емес, сонымен бірге есту және басқа да (сондай-ақ қимылдық) сезім мүшелерін пайдаланған дұрыс.

Сабакта көрнекі құралдарды пайдаланған кезде төмендегілерді орындау қажет:

- оқу міндетін шешу үшін көрнекіліктің қандай да бір түрін пайдаланудың болатынын ескеру;

- берілген құралдардың оқушылар үшін түсінікті болатынын ескеру;

- берілген оқу процесіндегі көрнекі құралдардың атқарымын ескеру: көрнекі құралдарды оқушыда оқытылатын зат, құбылыс немесе оқиға туралы нақты түсінік туғызу үшін пайдалануға болады ма; көрнекі құралдарды олармен қандай да бір әрекет жасау үшін пайдалануға болады ма; көрнекі құралдарды дерексіз түсініктердің көрнекі тірекі ретінде пайдалануға болады ма;

- оқушылардың жасы мен жеке ерекшеліктерін білу: көрнекі материал ашық түсті және қызықты болуға тиісті, алайда көрнекілік көп болмауы керек, себебі «ерекше балалардың» қабылдауы мен зейінінің төмен деңгейі әрбір көрнекілікті мұқият зерттеуге мүмкіндік бермейді;

- танылатын нысан туралы оқушылардың білім деңгейін ескеру: көрнекі құралдардың балаларға түсініктілерін және тақырып оқылатын көлемде ғана пайдалану керек;

- көрнекі құрал суреттерді немесе заттарды енжар қарауға емес, оларды тануына көмектесуге міндетті [7].

Қолжетімділік пен қүшіне сәйкестілік қагидасы: оқушылардың мүмкіндіктеріне барабар және білім алу қажеттіліктеріне сәйкес педагогикалық технологияларды, әдістерді, тәсілдерді, оқу жұмысын ұйымдастыру формасын қолдану; оқушылардың оқудағы жетістіктерін, оқу және оқудан тыс әрекеттерінің өнімдерін бағалауда олардың мүмкіндіктеріне барабар тәсілдерді пайдалану.

Оқушылардың жас және типологиялық ерекшеліктерін ескеру қагидасы оқытуды дараландыруды, яғни оқытудың әдістерін, тәсілдерін, қарқынын тандағанда оқушылардың айырмашылықтарын, олардың оқуға деген қабілетінің даму деңгейін есепке алуды білдіреді. Берілген процесті жүзеге асыру төмендегілерді талап етеді:

- ЕБҚ бар баланың менгеруіне берілетін оқу материалының мазмұнын бейімдеу және түрлендіру;

- қажетті оқу және дидактикалық материалдардың және т.б. барын бейімдеу немесе жаңадан әзірлеу [5].

Қазақстандық білім беру мен ғылым жүйесін жаңғыртудың заманауи кезеңі әрбір адамның сапалы мектепке дейінгі тәрбие мен мектептегі білімге қолжетімділігін, колледж бен университетте жаңа кәсіби дағыларды иелену, зерттеу және шығармашылық құзыреттерін дамыту, өмір бойы білім алу мүмкіндіктерін көздейді.

Балаларды инклузивті ортада оқытуды ұйымдастыру процесінде жалпы білім беруді дамытудағы бүгінгі күнге қалыптасқан екі аспекттің ұстану керек.

Бірінші аспект, ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларға (ақыл-ой кемістігі бар балалардан басқасына) білімін жалғастыруға және мамандық алуға тең құқықтарын қамтамасыз ететін, ҚР мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының (бұдан әрі – МЖМБС) талаптарына сәйкес мектеп білімін беруде базалық білім беру талаптарының бірлігін сактауға байланысты [8].

Екінші аспект, аталған санаттағы балалардың әлеуетті мүмкіндіктерін дамыту үшін ерекше білім беруге жағдай жасау қажеттігін, олардың

жеке-типологиялық ерекшеліктерін ескеру қажеттігін, сонымен қатар оқыту мен тәрбиелеудің сапасына әсер ететін әлеуметтік-мәдени факторларды ескеру керектігін білдіреді.

Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды оқытудағы жалпы білім берумен қатар түпкілікті мақсат – әлеуметтендіру және өзін-өзі іске асыруы, тез өзгеретін әлемде өмір сұруге үйрету, өмір бойы оқу [9].

«Жалпыға арналған» білім беру парадигмасының құрамдас бөлігі болып табылатын инклузивті білім беру барлық балалардың жалпы білім беретін мектепке бару және зияткерлік немесе физикалық қабілеттеріне, мәдени, әлеуметтік, этникалық, нәсілдік, діни тиесілігіне қарамастан, қатарластарымен бірлесіп оқу мүмкіндіктерінің теңдігін көздейтін тәсілді білдіреді [10].

Орта білім беру мазмұнын жаңарту тұғырлары, МЖМБС мазмұны мен құрылымы, жалпы білім беретін мектептерге арналған оқу бағдарламалары, сондай-ақ критериалды бағалау жүйесін енгізу – осының барлығы қоғам үшін маңызды концептуалдық міндеттердің шешімдерін іздестіру болып табылады. МЖМБС тармақтарының бірінде білім беру мазмұнына қойылатын талаптарда: «білім беру білім берудің барлық деңгейлеріне ортақ болып табылатын және білім алушы тұлғасының мінез-құлқы мен қызметтің ынталандыратын өмірлік тұрақты бағдарлары болуға арналған білім алушылардың бойында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған» деп атап көрсетіледі [11].

Бұл мұғалімдерге заманауи әлемнің жетістіктері мен шақыртуларына объективті түрде қарау керектігін және шын мәнінде жаңа білім парадигмасын құру қажеттілігін түсінуге көмектеседі. Сонымен қатар тағы бір тармақта негізгі құндылықтар: қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік, құрмет, ынтымақтастық, еңбек пен шығармашылық, ашықтық көрсетіледі.

Қазіргі балаларды оқыту кезінде ерте жастан бастап өмір бойы білім алу үшін қажетті жаһандық дағдылар мен ынталарды қалыптастыру өте маңызды. Осыған байланысты білім берудің мақсаты білім алушылардың үйлесімді қалыптасуы мен дамуына қолайлы, кең ауқымдағы дағдыларға ие білім беру кеңістігін құру болып табылады [12].

Жаңартылған оқу бағдарламаларының мазмұндық ерекшеліктері:

- пән мазмұнын жобалау кезіндегі «шиыршық» принципі, яғни білім мен біліктерді тігінен, сондай-ақ көлденеңінен біртіндеп кеңейту (дағдыларды тақырыптар және сыныптар бойынша курделендіру);

- пәндейк операциялардың ең маңызды түрлері бойынша жіктелетін және таным заңдылығына негізделген оқу мақсаттарының Блум таксономиясы бойынша иерархиясы;

- білім беру деңгейлері бойынша және бүкіл оқыту курсы бойында педагогикалық мақсаттарды тұжырымдау, бұл пәнішілік байланыстарды барынша ескеруге мүмкіндік береді;

- білім саласы ішіндегі пәндердің арасындағы байланыстарды, сондай-ақ пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру үшін ортақ тақырыптардың болуы;

- бөлімдер мен ұсынылған тақырыптар мазмұнының уақыт талабына сәйкес болуы, әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға баса назар аудару;

- оқу процесін ұзак мерзімді, орта мерзімді, қысқа мерзімді жоспарлар түрінде технологияландырылуы болып табылады.

Жаңартылған оқу бағдарламаларының икемділігі мен жан-жақтылығы оның маңызды сипаттамасы болып табылады. Тиісті тоқсанның аясында тараулар мен тақырыптарды игеруге бөлінетін сағат санын анықтау мұғалімдердің еркіне қалдырылған. Жаңартылған білім мазмұнын жүзеге асыру аясында сабакты жоспарлауда оқытудың жаңа тәсілдерін қолдану ұсынылады. Яғни, озық тәжірибелерді, оқыту мен окудағы, бағалау жүйесіндегі жаңа технологиялар мен әдістерді енгізу, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізудің тиімді жолдарын күшету, оқытудағы әртүрлі сандық білім беру ресурстарын, мектепаралық желілік өзара іс-қымылды, мектепаралық оқу жоспарлары мен бағдарламаларын, «мұғалімдермен алмасуды», мектептегі пәндер бойынша оқытуда жаңа технологияларды қолданудың шеберлік сабактарын пайдалануды көнекітү қажет.

Жаңа оқу бағдарламаларының тағы бір ерекшелігі – олардың пәндік білім мен дағдыларды ғана емес, сондай-ақ кең ауқымды дағдыларды қалыптастыруға бағытталуы. Оқу мақсаттарының жүйесі келесі кең ауқымды дағдыларды дамытудың негізі болып табылады: функционалдық және шығармашылық түрінде білімдерін қолдану, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, қарым-қатынастың әртүрлерін қолдану, жеке және топта жұмыс істей алу, мәселелерді шешу және шешімдер қабылдау [13].

Бұл дағдылар жалпыадамзаттық және этномәдени құндылықтарға негізделе отырып, оқушыларға окудағы, сондай-ақ өмірдегі проблемаларды шешуіне мүмкіндік береді. Жаңартылған білім мазмұны жағдайындағы мектептің ерекшелігі – оқудағы жетістіктер нәтижелі сипатқа ие, ал оқу процесі оқушылардың әрбір сабакта білімді «табудағы» белсенді қызметімен сипатталады.

Бұл жағдайларда оқушы – таным субъектісі, ал мұғалім оқушылардың танымдық әрекетінің ұйымдастырушысы қызметін атқарады. Әрбір оқушыны жасына да, мүмкіндігіне де қарамастан тұлға ретінде қабылдауға қол жеткізуге ұмтылу қажет. Оқыту мақсаты оқушы және мұғалім үшін ортақ болады, міне, білім мазмұнын жаңартудың педагогикалық аспектісінің мәні осында болып отыр. Бұған қол жеткізуде әрбір мұғалім өзінен бастайды, ол жаңарту процесінің әлеуметтік аспектілерін көрсетеді. Мұғалім педагогикалық ойлау немікүрайлығын женуі тиіс және оқушымен бірге өзі де оқуы тиіс [14, 31 б.].

Білім мазмұнын жаңарту шенберінде мектепте: энциклопедиялық сипаттағы фактологиялық материалды беруге бағытталған оқытудан нақты ақпарат алу тәсілдемелерін үйретуге ауыстыру; ынтымақтастыққа және дербестікке қабілетті тұлғаны әлеуметтендіру; ақпаратты өздігінен алу, талдау және тиімді қолдану дағдысын қалыптастыру; оқу бағдарламаларында

көрсетілген білім мазмұны анықталатын және білім салалары бойынша әрі қызмет аспектілерін көрсететін күтілетін нәтижелерге көңіл аударатын оқу процесін дәстүрлі ұйымдастырудан бас тарту көзделеді, яғни оқушылар «біледі», «түсінеді», «қолданады», «талдайды», «жинақтайды», «бағалайды» [14, 31 б.].

Оқытудың күтілетін нәтижелері оқытудың ұзақ мерзімді және орта мерзімді мақсаттары жүйесін құра отырып, әрбір білім бойынша нақты оқу пәнін оқыту мақсатында нақтыланады. Оқу бағдарламаларына қоса берілетін пәндер бойынша оқу жоспарлары ұсынымдық сипатта болады, демек, мұғалімнің алдында сыныптағы барлық білім алушылардың қажеттіліктерін ескере отырып, оқу мақсаттарын іске асыру үшін барлық мүмкіндіктер ашық екендігін көрсетеді.

Ұзақ мерзімді, орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлар арасында өте тығыз өзара байланыс бар, өйткені жоспарлаудың жалпы мақсаттары келесіден тұрады [15, 12 б.]:

- жұмыс кезеңдерінің дәйекті, тізбектеліп ұйымдастырылуы;
- оқыту тәжірибесіне жеті модульді ықпалдастыру;
- әрбір сабак үшін оқу мақсаттарын белгілеу;
- оқу нәтижелерін өлшеу әдістемесін анықтау;
- осы нәтижелерге қол жеткізу мақсатында жоспарланған оқыту мен оқу жаттығуларын көрсету;
- оқудың әрбір кезеңінің басынан бастап соңына дейін алға ілгерілеудің болуын қамтамасыз ету;
- барлық оқушыларды қамтуға бағытталған стратегиялық жоспарлау.

Білім беру мазмұнын жаңарту педагогтан сыныптағы іс-әрекетті ұйымдастыруды талап етеді, ол іс-әрекет технологияларын енгізу, балаларға адамгершілік принципін жүзеге асыру арқылы әрбір оқушының өміріне жеке қабілеттері мен шығармашылық қарым-қатынасын дамытуды қамтамасыз етеді.

Жаңартылған білім беру мазмұнының бағдарламаларының тағы бір артықшылығы «Оқу процесін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдемелері» бөлімін қосу болып табылады, онда мұғалімге оқу мақсаттарына табысты қол жеткізу үшін түрлі әдістерді, технологиялар мен стратегияларды пайдалану бойынша ұсыныстар ұсынылады. Олардың негізгілеріне тоқталайық:

- 1) стратегиялар: өзін-өзі басқару, эксперименттік, сынни, коммуникативтік, контекстік;
- 2) технологиялар: шағын топтарда (командада) жұмыс істеу, кейс-стади (нақты жағдайларды талдау), рөлдік және іскерлік ойындар, модульдік оқыту;
- 3) әдістер: проблемалық оқыту, жеке оқыту, пәнаралық оқыту, тәжірибе негізінде оқыту, жобалық әдіс.

Педагогқа оқытуда педагогикалық міндеттерді шешуге, жетілдіруге, өзіндік, тұлғалық, кәсіби қасиеттеріне және ұмтылуға қажетті стереотиптерді жену болып табылады.

Мектепте оқыту процесінің тиімділігінің қажетті шарты, кез келген саналы және мақсатты іс-әрекет секілді, егер ол күрделі және ұзак болса, онда оны жоспарлау қажет болып табылады. Ол белгіленген мерзімде орындалатын алдағы тапсырмалардың тізбесін, осы тапсырмаларды орындаушылардың іске асыру әдістері мен құралдарын, алынған нәтижелерді бақылау және бағалау тәсілдерін көздейтін іс-әрекет жобасы негізінде процес пен қызметтің нәтижесінің негізdemесінен тұрады.

Жоспарлау – бұл нақты және шынайы мақсаттарды қою және мүмкіндіктерді (жеке, ол тәуелді адамдарға) және объективті жағдайларды ескере отырып, оны жүзеге асыру қадамдарын анықтау. Объективті жағдайлар немесе мүмкіндіктер өзгерген кезде жоспарды түзету жүргізіледі [16, 5 б.].

Оку процесін сарапауды орта мерзімді жоспарлаудан бастау ұсынылады, онда мұғалімдер тобы немесе оку бағдарламасын сабактардың дәйекті сериясына құрылымдайтын мұғалім жеке жүзеге асыра алады.

Орта мерзімді жоспарлау ұзак мерзімді жоспарда айқындалған бағдарларды нақтылайды және неғұрлым қысқа кезенде жүзеге асырылады. Орта мерзімді жоспарларда белгіленген кезенге арналған негізгі міндеттерді тұжырымдайды, әр тоқсан немесе бөлімге арналған оку тақырыбын көрсетеді. Әрбір мұғалім өз қалауы бойынша сынып жетістіктерінің жалпы деңгейіне, сондай-ақ жекелеген білім алушылардың жеке мүмкіндіктері мен ерекше қажеттіліктеріне сүйене отырып, бөлімдердің ішінде сағаттардың бөлінуін өзгерте алады.

Сонымен қатар орта мерзімді жоспарларда оқытудың мақсаттары мен тәсілдемелерін тірек ете отырып, мұғалімдер үшін тақырыптар мен бөлімдер бойынша сабактар өткізу, сабактарда оқушыларды ұйымдастыру бойынша ұсыныстар, сондай-ақ білім алушылардың ерекше қажеттіліктерін ескере отырып толықтыруға болатын ресурстар (интернет, мәтіндер, жаттығулар, бейне және аудиоматериалдар және т.б.) беріледі.

Қысқа мерзімді жоспарлау орта мерзімді жоспарларда айқындалған мақсаттарға қол жеткізу үшін қажетті ресурстарды пайдаланудың нақты тәсілдерін қамтиды. Инклузивті ортада қысқа мерзімді жоспарды немесе сабак жоспарын мұғалім сынып оқушыларының ерекше білім алу қажеттіліктерін және олардың жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, мектепті психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің ұсынышары негізінде жасайды.

Білім парадигмасынан құзыреттілік парадигмасына көшу мазмұннан мақсатты тұжырымдауға акцент түсіреді. Осыған байланысты күтілетін оку нәтижелері іске асырылған мақсаттар болып табылады. Жаңартылған оку бағдарламаларында күтілетін нәтижелер оқытудың қысқа мерзімді мақсаттарының көп деңгейлі жүйесін құрайды [12].

Білім беру мазмұнын жаңарту аясында оку процесі оқушылардың белсенді қызметімен сипатталады. Бұл жағдайда мұғалім білім алушылардың танымдық қызметін ұйымдастырушы болып табылады. Жаңа стандарттар құзыреттілік тәсілге негізделгендейтін, тиісінше, оку бағдарламалары міндетті менгеруге

жататын материалдың белгілі бір көлемінен емес, күтілетін нәтижеден құрылған. Өз кезегінде бұл оқушының қабылдауының өзгеруіне, оқытудағы авторитарлықтан ынтымақтастыққа көшуге мүмкіндік береді. Бұл өз алдына ЕБҚ бар балалар үшін өте маңызды.

Педагогтың маңызды құзыреттіліктерінің бірі – инклузивті тәжірибелі білуі, білім беру процесін, оку пәндерінің мазмұнын балалардың мүмкіндіктеріне қарамастан тен дәрежеде жобалай және бейімдеу білуі. Бұл бағдарламалық материалдың сапасын және оны игеру қолжетімділігін қамтамасыз етеді.

Инклузивті практиканы дамыту жолына түсken білім беру үйымының негізгі мақсаты – ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар оқушылар мен олардың қатарластарының дамуы мен әлеуметтік бейімделуі үшін арнайы жағдайлар жасау. Бұл ретте инклузивті практиканы іске асыратын мұғалім қызметінің мақсаты әрбір баланың оң потенциалын дамыту үшін оңтайлы жағдай жасау болып табылады.

Осыған байланысты мектеп жұмысының маңызды бағыты барлық балаларды әртүрлі деңгейдегі оқыту міндеттерін шешу үшін оку бағдарламаларын бейімдеу және оларды іске асыру үшін жағдай жасау болып табылады [12].

Білім және кәсіби даярлау басқармасы директорының міндетін атқарушы және Білім беру саясаты бойынша ЭҮДҰ Bas хатшысының арнайы кеңесшісі Адреаса Шлейхердің сөзі бойынша «... жаһандану мен жаңғыруға байланысты әлем жылдам өзгеруде, мұның адамдар мен қоғам үшін орасан зор проблемалары бар. Мектептер оқушыларды бейбіт өмірде өмір сүрге және жұмыс істей білуге дайындаулары керек, осыған байланысты көптеген адамдарға әртүрлі мәдени санаттағы адамдармен ынтымақтастық жасауы, әлемдегі түрлі идеяларды, перспективаларды және құндылықтарды назарға алғып қабылдауы қажет, себебі әртүрліліктің болуына қарамастан адамдарға калай сену және ынтымақтастық жасау керек екендігін шешуі тиіс, осыған байланысты ұлттық шекаралардың шегінен шығатын сұрақтарға қатысты олардың өмір сүруі байланысты болатын әлемде, технологиялардың көмегімен кеңістіктерді және уақытты женуі тиіс. XXI ғасырдың мектептері оқушыларға ұлттық және жаһандық плюрализмнің шынайылығын түсіне отырып, дербестілік пен өзіндік ерекшелікті дамытуға көмектеседі, оларды басқа өмірге қосыла алуға, жұмыс істей білуге және азаматтық көзқарасының болуына дайындауды» [17].

Бұл Қазақстанда білім беру бағдарламаларын өзгерту қажеттілігін атап көрсетеді және жинақтайды. Технология, коммуникация және ғылым секілді салалардағы айрықша өзгерістер, әлемдік экономикаға барынша терең ықпал етеді, сәйкесінше XXI ғасырда табысты болу үшін азаматтар менгерулері тиіс білімдер мен дағдыларға да әсер етеді. Қарқынды жаһандану ұлттық идеяларға әсер етті және қазіргі уақытта экономикалық өсімді қамтамасыз ету бойынша халықаралық бәсекелестік өсті. Жаһандану тек жұмыс орындарының санына

ғана ықпалын тигізіп отырған жоқ, қолжетімді жұмысқа да әсер етті, тиісінше, жұмысқа алу үшін қажетті білім мен дағдыға деген сұраныс та күшейді. Білім беру жүйесін жаңғыртуға арналған осы экономикалық аргументтерді толықтыру үшін жиырма бірінші ғасырдағы білім беру реформаларына арналған басқа да негіздер бар, атап айтқанда:

- коммуникабельділіктің артуы;
- әлеуметтік өзгерістер;
- климаттың өзгеруіне байланысты проблемалар;
- барлық әлемде халықтың қарқынды өсуі және бүгінгі күні заманауи әлеммен және шынайы жағдайда ертеңгі әлеммен табысты өзара іс-әрекет жасай алатын мектептегі өскелең ұрпаққа бұрынғы емес, басқа дағдылар талап етілетін шектеулі ресурстарға деген сұраныстың өсуі.

Білім беру еліміздің бәсекелестікке табысты қатысуын және жаһандық өзгерістерді қабылдаудың қамтамасыз ететін жалғыз ұзақмерзімді стратегия болып табылады.

Барлық әлемде өздерінің өскелең ұрпақтарына қандай білімді ұсыну керек екені тұрғысынан білім беру жүйесі қайта қарастырылды немесе қазіргі уақытта қарастырылу үстінде. Осыған байланысты «XXI ғасырда табысты болу үшін балаларды шынымен неге оқытуымыз керек, қандай білім беруіміз керек?» және «оқытудағы анағұрлым тиімді әдістер қандай?» деген заңды негізгі сұрақтар туындаиды. Бұл сұрақтар оқу бағдарламаларымен және оқу бағдарламаларын іске асыру кезінде пайдаланылатын әдістермен тығыз байланысты.

Қазақстанда ұлттық контекст үшін түрлендіруге болатын жоғарыда баяндалған жаһандық өзгерістерге жауап беретін тиісті жұмыстар атқарылды. Оқу бағдарламаларының ұлттық стандарттармен, бағалаумен, оқулықтар және педагогикамен байланысты негізгі білім беру құндылықтары мен мақсаттары мектеп оқушыларының жалпы деңгейі жетістіктерін арттыруды, сондай-ақ инновациялар мен алдыңғы қатарлы тәжірибелер үшін қажетті дағдыларды дамытуды, мектеп бағдарламасы арқылы ұлттық сәйкестікті растауды және іске асыруды және барынша кең халықаралық тәжірибелердің өзара іс-қимылын көрсетеді. Жаңартылған білім беру бағдарламаларын және критериалды бағалауды енгізу аталған мәселелерді шешу үшін қабылданатын әрекеттердің бірі болып табылады.

Білім беру жүйесін жаңғырту шеңберінде мемлекет бірқатар бағдарламалық мақсаттарды белгіледі, оның ішінде – білім беру процесінің барлық қатысушыларының үздік білім беру ресурстары мен технологияларына тең қол жеткізуін қамтамасыз ету.

Алға қойған мақсаттарға жету үшін міндеттер анықталған, атап айтқанда:

- білім беру жүйесін жоғары білікті кадрлармен қамтамасыз ету;
- мектепте инклюзивті білім беру жүйесін жетілдіру;
- баршаға арналған білім, өмір бойына білім алу үшін жағдайлар жасау.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан – 2050 стратегиясында «Біріншіден, барлық дамыған елдерде өздерінің бірегей жоғары сапалы білім беру жүйесі бар. Біз ұлттық білім беру жүйеміздің сапасын жақсарту жолында көп жұмыстар атқардық. Біздің болжауымызша, 2020 жылға қарай Қазақстанда 3-6 жастағы барлық балалар мектепке дейінгі білім берумен қамтамасыз етілетін болады. Тиісінше, бұл балаларды заманауи білім беру әдістемелерімен және жоғары білікті кадрлармен қамтамасыз ету маңызды. Негізгі мектеп үшін барлық мектептерді Назарбаев Зияткерлік мектептерінің деңгейіне жеткізу үшін оқытудың стандарттарын жақсарту керек. Жоғары сынып оқушылары қазақ, орыс және ағылшын тілдерін менгерулері тиіс. Оқыту нәтижелері сын тұрғысынан ойлау дағдыларын, өз бетінше зерттеу және ақпаратты терең талдауды менгерулері тиіс» деп атап көрсетті [18].

Осыған орай, жаңартылған мазмұндағы ұлгілік оқу бағдарламаларының ерекшеліктері:

- құндылықта бағдарланған оқыту;
- оқу мақсаттары арқылы қүтілетін нәтижеге бағдарлану;
- спиральді принцип бойынша оқу мақсаттарын құру;
- практикаға бағытталуы және өмірмен байланыс;
- пәнаралық және пәннішілік интеграция;
- үш тілде білім беру;
- критериалды бағалау жүйесі;
- белсенді оқытудың әдістері мен тәсілдерін қолдану.

Қазіргі заманғы мектептің мақсаты білім алушылардың бойында білім жүйесі мен әлемді тұтас тануды, өмір бойына білім алуға дайын болуды, өзін-өзі дамыту мен өзін-өзі тәрбиелеуді, жеке және шығармашылық қабілеттерін дамытуды, әлеуметтену мен рухани-адамгершілік тәрбиені, Отанға деген сүйспеншілікті қалыптастыру болып табылады.

Мақсатқа сәйкес орта білім берудің барлық деңгейлерінің міндеттері кеңейтілген (кесте 1).

Кесте 1 – Орта білім беру деңгейлерінің міндеттері

Бастауыш мектеп	- пәндік салалар бойынша бастапқы білім; - зерттеу қызметінің бастапқы дағдылары; - қоршаған әлемді тұтас ғылыми тануды қалыптастыруға арналған алғышарттар;	Сыни және	Үш тілді	Әлеуметтік

1 – Кестенің жалғасы

Негізгі мектеп	- оқу дербестігі; - қарым-қатынас дағдылары және ынтымақтастық; - базалық білімді аяқтау; - әлемді ғылыми тану негіздерін қалыптастыру; - бейіналды оқыту;	шығармашылық ойлауды кальптастыру		дағдыларды менгеру
Жоғары мектеп	- бейіндік оқыту; - ЖОО-да оқуға дайындау; - одан арғы өмірлік жолдарын айқындау		менгеру	

Инклюзивті жағдайда іске асыру бойынша жаңартылған мазмұнның оқу бағдарламаларының ресурстық мүмкіндіктері

Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды оқытуға арналған жаңартылған білім беру бағдарламаларын іске асыруда олардың мынадай ерекшеліктері үлкен тірек болады:

1. Пән мазмұнын жоспарлау кезіндегі спиральді принцип. ЕБҚ бар балаларды оқыту үшін бұл принцип өте өзекті, өйткені ол арнайы білім берудің негізіне салынған (шоғырландырып оқыту принципі: шоғырландыру – бағдарламаның бір тарауын әртүрлі оқу кезеңдерінде оқуды жобалайды, бірақ әртүрлі көлемде, әртүрлі тереңдегу мен күрделілік дәрежесінде,). Тақырыптар оқу жылы ішінде қайта қаралады, олардың күрделілік деңгейі біртіндеп артады, бұл материалды тереңірек зерттеуге мүмкіндік береді;

2. Таным заңдылықтарына негізделген және пәндік операциялардың ең маңызды түрлері бойынша жіктелетін Блум таксономиясы бойынша оқу мақсаттарының иерархиясы. Мұғалім оқушының мүмкіндігін біле отырып, таксономия бойынша оның деңгейін анықтайды және келесі кезеңге жеткізуге ұмтылады. Мысалы, психикалық даму бөгелісі бар оқушыларға арналған жоғары деңгей – бұл талдау элементі, женіл ақыл-ой кемтарлығы бар оқушылар үшін – түсіну және қолдану деңгейінде;

3. Бір білім беру саласы ішіндегі пәндер арасындағы, сонымен қатар пәнаралық байланыстарды іске асыру кезіндегі «ортақ тақырыптардың» болуы. ЕБҚ бар оқушылар үшін бұл кезең өте өзекті, өйткені оқушылар бір тақырыпқа шоғырланады және егер бір сабакта бір нәрсені түсінбей қалса, онда оны келесі сабакта орындауға болады. Бірте-бірте сөздік қор бекітіледі және жандандырылады. Әртүрлі нұсқаларды көп рет қайталау принципі жұмыс істейді;

4. Ұзақмерзімді, ортамерзімді және қысқамерзімді жоспарларды пайдалану арқылы оқу процесін ұйымдастыру. ЕБҚ бар оқушылар үшін мұғалімге оның

психофизикалық мүмкіндіктерін үш рет қайта қаруға, жоспардағы жеке маршрутты іске асыруға мүмкіндік береді;

5. Оқытудың тәрбиелік әлеуетін арттыру, білім алушылардың адамгершілік-рухани қасиеттерін қалыптастыру. ЕБҚ бар оқушы үшін тәрбие мен даму үздіксіз болып табылады;

6. Білім деңгейлері бойынша және барлық оқу курсы бойынша педагогикалық мақсатты тұжырымдау, бұл барынша пәнішілік байланысты есепке алуға мүмкіндік береді. ЕБҚ бар оқушы үшін баланың ілгерлеу динамикасын қадағалауға мүмкіндік береді;

7. Уақыт талабына қарай мазмұнның және ұсынылған тақырыптардың сәйкестігі, әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға мән беру. ЕБҚ бар оқушы үшін әлеуметтену олардың оқуы мен дамуы үшін негізгі жағдай болып табылады;

8. Оқытудағы жүйелі-әрекеттік тәсіл (оқушыны таным процесіне белсенді қосу). Бұл ЕБҚ бар баланы барынша топтық жұмысқа қосуды көздейді, бірлескен әрекеттің барысында өзінің жас ерекшелігі тобының деңгейінде ол құрдасынан оған түсінікті тілмен қажетті нұсқауларды ала алады;

9. Коммуникативті құзыреттілікке бағыттылық (тындалым, айтылым, оқылым және жазылым). Оқу мақсаттары бойынша бағдарлама құрастыру – бұл тындалым, айтылым (бұрын болмаған және ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар балалар үшін өте өзекті), оқылым мен жазылым, негізгі тілдік дағдыларды қамтиды, дәйекті және тиімді түрде негізгі мақсаттарға қол жеткізуге алып келеді: белсенді оқыту стратегияларын дұрыс пайдалану арқылы мектеп оқушыларын коммуникативтік құзыреттілікке алып келеді, яғни әртүрлі максаттар, түрлі контекст және әртүрлі аудитория үшін тілді пайдалану, сөздік қорға және басқа да шектеулерге қарамастан коммуникацияны пайдалана білу;

10. Саралап оқыту процесінде барлық балаларды оқытуға мүмкіндік береді. Әрбір білім алушы үшін оқу мақсаттарына жетудің мүмкіндіктері бар. Үлгерімі төмен оқушылар болмайды, қындықтар оқытудың спиральді үлгісі негізінде шешілетін болады, осыған сәйкес көп нарсе сөзсіз мұғалімнің құзыреттілігіне байланысты болады. Жаңа бағдарламалардың негізіндегі саралау мен пәнаралық байланыс инклузивті білім берудің өзекті мәселелерін шешуге мүмкіндік береді.

Қазіргі заманғы психологиялық-педагогикалық тенденцияларға сәйкес саралап оқыту білім процесінің гуманистік бағдарлану принципіне негізделген тұлғалық-бағдарлану тәсілінің идеяларын көрсететін өнімді педагогикалық технологиялардың бірі болып табылады.

Осылайша, КР орта білім беру мазмұнын жаңарту аясындағы барлық енгізілген өзгерістер арнайы әрі инклузивті білім беру аясында оқыту мен тәрбиелеуде ерекше қажеттіліктері бар балаларда коммуникативті және әлеуметтік құзыреттіліктерді қалыптастыруға ықпал етеді. Яғни тұғырнама дайын, енді тек арнайы мектептер мен инклузивті практика педагогтарының

кесіби құзыреттілігі, балаларды түзеу мен дамыту бойынша әзірленген арнайы әдістемені оқу процесіне енгізу үшін жаңартудың тиімділігін дәлелдеу қажет.

*ЕБҚ бар білім алушылардың жеке білім беру бағдарламаларын
әзірлеу және жүзеге асыру үшін ҚР орта білім беру мазмұнын
жаңарту мүмкіндіктепері*

Жеке бағдарламаларды жоспарлаудың маңызды шарты білім мазмұнын жаңарту принципі тұрғысындағы тәсіл болып табылады. Осылан сәйкес, білім көлемі емес, оқу мақсаттары ретіндегі оқу дағдылары маңызды болып табылатын білім беру парадигмасының өзгеруін түсіну қажет. Дағдыларды дамыту ЕБҚ бар балаларға арналған жеке оқу бағдарламасының негізі болып табылады. Атап айтқанда, ЕБҚ бар балаларға сенімділікке, еркінділікке, танымдылық белсендерлігіне ие болуға мүмкіндік беретін жетістіктер деңгейін анықтайдын білім көлемі емес, ең бастысы, қоғамға бейімделу дағдылары маңызды. Оқушының назарын пәннің мазмұнынан тану процесі мен жаңаны түсінуге көшіре отырып, мұғалім осылайша баланың өзін-өзі дамытуын жандандырады.

Аталған тәсіл тек ЕБҚ бар балалар үшін ғана емес, барлық балалар үшін әділетті тәсіл. Ұйымдастыру қызметінің негізінде «оқуға үйрену» басты проблемасы шешілуде. Ең бастысы, оқыту процесінде балалар мына сұрақтар бойынша ойлануы керек: «Мен әлемді қалай танимын?», «Қалай жақсы оқу керек?», «Мен әлем туралы өз түсінігімді қалай жеткіземін» [19].

Жеке бағдарламаны құрастыруды бастағанға дейін күтілетін нәтижелерді нақты анықтау қажет. Балалардың білім беру қажеттіліктерін түсіне отырып, әрбір пән бойынша оқыту процесінің нәтижесін анықтау үшін (күтілетін нәтижелер) қандай дағдылардың маңызды екенін атап көрсету қажет.

Білім алушылардың жеке тәсілі өз оқуларына белгіленген талаптарға сәйкес келетін болады және білім алушыларды өзінің білім алуды үшін жауапты болуға үйретеді. Күтілетін нәтижелерді дағдылардың бірнеше топтарына бөлуге болады және әрбір білім алушының білім беру қажеттіліктеріне байланысты болады. Инклузивті мәдениет деңсаулықтың бұзушылықтарына назарды шоғырландырудан емес, баланың қажеттілігінен басталатынын түсіну қажет. Білім беру бағдарламаларының мазмұнын қарастыра отырып, мұғалім осы күтілетін нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін, оқушының дағдыларын дамытуға ықпал ететін стратегияларды қолдануы қажет. Апта сайынғы сынып сағаттарында оқушыларды жеке дамыту рефлексиясы үшін белгілі бір уақыт бөлінуі тиіс. Осылан сәйкес, балаға өзінің оқу процесін талдауға көмек бере алатын рефлексияға арналған мынадай сұрақтарды қою маңызды.

Мысалы, оқушыларға мынадай сұрақтар қою керек: Сенің жұмысында қандай сәттер жақсы әсер қалдырыды? Саған жұмысында жақсы орындау үшін не көмектесті? Сенің жұмысында тағы нені пысықтау талап етіледі? Неге? Өз жұмысында қалай жақсартуға болады? Саған көмек керек пе?

Ал «Бұгін саған сабақта не үнады?» сұрағы оқушыны толық көлемде оқу дағдыларына бағыттамайды. Қателіктер жіберетінінен қорықпай талдау жасап (рефлексиялау) үйрену маңызды және өз жұмысының сапасын жақсарту туралы ойлауы қажет.

Төменде оқу дағдыларын бағалауды диагностика үшін пайдалануға болатын кесте-2 берілген. Мұғалім ЕБҚ бар балалардың қажеттіліктері бойынша дамытуы қажет дағдыларды атап көрсетіп, кестенің мазмұнын өзгертуі мүмкін.

Белгіленген кезең аяқталған соң немесе оқу тоқсанының соңында әрбір оқу пәнінің бөлінісінде оқу дағдылары бойынша аталған ақпарат ЕБҚ бар балалардың жеке бағдарламаларына түзетулер енгізуге көмектеседі. Кестенің сол жақ бөлігінде жалпы оқу дағдылары, кестенің ортасында дағдыларды бағалау критерийлері жазылған, он жағында АБВГ жетістіктерінің деңгейлері ұсынылған, осының көмегімен білім алушыларды диагностикалауға немесе бағалауға болады.

Кесте 2 – Жетістік дағдыларының деңгейін диагностикалау

Жалпы оқу дағдылары	Бағалау критерийлері	Жетістік деңгейлері			
		A	B	V	Г
	1 Жұмыс үшін материалдарды дайындау				
	2 Θз жұмысын ұйымдастыру				
	3 Уақытты бөлу				
	4 Оқыту процесіне қатысу				
	5 Тапсырмаларды орындау				
	6 Θз жұмысын таныстыру				
	8 Θз жұмысының таныстырылымы				
Бірлескен жұмыс	1 Басқаларды қабылдау				
	2 Басқаларға көмектесу				
	3 Қиындықтарды жеңу				
	4 Топтағы жұмыс				
Қарым- қатынас	1 Оқу				
	2 Бірлескен оқыту				
	3 Ақпараттық құралдарды пайдалану				
	4 Ақпараттарды алу				
	5 Басқаларды хабардар ету				
Ақпаратты пайдалану	1 Ақпаратқа қол жеткізу				
	2 Ақпаратты іріктеу және жүйелеу				
	3 Адалдық				

2 – Кестенің жалғасы

Рефлексия	1	Мәселелер бойынша өзін-өзі талдау			
	2	Идеялар мен жұмысты жетілдіру			
Ойлау дағдыларын дамыту	1	Бар білімді қолдану			
	2	Идеяларды дамыту			
	3	Идеяларды ұйымдастыру			
	4	Зерттеу			
	5	Проблемаларды қою			
Идеялар байланысы	1	Байланыстарды өткізу			
	2	Идеяларды біріктіру және бөлу			
	3	Мәдениетті бағалай білу			

Жетістік дағдылары деңгейлерін түсіндіру

A	Оқушы жаңа дағдыларды тез және жүйелі түрде менгереді және оны таныс әрі таныс емес жағдаяттарда табысты қолдана алады.
B	Оқушы жаңа дағдыларды менгереді. Оларды таныс жағдаяттарда табысты қолданады, кейде таныс емес жағдайларда қиналады.
V	Оқушы жаңа дағдыны қалыптастырады, бірақ оны өз бетінше қолдану кезінде қызындықтарға тап болады .
Г	Оқушы оқытуда табысқа жетуге арналған дағдыларды қалыптастыруда әлі күнге дейін ұлken қызындықтарға тап болып отыр .

Көптеген педагогтар пәндер бойынша білімге қарағанда оқу дағдылары маңызды дегенмен келіседі, бірақ әрбір мұғалімде іске асырылуы тиіс пәндік міндеттер бар.

ЕБҚ бар балаларды критериалды бағалау

«Критерий» – грек тілінен аударғанда «пайымдауға арналған құрал» дегенді білдірсе, ағылшын сөздігінде «стандарттар немесе принциптер» ретінде анықталған. Осыған сәйкес ағылшын тіліндегі «критериалды бағалау» тіркесі барынша айқын көрініс береді. Басқа сөзбен айтқанда, егер бағалау болса, онда критерий міндетті және ол белгіленген принциптер мен стандарттарға негізделген.

Бағалау екі жақты сипатқа ие, атап айтқанда ішкі және сыртқы байланыстар. Сыртқы байланыстарға адамды дамытуға тікелей әсер ететін салалар, ғылыми негізdemeler, сондай-ақ біздің баға мен бағалауды қалай түсінетініміз жатады.

Мысалы:

1. Егер біз ойлау дағдыларын дамытатын болсақ, ойлау процесінде ұйымдастырылған білім мен менталді ерекшеліктерді есепке алуды кіріктіру

мен сәйкестік принциптері орын алатын оқыту фокусында когнитивті процестер болады;

2. Егер біз іздеу және өз бетінше шешімдер қабылдау дағдыларын дамытатын болсақ, онда біздің оқыту фокусында оқу процесі кезінде қатысушылардың өздері нені оқытындарына және одан әрі дамыту бойынша шешімдер қабылдауға мүмкіндіктерді қарастыратын адамға орталықтандырылған тәсіл болады;

3. Егер біз коммуникативтік, ынтымақтастық және қарым-қатынасты орнату дағдыларын дамытатын болсақ, онда оқыту фокусында ұжымдық қызмет принциптерін сактауды және социумның барлық мүшелері арасында диалогты орнатуды қарастыратын әлеуметтік тәсіл болады;

4. Егер біз одан әрі әрбір оқушыда болуы керек қабілеттер мен біліктіктерді дамытатын болсақ, онда әртүрлілік принципін, әрі мүмкіндіктерін, оқу процесіне қатысушылардың стилін, не оқытындарына қол жеткізу принциптерін қарастыратын жеке тәсілге жүргінетін боламыз.

Бағалау мынадай *принциптерге* негізделуі тиіс:

- оқыту процесінің ажырамас бөлігі болып табылады;
- әртүрлі әдістерді пайдалану арқылы бағалайды;
- оқыту сапасы туралы ақпаратты құрайды;
- оқушыда өзін-өзі дүрыс бағалау қабілеті және оқу нәтижелерін үнемі жақсартып отыру құлшынысы қалыптасуы тиіс;
- оқытудың түпкі нәтижесіне бағытталған;
- әрбір оқушының кемшіліктерін емес, мүмкіндіктерін анықтайды;
- оқыту процесіне қатысушыларды оқуды, әрі оқытуды қалай өзгертуге болатыны жөнінде хабардар етеді;
- сындарлы кері байланыс арқылы мұғалімдер мен оқушылар арасындағы ынтымақтастыққа ықпал етеді;
- оқытудың мәнін айқындайды;
- оқу процесінің жетістіктері мен оңтайлануы туралы растайды.

Осылайша, критериалды бағалау – тиісті мақсаттар мен білім мазмұнына сәйкес келетін нақты белгіленген, ұжымдық негізде әзірленген оқушылардың оқу жетістіктеріне қатысты негізделген және оқушыларға, ата-аналар мен педагогтар үшін түсінікті болатын процесс.

Критериалды бағалаудың екі түрі бар: қалыптастыруышы және жиынтық. Жиынтық бағалау тарау / ортақ тақырыптар, тоқсан, білім беру деңгейі (оқу жылы) бойынша жиынтық бағалау болып бөлінеді.

Қалыптастыруышы бағалау – үздіксіз өткізілетін, оқушы мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз ететін бағалаудың түрі, балл және баға қоймау арқылы дер кезінде оқу процесіне түзетулер енгізуге мүмкіндік береді.

Қалыптастыруышы бағалау – үздіксіз өткізілетін, оқушы мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз ететін бағалаудың түрі, балл

және баға қоймау арқылы дер кезінде оқу процесіне түзетулер енгізуге мүмкіндік береді.

Қалыптастыруши бағалау принциpleri:

- оқыту және оқу бөлімі («оқуға арналған бағалау»);
- барлық оқу мақсаттарын қамту (әрбір пән және сыйып бойынша оқу бағдарламасы мен оқу жоспарындағы оқу мақсаттары нақтыланған);
- бағасыз бағалау;
- бағалау критерийлеріне сәйкес жүзеге асырылады;
- әрбір оқушының ілгерлеуі туралы кері байланысты ұсыну;
- оқыту мен оқу сапасын, оқу бағдарламасын жақсартуға арналған нәтижелерді пайдалану.

Қалыптастыруши бағалауды мұғалім тоқсан бойына өткізеді және мынадай сипаттамалары болады:

Хабардар етеді:

- оқушылар материалды оқу кезеңінде тапсырмаларды қаншалықты дұрыс орындаиды;
- мұғалімдер оқу процесін түзету үшін оқушының ілгерлеуі туралы.

Оқушының рөлі – бұл:

- оқуға белсенді қатысу;
- бағалау критерийлері мен дескрипторларын түсіну;
- өзін-өзі бағалау / өзара бағалау.

Мұғалімнің рөлі – бұл:

- оқу мақсаттарына сәйкес бағалау критерийлерін нақты қалыптастыру;
- оқу мақсаттарына және бағалау критерийлеріне сәйкес тапсырмаларды күрастыру;
- тапсырмаларға дескрипторлар әзірлеу;
- оқушыларды тиімді кері байланыспен қамтамасыз ету;
- оқыту және бағалау процесін түзету.

Өткізу формалары: топтық, жеке, жұпта, ауысым құрамындағы.

Қалыптастыруши бағалау – бұл мұғалімдерді, білім алушыларды және педагогикалық процеске басқа да қатысушыларды оқытууды жетілдіруге арналған қажетті ақпаратпен қамтамасыз ететін окуды ағымдағы бағалау. Қалыптастыруши бағалау сыйыпта күнделікті жұмыс процесінде жүзеге асырылады және оқу процесін заманауи түзетуге мүмкіндіктер береді, білім алушының ағымдағы үлгерімінің көрсеткіші болып табылады, оқушы мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және оқу процесін дер кезінде түзеуге мүмкіндік береді.

Басқа сөзбен айтқанда, атап айтсақ, қалыптастыруши бағалау оқу үшін бағалау болып табылады және нақты нәтижеген бағдарланады.

Оқыту үдерісінде өз іс-әрекетінің нәтижесінде оқушы рефлексия арқылы білім алуга өзгеретін тәжірибеге ие болады. Бұл білімдер өзі алған ақпараттан оқушының ақпараттың мағынасын түсінетін, оған белгілі бір қарым-қатынасты қалыптастыратын, осы ақпаратқа қатысты өзін-өзі анықтайтын ақпараттармен

ерекшеленеді. Оқушы өзінің бастапқы білім деңгейін және түсінігін түсінеді, оны соңғы деңгеймен салыстырады, оның өзгерісінің не екенін және қаншалықты (сапалық және сандық) болғанын анықтайды.

Рефлексия қойылған мақсаттарға жету тәсілдерін түсіндіруімен, яғни мақсатты тұжырымдауымен байланысты. Сондықтан да, ол оқушыға қатысты тәрбиелеу функциясын орындауды.

Егер мұғалім оқушының рефлексиясын сабак мақсатында және күтілетін нәтижелермен байланыстыrsa, онда кері байланыс педагогикалық жұмыстың көптеген мәселелерін түсіндіреді. Ал, дәлірек айтқанда, оқушы оқу материалын түсінеді ме және мұғалімнің жоспарлауы баланың білім алуына көмектесті ме? Мұғалім өз сыныбындағы жұмыстың тиімді әдістерін қаншалықты пайдаланды?

Сонымен қатар, мұғалімнің рефлексиясы зор маңызды ие және ол сабакта оқыту әдістерін іздестіру, таңдау, қолдану мен нәтижелілігін анықтайды.

Рефлексивті үдерістер педагогикалық міндеттерді шешудің әр кезеңінде өздерін әртүрлі көрсетеді. «Ақпарат беру бойынша сарапшы» рефлексиялық позициясында мұғалім өзінің жоспарланған іс-әрекеттерін талдау пәні ретінде жасайды, яғни оның санасының рефлексиялық процесстері алдағы сабактың мазмұнына қарайды және құрастыруышы сипатқа ие болады. Мұғалім өзінің жобалық іс-әрекеттерін рефлексивті бағалауды оқушылардың нақты жеке ерекшеліктеріне, олардың даму мүмкіндіктеріне сәйкес жасайды [4].

Инклюзия аспектінде жаратылыстану-математикалық білім берудің оқу бағдарламаларының ерекшеліктері

Білім берудің жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламалары баланы жеке тұлға ретінде қалыптастыруға, оның жеке қабілеттерін, оқу ісіндегі оң мотивациясы мен іскерлігін: негізгі мектептің білім беру бағдарламаларын кейіннен менгеру үшін оқудың, жазудың, есептеудің, тілдік қатынастың, шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі көрсетудің, мінез-құлық мәдениетінің берік дағдыларын дамытуға бағытталған.

МЖМБС-да жаратылыстану-математикалық білім беру бастауыш мектепте «Математика», «Жаратылыстану», «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» оқу пәндері негізінде жүзеге асады.

«Математика, «Информатика» оқу пәндерінің мазмұны білім алушыларда қоршаған болмыстың алуан түрлі объектілері мен құбылыстарын сипаттау үшін бастапқы математикалық білімді қалыптастыруға; ауызша және жазбаша есептеу алгоритмдерін игеруге; есептер шығарудың жалпы амалдарын, өлшем және есептеу дағдылары негізінде логикалық пайымдаулар түзе білу машиқтарын дамытуға; ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарапайым құралдарын қолдану дағдыларын, ақпаратты іздеу, таңдау, жеткізу, объектілер мен процесстерді жобалау, кестелермен, схемалармен, графикалармен және диаграммалармен жұмыс істеуде ең қарапайым әдістерді қолдану, интерпретациялау және деректерді беру машиқтарын қалыптастыруға бағытталған.

«Жаратылыстану» пәнінің мазмұны «Адам-Табиғат» жүйесі шеңберіндегі ғылыми білімнің қарапайым деңгейін қамтамасыз етуі тиіс. Бұл оқу пәні білім алушылардың табиғатты тануға деген қызығушылығын, зерттеу дағдыларын дамытуға, қоршаған ортаны ғылыми түрғыдан түсініп, көре білуді қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұны «қарапайымнан күрделіге қарай, таныстан таныс емеске қарай» принципі бойынша құрастырылған. Жанды және жансыз табиғаттың құбылыстары мен процестерінің өзара байланыстарының себебін ұғыну және түсіну, қоршаған ортаның көптүрлілігі мен күрделілігін саналы аңғару білім алушылардың ой-өрісін кеңейтеді. «Жаратылыстану» оқу пәні – білім берудің кейінгі деңгейлерінде дербес пән ретінде оқылатын «Биология», «Физика», «География», «Химия» оқу пәндерін оқып-менгеруге жол бастайтын, сондай-ақ білімнің барлық салаларында маңызды орын алатын зерттеу дағдыларының іргетасын қалайды.

Жаратылыстану-математикалық білім беру саласының мазмұны негізгі мектепте «Математика», «Алгебра», «Геометрия», «Информатика», «Жаратылыстану», «Биология», «Физика», «География», «Химия» оқу пәндерінде іске асырылады.

«Математика және информатика» білім беру саласының мазмұны математика мен информатиканың әлемдегі рөлін айқындау және түсіну қабілетін қалыптастыруды; математиканы ғылымның әмбебап тілі, құбылыстар мен процестерді модельдеудің құралы ретінде түсінуді; математика мен информатиканы оқыту кезінде орта білім беру деңгейлеріндегі сабактастықты, пәнаралық және пәнішлік байланыстарды; жалпы орта білім беру деңгейінде оқуды жалғастыруға және сабактас пәндерді окуға, оларды күнделікті өмірде пайдалануға қажетті базалық математикалық білім мен біліктерді менгеруді; бағдарламалау технологиясының және ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың теориялық негіздері бойынша базалық білім жүйесін, информатиканы және басқа да пәндерді оқу кезінде ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды пайдалана отырып шынайы объектілер мен процестердің модельдерін қолдану және түрлендіру біліктерін менгеруді; функционалдық сауаттылықты, логикалық, алгоритмдік және операциялық ойлауды, кеңістікті елестетуді, математика мен информатиканың түрлі тілдерін (сөздік, символдық, талдамалық, графикалық) пайдалану қабілеттерін, әртүрлі нысанда берілген ақпаратты қабылдау және сын түрғысынан талдауды дамытуды қамтамасыз етеді.

«Жаратылыстану» білім беру саласының мазмұны функционалдық білім мен біліктерді, жоспарлау, талдау және өндеу, түсіндіру, жүйелеу, алгоритм бойынша жұмыс, зерттеу, практикалық-эксперименттік дағдыларды жетілдіру, қорытындыларды бағалау және тұжырымдау дағдыларын қалыптастыруды; әлемнің қазіргі жаратылыстану көрінісінің негізінде жатқан іргелі ұғымдарды, заңдылықтарды, теориялар мен қағидаттарды, табиғатты ғылыми тану әдістерін, табиғатты, экономиканы және қоғамды кешенді зерттеу негізінде адамзаттың ғаламдық және жергілікті проблемаларын түсінуді тереңдетуді;

экологиялық мәдениетті, ғылыми, жобалық және кеңістіктік ойлауды дамытуды; патриоттық сезімдерді, қоршаған ортаға деген жауапкершілікті және ұқыпты қарауды тәрбиелеуді; білім алушыларды жаратылыстану ғылымдары бағытында кәсіби бағдарлауды іске асыруды қамтамасыз етеді [10].

МЖМБС-да гуманитарлық білім беру бастауыш мектепте «Саят ашу», «Қазақ тілі» қазақ тілінде оқытатын сыныптарда, «Русский язык» орыс тілінде оқытатын сыныптарда, оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сыныптарда «Қазақ тілі», оқыту орыс тілінде жүргізілмейтін сыныптарда «Русский язык», «Әдебиеттік оқу», «Шетел тілі» оқу пәндері негізінде жүзеге асады.

«Тіл және әдебиет» білім беру саласының мазмұны оқу пәндерінің аясында жүзеге асырылады: «Саят ашу», «Қазақ тілі» қазақ тілінде оқытатын сыныптарда, «Русский язык» орыс тілінде оқытатын сыныптарда, оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сыныптарда «Қазақ тілі», оқыту орыс тілінде жүргізілмейтін сыныптарда «Русский язык», «Әдебиеттік оқу», «Шетел тілі».

«Тіл және әдебиет» білім беру саласындағы пәндердің мазмұнында сөйлеу әрекетінің төрт түрі бойынша дағдыларды дамытуға бағытталған коммуникативтік тәсілді қолдану көзделеді. Тілдік пәндердің мазмұны ойын және танымдық іс-әрекеттер арқылы білім алушылардың бойында тілдерді үйренуге деген қызығушылығы мен оң қатынасын дамытуға, сондай-ақ ақпарат алmasу, тілдік материал ретінде мәтінмен жұмыс істей білу, фразалар мен сөз орамдарының мәнін түсіну және оларды нақты жағдайлар кезінде қолдану үшін бастапқы коммуникативтік дағдыларды қалыптастыруға бағытталған.

«Адам және қоғам» білім беру саласының мазмұны «Дуниетану», «Өзін-өзі тану» оқу пәндерінде іске асырылады.

«Адам және қоғам» білім беру саласы пәндерінің мазмұны «Адам-Қоғам» жүйесі шенберінде кіріспе білімді қамтамасыз етуге бағытталған. Пәндердің мазмұны қоғамдық қатынастардың өткені мен бүгінін, олардың өзара байланысын, адамдардың отбасындағы, қоғамдағы өзара қарым-қатынастарын танып-білуге; өз Отаны үшін мақтаныш сезімін қалыптастыруға, отбасындағы, жергілікті, өнірлік, ұлттық және жаһандық қауымдастықтағы өз орнын ұғуға; қазақстандық қоғамның құндылықтары мен жалпыадамзаттық құндылықтарды түсінуге; әр білім алушының өзінің табиғи қабілеттері мен шығармашылық әлеуетінің көзін ашуына; өз халқының және басқа да халықтардың мәдениетіне деген құрмет сезімін дамытуға, өз қылышы үшін жеке басы жауапкершілігін ұғынуына, басқа адамдардың сезімдерін түсінуге және бірге бөлісуге, адам мен қоршаған ортаға деген ізгілік қатынасын тәрбиелеуге бағытталған.

Гуманитарлық білім беру саласының мазмұны негізгі мектепте оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптар үшін «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті» және оқыту орыс тілінде жүргізілетін сыныптар үшін «Орыс тілі», «Орыс әдебиеті»; оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сыныптар үшін «Қазақ тілі мен әдебиеті» және оқыту орыс тілінде жүргізілмейтін сыныптар үшін «Орыс тілі мен әдебиеті»; «Шет тілі»; «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы», «Құқық негіздері», «Өзін-өзі тану» оқу пәндерінде іске асырылады.

«Тіл және әдебиет» білім беру саласының мазмұны оқу пәндерінің аясында жүзеге асырылады: «Орыс тілі», «Орыс әдебиеті»; оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сыныптар үшін «Қазақ тілі мен әдебиеті» және оқыту орыс тілінде жүргізілмейтін сыныптар үшін «Орыс тілі мен әдебиеті», «Шет тілі».

«Тіл және әдебиет» білім беру саласының мазмұны басқа тілдік және тілдік емес оқу пәндерімен пәнаралық байланысты пайдалануды; білім алушылардың ойдағыдай әлеуметтенуін; білім алушылардың жас ерекшеліктеріне, қажеттіліктері мен қызығушылықтарына сәйкес тілдік дағдыларын дамытуды; қазіргі әлемде тілдерді оқытудың маңыздылығын түсінуді; руханиадамгершілік құндылықтардың дамуын; көптілді және көпмәдениетті әлемнің тұтастығын түсінуді; қарым-қатынас процесінде тұлғаарлық және мәдениетаралық байланыстарды орнатуды; өзге елдердің мәдениетімен танысу арқылы әртүрлі қөзқарастарды сыйлай білуге тәрбиелеуді; оқыту тілінде түрлі ақпарат көздерімен, оның ішінде интернет ресурстарымен өз бетінше жұмыс істей білуді; шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауды дамыту және пайдалануды қамтамасыз етеді.

«Адам және қоғам» білім беру саласының оқу пәндерінің мазмұны «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы», «Құқық негіздері», «Өзін-өзі тану» оқу пәндерінде іске асырылады.

«Адам және қоғам» білім беру саласының мазмұны білім алушыларда «Адам-Қоғам» жүйесі шенберінде қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар бойынша білім негіздерін қалыптастыруға бағытталуы тиіс. Оқу пәндерінің мазмұны білім алушыларда тарихи ойлау, өткен және қазіргі жағдайы, олардың өзара байланысын түсіну мен ұғыну, тарихи, құқықтық, экономикалық, саяси, әлеуметтік ақпарат көздері материалдары бойынша талдау мен негізделген қорытындылар жасау және соның негізінде ешкімге тәуелсіз тұжырым жасау, өзіндік сараланған шешімдер қабылдау дағдыларын қалыптастыруға; патриотизм сезімін тәрбиелеуге, құқықтық сауаттылықты, демократиялық құқықтық қоғам идеалдары мен құндылықтарын түсінуді, әлеуметтік-мәдени байланыс жағдайында тиімді өзара қарым-қатынасты іске асыру және коммуникативтік құралдарды тандау үшін белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастыруға; жалпыадамзаттық, этномәдени құндылықтар жүйесіне, әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайларға жеке катынасын айқындей білуін дамытуға, адамгершілік тандауды жүзеге асыру үшін қажетті әлеуметтік құбылыстар мен оқиғаларды бақылау мен бағалауға бағытталады [10].

Интегративті негізде оқытудың негізгі мақсаты – қоршаған орта туралы тұтас түсінік беру – оқушылардың ақыл-ой және басқа да белсенді түрлерін арттырумен байланысты. Интегралдау міндеттін бірнеше оқу пәндерінің организкалық нақты байланысы арқылы қарастыру қажет, бұл білім алушыларға бізді қоршаған әлемнің бірлігі туралы түсінік беруге мүмкіндік береді.

«Функционалдық сауаттылық» ұғымы алғаш рет өткен ғасырдың 60-шы жылдарының сонында ЮНЕСКО құжаттарында пайда болып, кейіннен зерттеушілердің басын қости. Функционалдық сауаттылық неғұрлым кең

анықтаудағы адамның көп жоспарлы қызметімен ортақ білім беру байланысын біріктіретін тұлғаның әлеуметтік бағдарының тәсілі ретінде көрінеді.

«Функционалдық сауаттылық» ұғымына оқытудың нәтижелерін бағалауға құзыреттілік тәсілдеменің келесі мағынасы алынады:

1) оқырман сауаттылығы – жазбаша мәтіндерді түсіну және ұғыну, олардың мазмұнын өз мақсаттарына қол жеткізу, білім мен мүмкіндіктерді дамыту, қоғам өміріне белсенді қатысу үшін пайдалану қабілеті;

2) математикалық сауаттылық – адамның өзі тұратын әлемдегі математиканың рөлін анықтау және түсіну, жақсы негізделген математикалық пайымдауларды айту және математиканы қазіргі және болашақта жасампаз, мұдделі және ойлы азamatқа тән қажеттілікті қанағаттандыру үшін пайдалану қабілеті;

3) жаратылыстану-ғылыми сауаттылық – ғылыми әдістердің көмегімен зерттелуі және шешілуі мүмкін проблемаларды нақты өмірлік жағдайларда іріктеу үшін, қоршаған ортаны түсіну және оған адамның қызметін енгізетін өзгерістер үшін, сондай-ақ тиісті шешімдер қабылдау үшін қажетті бақылаулар мен эксперименттерге негізделген қорытындылар алу үшін, ғылыми әдістердің көмегімен зерттелуі және шешілуі мүмкін проблемаларды іріктеу үшін жаратылыстану-ғылыми білімді пайдалану қабілеті [20].

Математикалық сауаттылық деп «оқушының мектепте оқу кезінде алған математикалық білімді пәнаралық және практикалық-бағдарлы мазмұнның әртүрлі міндеттерін шешу үшін, әрі қарай оқыту және қоғамда табысты әлеуметтендіру үшін пайдалану қабілеті» түсініледі [21].

ЕБҚ бар білім алушыларды жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді оқыту кезінде функционалдық аспектіге баса назар аудару қажет. Бұл қазіргі әлемдегі сауатты мінез-құлышың пен бағдарлауға, практикалық өмірге қажетті прагматикалық табиғат материалын (есептеуге, геометриялық ұғымдарға, формулаларға, функцияларға, графиктерге, диаграммаларға, кестелерге қатысты қажетті білімді) меңгеруді білдіреді. Бұл негізгі ұғымдар қоршаған ортаны, сондай-ақ экономикалық және қоғамдық мәселелерді түсіну үшін қажет. Мектепте математиканы оқытудың тағы бір мақсаты математиканың рөлі үздіксіз өсіп келе жатқан ғылыми және техникалық пәндерді келесі зерттеуге дайындық болып табылады, яғни оқушы келесі кезеңдерде оқуды сенімді жалғастыру үшін қажетті мәліметтермен «қарулануы» тиіс. Осы мақсаттан басқа, тәрбиелік және мәдени деп атауға болады: ақыл-ойдың дамуы, мінез-құлыштың және жалпы мәдениеттің қалыптасуы, адамның алдына қойылған міндеттердің мағынасын түсіну қабілетіне тәрбиелеу. Ақыл-ой кемістігі бар балалар үшін математиканың үлкен қолданбалы маңызы ғана емес, сонымен қатар айтарлықтай түзету әлеуеті бар. Өзінің күрделілігіне қарамастан, математика ЕБҚ бар білім алушыларды логикалық операциялардың жалпылама тәсілдерімен және әртүрлі реттеу түрлерімен таныстырады.

Математика – өз алдына бөлек мәдени құндылық. Ол – өнер туындыларында көрініс тапқан формальды сұлулық идеалы. Бұл идеал математикалық термин болып табылатын өлшем, қатынас, тәртіп, пропорция деген сөздер арқылы көрінеді. Математиканың көрнекті мәдени құндылығымен оның нақты әлемге әсер ету құралы ретіндегі құндылығы ғана салыстырылуы мүмкін. Кез келген адам жоғары математикалық мәдениетке қол жеткізе алмауы мүмкін, бірақ кез келген адам практикалық математикаға мүқтаж. Жаратылыстану ғылымдарынан кейін гуманитарлық ғылымдар «математикаланады». Математикалық тілді білу экономикалық өмір сұру шарты және қауіпсіздік элементі болып табылады [22].

ЕБҚ бар балаларды математикаға оқыту практикалық сипатқа ие болуына және еңбекке баулу, сизу, сурет салу, жаратылыстану, география, тарих, дене шынықтыру және басқа да пәндер сабактарымен өзара байланысты болғандығына қарамастан, ақыл-есі бұзушылықтары бар оқушылар қолжетімді теориялық ұғымдар кешенін менгеруі тиіс.

Сауаттылықтың бір түрі – оқырман сауаттылығы. Оқырман сауаттылығы өмірге дайындықтың ең маңызды параметрлерінің бірі ретінде қарастырылады. Оқырман сауаттылығы – бұл оқушының жазбаша мәтіндерді және олардың рефлексиясын ұғынуға, олардың мазмұнын өз мақсаттарына жету, білім мен мүмкіндіктерді дамыту, қоғам өміріне белсенді қатысу үшін пайдалану қабілеті.

Кітап оқу дағдысы балаларда ерте жастан қалыптасады. Мұғалімдер оқи білуді, оқырман сауаттылығын одан әрі дамытуды, окуға деген сүйіспеншілікті қалыптастырады. Оқырман сауаттылығының негізі мәтіндермен толық жұмыс істеу үшін қажетті оқырман біліктерінің қалыптасуы болып табылады. Бұл – оқушының қажетті ақпаратты табу және ойнату, мәтіннің белгілі бір бөлігі бойынша қорытынды жасау, негізгі кейіпкерлердің әрекеттерін түсіндіру, мәтіннен мысалдармен растау және мәтін құрылымын бастапқы талдау.

Осылайша, сауаттылық – бұл оқушылардың оқуды өз жоспарларын: білім алушы жалғастыру, еңбек қызметіне дайындық, еңбекке қатысу және қоғам өміріне қатысады жүзеге асыру құралы ретінде менгерудегі табыстылық екенін анықтауға болады [23].

Гуманитарлық пәндер орта білімнің маңызды бөлігі болып табылатын оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру үшін келесі мүмкіндіктерді ұсынады:

- 1) тұлғаның білім беру дайындығы мен мәдени дамуының өзара байланысын қамтамасыз ету;
- 2) өзінің болашақ мамандығы үшін гуманитарлық пәндердің қолданбалы мәнін түсінуді және мақсаттарға қол жеткізуі қамтамасыз ету;
- 3) оқушылардың кәсіби біліктері қалыптасатын жалпылама (танымдық, жалпылама, ұйымдастырушылық біліктер) біліктерінің ең жоғары дәрежеде қалыптасуын қамтамасыз ету;
- 4) «өмір бойы білім беру» тұжырымдамасын іске асыруға ықпал ететін құзыреттілікті дамытуға бағдарлауды қамтамасыз ету.

Оқушылардың әлеуметтік-тұлғалық құзыреттілігін қалыптастырудың қоғамдық-гуманитарлық цикл пәндерінің мүмкіндіктерін талдау келесі ұстанымдарға жеткізуге болады:

- өзара әрекеттестікке, ынтымақтастыққа, қарым-қатынасқа ұмтылуды ынталандыратын маңызды жеке іс жүргізу сипаттамаларына ие болу (білім мен біліктіліктің жан-жақты болуы, дербестік, шығармашылық әлеует, бірегейлілік);

- мектептің білім беру процесі аясында гуманитарлық пәндерді оқыту осы процесс үшін ерекше қағидаттар негізінде жүзеге асырылатын стратегия ретінде ұсынылуы мүмкін.

Қазіргі түсінікте функционалдық сауаттылық білім берудің көп жоспарлы адами қызметпен байланысын (бірінші кезекте жалпы) біріктірін тұлғаның әлеуметтік бағдарының тәсілі ретінде әрекет етеді. Функционалдық сауаттылықтың бұл ерекшелігі оның анықтауында тез өзгеретін қоғамда барлығына қажетті қолданбалы білім негізінде түрлі қызмет салаларында өмірлік міндеттерді шеше білу ретінде анық көрінеді.

Жалпы білім беретін мектептің инклузивтік ортасы жағдайында ол әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметке дайындықтың, сондай-ақ өмір бойы өз бетінше білім алуға негіз болады, оқушылардың қоршаған ортаға табысты бейімделуінің міндетті шарты болып табылады. Қазіргі жағдайда ол адамның өмір сүруінің кепілі және үздіксіз білім берудің атрибуты болып табылады. Функционалдық сауаттылық деңгейінде жастардың қолданбалы білім мен отбасының материалдық жағдайына, оның әлеуметтік мәртебесіне тәуелділігін сипаттайтын әлеуметтік аспектілер көрінеді [24].

Ауызекі тілді ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар мектеп оқушыларына саралап оқыту (оның қабылдауы мен еске түсіру) қолданыстағы оку жүйесінің ережелеріне негізделген жаңа педагогикалық технология болып табылады. Бастапқы кезеңде ауызекі тілді қабылдау мен еске түсіруді қалыптастыру мектепте оқуды бастағанда сөйлеуді дамытудың әртүрлі деңгейі, есту функциясы, бірлей дағдылары бар оқушылардың типтік тобы үшін әзірленген әртүрлі деңгейдегі бағдарламалардың негізінде жүзеге асырылады.

Саралап оқыту процесінде оқушыларға маңызды педагогикалық принцип ретінде, әлеуметтік педагогикада дәстүрлі пайдаланатын және әрбір оқушының жеке психофизикалық, тұлғалық ерекшеліктерін, белгіленген дағдылардың қалыптасу деңгейін есепке алуды ұсынатын жеке тәсіл іске асырылады.

Дамыту мен оқыту процесінде оқушылардың ауызша қарым-қатынасын жандандыру, арт-педагогикалық технологияларды (музыкалық-ритмикалық және театрлық-ойын қызметі), жаңа білім беру құралдарын пайдалану жөніндегі арнайы жұмыстарға маңызды мән беріледі. Оқушылардың аталған бағдарламада белгіленген білік пен дағдыларды менгеруі мектепте оку басталғаннан бастап олардың сөйлесуін дамыту деңгейіне, әрбір оқушының психофизикалық ерекшеліктеріне байланысты әртүрлі қарқында өтеді.

Оқушының курделілік деңгейі негұрлым жоғары деңгейдегі бағдарлама бойынша оқуға көшуі жаңа оқу жылының басталуымен байланысты міндетті болып табылмайды, ол кез келген уақытта баланы арнайы тексерудің нәтижесі негізінде жүзеге асырылуы мүмкін. Сөйлеуінің дамуында айрықша кешеуілдеуі бар кейбір оқушыларға әртүрлі деңгейдегі бағдарламаларда көзделген ауызша тілдің дағдыларын менгеруге барынша ұзақ мерзім талап етіледі. Бұл мерзімдерді әкімшілік пен мұғалім-дефектолог бақылайды. Арнайы әдістеме бойынша ауызша сөйлеуді қабылдау және есте сақтаудың дағдыларын ағымдық және кезеңдік есепті, зерттеу нәтижелерін жалпы білім беретін сабактарды, музыкалық-ритмикалық сабактарды жүргізген мұғалімдермен, тәрбиешілермен, сондай-ақ мектептің психологы және дәрігерімен талқылау міндетті болып табылады, бұл оқу қарқының негізсіз бәсендету мен жылдамдатуды тоқтатады, білім беру-түзеу процесін оңтайландыруға тұрткі болады, әртүрлі үйымдастыру формаларында (жалпы білім беру сабактарында, жеке және музыкалық-ритмикалық сабактарда, сыныптан тыс уақыттарда) ауызша сөйлеумен жұмыс істеу сабактастығына ықпал етеді.

2 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕ ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРІЛУІНЕ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР БАЛАЛАР ҮШІН ЖАРАТЫЛЫСТАНУ- МАТЕМАТИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖЕКЕ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ӘЗІРЛЕУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫСТАР

Жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер барлық техникалық және жаратылыстану пәндері үшін қолданбалы ғылымдар болып табылады. Математикалық сауаттылықты қалыптастыру барысында білім беру процесінің тұтастыры мен жүйелілігі жүзеге асырылады. Сонымен қатар жаратылыстану пәндері бойынша қолданбалы математикалық есептерді орындау кезінде білім алушыларда арифметикалық және алгебралық түрлендірuler жақсы деңгейде жасалады.

Қазіргі заманда математика рөлінің артуы қоғамда бейімделу үшін және оған белсенді қатысу үшін математикалық сауатты адам болу қажеттілігіне алып келді. Бүгінгі тез өзгеретін әлемде математикалық сауаттылық адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметке белсенді қатысуына, сондай-ақ өмір бойы оқуға ықпал ететін негізгі факторлардың бірі болып табылады.

Осылайша, балаларды білім беруде вариативтілікті, даралануды, интеграциялықты іске асыру жолдарын іздеуге бағытталған қазіргі заманғы білім беру жүйесі қойылған мақсаттарға қол жеткізудің пәрменді тәсілдерін өткір қажет етеді [21].

Математикамен дамытылатын интеллектуалдық қасиеттер арасында, әдетте, логикалық ойлауга жататын: дедуктивтік ойлау, абстракциялау, қорыту қабілеті, талдау, сын айту қабілеті жиі айтылады. Математикалық жаттығулар ойлаудың рационалды сапасын және оны білдіретін: тәртіп, дәлдік, айқындылық, ықшамдылық қасиеттерін иеленуге алып келеді. Олар қиял мен түйсікті талап етеді, объективтілік, интеллектуалдық адалдық, зерттей білу қабілеттерін дамытады. Математиканы оқыту үнемі назар аударуды, табандылықты, көңіл бөлу қабілетін талап етеді, яғни интеллектті дамытуда да, мінезді қалыптастыруда да маңызды рөл атқарады [22].

Жаратылыстану-математикалық цикл пәндерін оқу білім берудің әмбебаптығына кепілдік бере отырып, білім алушыларға болашақ техникалық, жаратылыстану-ғылыми немесе гуманитарлық бағыттағы мамандықты таңдауға, кәсіби өзін-өзі анықтауға және қазіргі қоғамда табысты бейімделуге мүмкіндік береді.

Білім беруді дамытудың заманауи жағдайларына байланысты жаратылыстану-математикалық бағыттағы мұғалімдердің жұмысы білім моделінен құзыреттілікке көшуге бағытталған. Білім беру нәтижесі әмбебап білім, білік және дағдылардың біртұтас жүйесін, сондай-ақ білім алушылардың өзіндік іс-әрекеті мен жеке жауапкершілігінің тәжірибесін қамтитын құзыреттер болып табылады.

Оқушыларды жаратылыстану-математикалық цикл пәндері бойынша оқыту оқушылардың білімін пәнаралық біріктіруге және іс-әрекет тәсілдеріне бағытталған, бұл оқу пәндерінің өзара байланысын және өзара толықтыруын, оқушылардың бойында әлемнің тұтас бейнесін қалыптастыруды көздейді.

Жаратылыстану-математикалық білім беру пәндері маңызды әдістемелік функцияларды орындауды, олардың арасында келесілерді белгілеуге болады:

- қазіргі экологиялық дағдарыстың мәні мен себептерін түсіну, «табиат» және «мораль» ұғымдарының өзара байланысы мен арақатынасы негізінде тәрбие мақсаттарына қол жеткізуге ықпал ететін мәдени шығармашылық функция, адамның жалпы мәдениетінің қажетті компоненті ретінде экологиялық мәдениетті сезінү;

- нақты шындықтағы қызметтің бағыты мен сипатын анықтайтын көзқарастар, идеалдар және нағымдар жүйесі ретінде оқушылардың ғылыми дүниетанымын қалыптастырумен байланысты дүниетанымдық функция;

- табиғи-ғылыми және гуманитарлық, биологиялық және экологиялық білімнің синтезі мен интеграциясын күштейтуде көрінетін интегративтік функция.

Жаратылыстану-математикалық білім беру пәндерінің пропедевтикалық маңызы алынған білім оқушылардың әлем туралы алғашқы, тұтас түсінігін қалыптастыру міндеттерін шешу болып табылады. Ұсынылған қызмет түрлері оқушылардың зерттеу дағдыларын, танымдық қызығушылықтарын және шығармашылық қабілеттерін дамытады.

ІІ. Алтынсарин атындағы ҰБА және Түзету педагогикасының Ұлттық ғылыми-практикалық орталығымен өзірленген «Жалпы білім беретін мектепте ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау» әдістемелік ұсынымдарында жалпы білім беретін мектепте психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін үйімдастыру бойынша, ЕБҚ бар білім алушылардың қажеттіліктерін бағалау бойынша, оқушының ерекше білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыру және бағалау кезеңдерінде мұғалімдердің, психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі мамандарының, ата-аналардың өзара әрекеттестігі бойынша ұсыныстар берілді.

Оқу жоспары мен оқу бағдарламасын өзгерту. Оқу жоспары мен оқу бағдарламасы келесідей негізге сүйеніп өзгертиледі:

- мектеп Кеңесінің шешімімен;
- психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестің ұсынысымен.

ПМПК оқушыларды оқытуға өз ұсыныстарын мынадай редакцияда тұжырымдайды: «жеке тәсілдемемен жалпы білім беру бағдарламасы бойынша оқыту: жеке оқу жоспары, қысқартылған білім беру оқу бағдарламасы бойынша немесе «жеке бағдарлама бойынша оқыту». ПМПК оқу жоспары мен бағдарламасын өзгерту қажеттілігін ұсынады, бірақ өзгеріс көлемі қандай болатынын психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі мамандарының: психолог, логопед, арнайы педагог көмегімен сыйнап мұғалімі анықтайды.

Егер білім алуында қындықтары бар оқушыны мектеп өз бетінше анықтаса, онда психологиялық-педагогикалық қызметінің ұсыныстары негізінде Мектеп кеңесі шешімімен мұғалім бір немесе бірнеше оқу пәні бойынша оқу бағдарламасын қысқартта (бейімдей) алады. Мұндай шешімнің негізі – КР «Білім туралы» Заңының 47-бабы, 2-тармағы: «ұйым кеңесінің шешімімен жеке оқу жоспарлары, қысқартылған білім беретін оқу бағдарламалары бойынша Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары шенберінде оқыту» [1].

Дегенмен Мектеп кеңесінің шешімімен қысқартылған (бейімделген) бағдарлама бойынша оқыту тек белгілі бір кезеңге (2-3 оқу тоқсанынан артық емес) қолданылатын уақытша шара болып табылатынын атап өткен жөн. Осы кезең ішінде мұғалім және психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі қажетті көмек көрсетеді, оның түпкі мақсаты оқушыларды әдеттегі бағдарлама бойынша оқуға көшіру болып табылады. Егер белгіленген мерзім барысында балада оқу бағдарламасын одан әрі қысқартуды талап ететін оқытудың тұрақты қындықтары сақталса, онда мұндай оқушыны ПМПК-ке тексеруге жіберу қажет.

Балаларды жеке бағдарлама (МЖБМС-ға бағдарланбаған) бойынша оқыту ПМПК-ның ұсынысы негізінде ғана іске асады. Себебі мұндай бағдарламамен оқытуға баланың ақыл-ойындағы бұзушылықтар анықталған жағдайда ғана рұқсат беріледі. Ақыл-ойы кем балаларды жалпы сыншыққа қосу мен оқыту үшін ақыл-ойы кем балаларға арналған арнайы типтік бағдарламасы бойынша және баланың мүмкіндігі негізінде жеке оқу бағдарламасы құрастырылады.

Оқытуудың нәтижелерін (оқушылардың оқу үлгерімін) бағалау тәсілдерін өзгерту

Оқушылардың оқу үлгерімін бағалау тәсілдерін төмендегі көрсетілген жағдайларда өзгерту қажет:

- оқушы арнайы, қысқартылған немесе жеке бағдарламамен оқытылған кезде;
- оқушыларды оқытуда альтернативті әдісті қолданғанда.

Мұндай ерекше білім беру қажеттілігін қанағаттандыру ПМПК ұсынысы негізінде жүзеге асырылады: «жеке амал және баланың оқу үлгерімін бағалаудың вариативтілігі». Егер оқушылар үшін мектеп өз бетінше оқу бағдарламасын уақытша қысқарту туралы шешім қабылдаса, онда дәл сол мектеп кеңесі баланың оқу үлгерімін бағалаудың нұсқауларын және жеке тәсілдерін ұсынады.

Оқушының жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, қысқартылған немесе жеке бағдарламаның мазмұнына бағдармен бағалау өлшемдерін өзгерту мүмкіндігі көзделеді. ЕБҚ бар білім алушыларды бағалау кезінде мұғалім дифференциалды және/немесе жеке тапсырмаларды қолдануға міндетті [25].

Ақыл-ойы кем балаларды оқыту кезінде кез келген нәтиже он болып саналады. Жетістіктерді бағалаудағы басты назар жеке бағдарлама шенберінде оқушының прогрессіне аударылады [26].

Осылайша, жеке оқу бағдарламасы ПМПК білім алушыға жеке бағдарлама бойынша немесе жеке тәсілдемемен жалпы білім беру бағдарламасы бойынша оқытуды ұсынған жағдайда, ал мектепті психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі бақылау нәтижесінде бағдарламаны өзгерту қажеттілігін растайтын жағдайда жасалады.

Мұндай жағдайларда ЕБҚ бар білім алушы үшін пәндік бағдарламалардың мазмұнына оқушының «күшті» және «әлсіз» жақтарына байланысты қысқарту немесе өзгерту жағына өзгерістер енгізуге болады. Оқушылардың ерекше қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, білім алушылар үшін әзірленген жеке оқу бағдарламалары мектептің педагогикалық кеңесінде бекітіледі. Жеке оқу бағдарламасын іске асыру кезінде мұғалім келесі іс-әрекеттерді жоспарлау үшін әрбір сабакты талдай отырып, рефлексия қызметін үнемі жүргізуі қажет.

Тоқсан сонында пән мұғалімдеріне білім алушының оқу жетістіктерінің қорытындысы бойынша қорытынды жасау және қажет болған жағдайда жеке оқу бағдарламасына түзетулер енгізу ұсынылады.

Оқу жетістіктерін бағалау ЕБҚ бар білім алушының ерекше білім беру қажеттіліктерін, жеке мүмкіндіктерін және өзінің жетістіктерімен салыстырғандағы прогрессі ескере отырып жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығының 14-8 тармағына сәйкес: «ерекше оқу қажеттіліктері бар білім алушыларды бағалау кезінде педагог сараланған және/немесе жеке тапсырмаларды қолданып, сондай-ақ, оқушының ерекшелігін есепке ала отырып, бағалау критерийлеріне өзгерістер енгізеді» [27].

Оқу пәні бойынша қысқартылған/жеке бағдарлама оқу тоқсанына құрылады, оның нәтижелері бойынша келесі тоқсанға арналған бағдарлама жасалады. Оқушының оқу материалын қандай қарқынмен игере алатынын алдын ала болжай қыын, бұл жоспарланғаның ішінде ең үлкен қыындықтарды тудырады. Сондықтан білім беру процесі барысында бағдарламаны түзету қажеттілігі туындауы мүмкін. Бағдарламаны уақытылы түзету үшін үнемі оқушының жетістіктерін бақылау қажет. Ол үшін мұғалім мен қолдау көрсету мамандар қол жеткізген жетістіктерді критериалды бағалауды іске асырады [28].

МЖМБС-да белгіленген көлемде және оның сыныпта оқу қарқынына сәйкес оқушы оқу пәнінің мазмұнын менгеруде қыындықтарға тап болған жағдайда оқу бағдарламаларын қысқартуды (бейімдеу) талап етіледі.

Жалпы сынып жағдайында зияты зақымдалған оқушы үшін жеке оқу бағдарламасы жасалады.

Оқу жоспарын дараландыру оқушының қатысуы міндетті болмайтын оқу жоспарының пәндерін (мысалы, алгебра немесе шет тілі) айқындаудан тұрады.

Қысқартылған/жеке оқу бағдарламасын сыйнып мұғалімі арнағы педагогпен бірге педагогикалық диагностика (бағалау) негізінде және пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын ескере отырып, ақыл-ойы кем оқушыларға арналған МЖМБС / үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жасайды.

Қысқартылған/жеке оқу бағдарламасының мәтінінде күтілетін нәтижелер (оқушының дағдылары мен шеберлігі) түрінде тұжырымдалған Типтік оқу бағдарламасының бөлімдері бойынша оқу мақсаттары және осы оқушы үшін неғұрлым тиімді оқыту әдістері мен тәсілдері көрсетіледі.

Топтық талқылау барысында оқушының мүмкіндіктерін психологиялық-педагогикалық зерттеу нәтижелерінің негізінде оқытуудың мақсаты мен әдістері анықталады.

Педагогикалық диагностиканы өткізу кезінде педагогтар оқу пәні шеңберінде оқушы өз бетінше біletін (өзекті деңгей) дағдыларды және қалыптастыру сатысында тұрған дағдыларды (жақын даму аймағы) айқындауы тиіс. Ең жақын даму аймағын анықтау критериясы оқушының оқу тапсырмасын табысты орындау, белгілі бір іскерлікті немесе дағдыларды (мысалы, арифметикалық тапсырманы шешу, шаманы өлшеу және нәтижені жазу) іске асыру үшін мұғалімнің көмегін пайдалану қабілеті болып табылады.

Оқушыға көмек ретінде мұғалім қолдануы мүмкін: жетекші сұрақтарды, көрнекі түрде ұсынылған алгоритм, иллюстрациялық материалды, пәндік қызметті, үлгіні, жұмыстың орындалуын көрсете алады.

Қажеттіліктерді бағалауды жүргізу кезінде бұрын оқыған оқу материалы туралы білімдеріндегі немесе мектеп бағдарламаларын менгеру үшін базалық болып табылатын дағдылардағы бар «проблемаларға» назар аудару қажет. Олар оқу материалын менгерудегі қыындықтарға себеп болуы мүмкін, оларды толықтыру қажет. Бұл дағдыларды қалыптастыру мақсаты оқушы бағдарламасына енгізілуі тиіс.

Педагогикалық диагностиканы өткізу кезінде оқу іс-әрекеті компоненттерінің қалыптасуына (мотивация, өзін-өзі ұйымдастыру, жоспарлау, оқу іс-әрекеттерін орындау және бақылау), жұмыс қабілеттілігіне, қызмет қарқынына және оқушының оқу материалын жақсы түсінуге көмектесетін оқу жұмысының формаларына (жазбаша, ауызша, практикалық әрекетке, иллюстрациялық материалға және т.б. сүйеніп) назар аудару қажет, өйткені бұл оқушы үшін ең қолайлы оқыту әдістері мен тәсілдерін, оның қызметін сабакта ұйымдастыру тәсілдерін тандауға негіз болады.

Диагностикалау ретінде оқу пәнінің бөлімін, тақырыбын анықтау шеңберінде оқу мақсаттарына сәйкес тапсырмалар мен жаттығуларды қолдану. Нұсқаулық нақты, қысқа, кезеңді болуы қажет. Тестті қолданбаған жөн. Оқушы бағдарламалық материалды менгеруде емес, тапсырманы орындау шарттарын саналы түсінуде қыындықтары туындал, қате жіберуі мүмкін. Педагогикалық диагностиканы мұғалім сабакта, ал арнағы педагог жеке сабактарда жүргізеді.

Педагогикалық диагностиканың нәтижесі оқушының менгерген білім деңгейі мен көмек көрсету мазмұнын анықтау үшін тіркеледі (оқу мәнінің тақырыбы мен бөлімі бойынша жетістік картасы). Оқушыда алдыңғы тоқсанның немесе тіпті сыйыптың бағдарламасына сәйкес келетін жақын даму аймағы мен дағдыларды менгеру деңгейі анықталуы мүмкін.

Кез келген жағдайда педагогикалық диагностиканың нәтижелері – оқушы үшін бағдарламаның мазмұнын анықтау үшін бастапқы нүктө

Оқу бағдарламасын қысқарту кезінде ЕБҚ бар білім алушы үшін міндепті болмайтын оқу мақсаттары (шеберлігі мен дағдылары) анықталады, олар осы тоқсанда оның бағдарламасына енгізілмейді. ЕБҚ бар білім алушы үшін міндепті және міндепті емес критерийлерін анықтау мақсаты болып (іскерліктер мен дағдыларды) оқу пәні шеңберінде негізгі білім мен дағдыларды менгеруде алға жылжуы үшін олардың қажеттілігі болып табылады.

Мысалы, ЕБҚ бар білім алушы үшін 1-сыныпты математика курсында «Алгебра элементтері» бөлімін оқу мақсаттары (дағдылары) міндепті емес:

1.2.1.2 Әріптің берілген мәнінде әріптік өрнектің мәнін бір әрекетке табу;

1.2.1.3 Қосу мен азайту арасындағы байланыстың әріптік тенденция түрінде ұсыну және қолдану: $a+b=c$, $c-a=b$, $c-B=a$;

1.2.2.2 Тендеулерді іріктеу тәсілімен және қосу мен азайту байланысы негізінде шешу;

«Логика элементтері» 4-бөлімнен: 1.4.1.1 Диаграмманың көмегімен екі жиындарды біріктіру және жиын бөлігін жою;

«Математикалық модельдеу» 5-бөлімнен: 1.5.2.5 Қол астындағы материалдардың көмегімен деректерді жинауды, жүйелендіруді, кестелерді, пиктограммаларды, диаграммаларды құрастыру/аяқтау

Жоғарыда көрсетілген оқу материалын алып тастау сандарды нөмірлеу білімін, 20 шегіндегі қосу және азайту есептеуіш тәсілдері 1-сыныптағы математика курсының негізі болып табылатын арифметикалық есептерді шешу тәсілдерін менгеруге кедергі болмайды. Қысқартылған бағдарлама аясында оқушы менгерген 1-сыныптың математика курсының негізгі ұғымдары екінші сыйыптағы келесі бөлімдерді одан әрі оқуға мүмкіндік береді: 100 дейінгі сандардың нөмірленуі, олармен арифметикалық әрекеттер, арифметикалық есептер, шамалар және геометриялық материалдар.

ЕБҚ бар оқушы үшін оқу материалының көлемін азайту негізгі білім мен дағдыларды қалыптастыруға көп уақыт бөлуге, оқушының жұмыс қабілеттілігі мен оқу мотивациясын сактауға мүмкіндік береді.

Пән бойынша жеке бағдарлама құру барысында (зияты зақымдалған оқушы үшін) оқу бағдарламасының әрбір бөлімінде оқушының «жақын даму аймағында» жатқан білім мен дағдыларға қатысты оқу мақсаттары мен мазмұны жағынан жақыннатылған дағдылар айқындалады. Жеке бағдарламалар бойынша жалпы сыйыпта негізгі жалпы білім беретін пәндерді (математика, ана тілі және оқу) оқыту арнайы педагогпен жеке сабактарда оқумен ұштастыра отырып жүзеге асырылуы мүмкін.

Оқушыны қысқартылған немесе жеке бағдарлама бойынша оқыту мұғалімнің сыныптағы жеке тәсілімен үйлеседі, оның қарқындылығы мен сипаты оқушының мүмкіндіктерінің өзгеруінен кейін үнемі өзгеріп отырады. Жеке тәсіл оқушы үшін қысқартылған/жеке бағдарлама шеңберінде оқу тапсырмасының көлемі мен күрделілігін өзгертуден, оқу тапсырмасын кезеңімен орындаудан байқалуы мүмкін; тапсырманы иллюстрацияға, алгоритмдік нұсқамаға, үлгіге, деректер кестесіне сүйеніп, шоттарды, калькуляторды пайдалана отырып, ереже мәтініне сүйеніп орындау мүмкіндігімен көрінеді.

Оқушы сабак тақырыбына сәйкес келмейтін тапсырманы өзінің жеке бағдарламасы бойынша орындаиды. Бұл тапсырманы сабакта сынып мұғалімі дайындаиды және ұсынады. Ол үшін мұғалімге арнайы педагогтың кеңесі қажет. Сондықтан бұл педагогтар автономды емес, ынтымақтастықта жұмыс істейді.

Жетістіктерді бағалау қысқартылған немесе жеке бағдарлама шеңберінде жүзеге асырылады. Бағдарламаның әрбір мақсаты үшін бақылау-диагностикалық тапсырмалар іріктеледі [26].

Жалпы білім беру үйімдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес бастауыш сыныпта «Математика» оқу курсының негізгі мақсаты – білім алушылардың математикалық таным негіздерін менгеруіне және тиісті дағдыларын қалыптастыруына мүмкіндік жасау. Бұл оқу пәні қоршаған ортаны бейнелеу мен түсіну тәсілі ретінде қабылдауды дамытуға бағытталған және білім алушылардың қабылдауы мен танымын кеңейтуді, математикағының қызығушылығын талап етеді.

Бастауыш білім беру деңгейінде математикалық білім берудің негізгі мақсатына сәйкес оқу пәні келесі міндеттерді айқындаиды:

- 1) логикалық ойлауды, кеңістіктік елестетуді және математикалық терминдерді пайдалану біліктілігін дамыту;
- 2) оқу және тәжірибелік проблемаларды шешу, арифметикалық алгоритмдерді пайдалану, геометриялық салулар мен математикалық зерттеулер жүргізу қабілеттерін дамыту;
- 3) сыни тұрғыдан ойлауды, шығармашылық қабілеттерді дамыту;
- 4) өзінің математикалық білімі мен біліктерін басқа пәндерді менгеруде, сонымен қатар күнделікті өмірде қалай пайдалану керектігін түсіну;
- 5) тұлғалық қасиеттер: білуге құштарлық, мақсаттылық, жауапкершілік, сенімділік және тәуелсіздікті дамыту;
- 6) түсінудің, түсіндірудің, талдаудың, синтездің, жүйелеудің, қолданудың және суреттеудің когнитивтік дағдыларын дамыту;
- 7) коммуникативтік және әлеуметтік дағдыларды, топпен жұмыс істеу және өз көзқарасын білдіру, басқа адамдардың пікірін құрметтеу, көшбасшылық қасиеттерді көрсету, өз жұмысын жазбаша және ауызша түрде таныстыру дағдыларын дамыту;

8) ақпаратты іздестіру және таңдау, өз уақытын басқару, өзін-өзі реттеу дағдыларын дамытуға негізделген [29].

Бастаудың мектептегі «Жаратылыстану» пәнінің оқу бағдарламасының мақсаты – әлемнің қазіргі заманғы жаратылыстану ғылымы түрғысынан бейнесі туралы білім негізін қалыптастыру және білім алушылардың зерттеу біліктері мен дағдыларын дамыту.

Оқу пәнінің бағдарламасы келесі міндеттерге жетуге бағытталған:

1) зерттеу, ойлау, коммуникативтік дағдылары мен біліктерінің негізін қалыптастыру;

2) техника мен технологияның дамуына елеулі ықпал еткен жаратылыстанудың маңызды идеяларымен, жетістіктерімен танысу;

3) қоршаған әлемнің құбылыстарын түсіндіру үшін және әртүрлі ақпарат көздерінен алғынған жаратылыстану-ғылымдық түрғысынан маңызды және өмірлік маңызы бар мазмұнды ақпаратты қабылдау үшін алғынған білімді қолдана білу біліктерін менгеру;

4) зияткерлік, шығармашылық қабілеттерін, сынни түрғыдан ойлау қабілетін қарапайым зерттеулер, құбылыстарды талдау, жаратылыстану-ғылымдық ақпаратты қабылдау және түсіндіру барысында дамыту;

5) табиғат заңдарын тану және жаратылыстану ғылымдарының жетістіктерін өркениеттің дамуы мен өмір сапасын жақсарту үшін пайдалану мүмкіндігіне сенімділікті тәрбиелеу;

6) күнделікті өмірде тіршілік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, заманауи технологияларды сауатты пайдалану, денсаулық пен қоршаған органды қорғау үшін жаратылыстану ғылымдары бойынша білімдерін қолдану дағдыларын қалыптастыру [29].

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын іске асыру кезінде «Математика», «Алгебра», «Геометрия» оқу пәндерін негізгі орта білім деңгейінде оқытудың мақсаты оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруды қамтамасыз ету, сынни ойлауды дамыту, оқушылардың жаратылыстану-ғылыми пәндерді оқуға қажетті математикалық білім мен білік негіздерін менгеруі, аталған оқу пәндерінің материалдары негізінде білім алушылардың зияткерлік деңгейін дамыту болып табылады.

1. Міндеттері:

1) «Сандар», «Алгебра», «Геометрия», «Статистика және ықтималдықтар теориясы», «Математикалық модельдеу және анализ» бөлімдері бойынша математикалық білім, білік және дағдыларын қалыптастыру мен дамытуға жағдай жасау;

2) әртүрлі мәнмәтіндегі есептерді шешуде математикалық тілді және негізгі математикалық заңдарды қолдануға, санды қатынастар мен кеңістіктік формаларды оқып білуге мүмкіндік беру;

3) есептерді шешу мақсатында оқушылардың білімдерін математикалық модельдерді құруға және керісінше, шынайы процестерді сипаттайтын математикалық модельдерді түсіндіруге бағыттау;

4) өздігінен оқуға және болашақ таңдаған мамандығы бойынша білімін жалғастыруға қажетті физика, химия, биология және басқа да теориялық облыстарда зерттеулер мен есептерді шешу үшін және практикалық іс-әрекеттерінде математикалық әдістерді қолданудың дағдыларын қалыптастыру;

5) практикалық есептерді шешуде, алынған нәтижелерді бағалау мен анықтылығын орнатуда лайықты математикалық әдістерді таңдаپ алу үшін логикалық және сыни тұрғыдан ойлауын, шығармашылық қабілеттерін дамыту;

6) коммуникативтік дағдыларын, оның ішінде, ақпаратты дұрыс және сауатты түрде беру, сонымен қатар әртүрлі ақпарат көздерінен, басылымдар мен электрондық құралдардан алынған ақпаратты қолдану қабілетін дамыту;

7) өздігінен және топта жұмыс істеуде қажетті тәуелсіздік, жауапкершілік, бастамашылдық, табандылық, шыдамдылық пен толеранттылық сияқты тұлғалық қасиеттерді дамыту;

8) математиканың даму тарихымен, математикалық үғымдардың пайда болу тарихымен таныстыру;

9) қоғамдық ілгерілеу үшін математиканың маңыздылығын түсінуін қамтамасыз ету;

10) математика оқыту процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану дағдыларын дамыту [29].

«Жаратылыстану» пәнінен оқу бағдарламасы негізгі мектепте зерттеу, ойлау, коммуникативтік дағдылар мен біліктіліктер негіздерінің қалыптасуына бағытталған:

1) гипотеза құру және оларды тексерудің жолдарын ұсыну, эксперименттер арқылы алынған мәліметтер негізінде қорытынды жасау;

2) зерттеу мәселелерін дұрыс алу, зерттеу жұмысының жоспарын құру, бақылаулар мен эксперименттер нәтижелерін бағалау және сипаттау, қорытынды шығару;

3) бұқаралық ақпараттық құралдары хабарламаларындағы, интернет желісі ресурстарындағы, ғылыми-көпшілік әдебиеттердегі жаратылыстану бағытындағы ақпараттармен жұмыс: іздеу әдістерін игеру, ақпараттың мағыналық негізін анықтау және ақпараттың растиғын бағалау;

4) зерттеу қорытындыларын түрлі формада ұсыну;

5) жаратылыстану ғылымы бағытындағы маңызды жетістіктердің қолданбалы мәнін түсіндіру.

«Жаратылыстану» пәні негізгі мектептегі «Биология», «География», «Химия», «Физика» пәндерін зерделеу, негізін қалауға бағытталған кіріктірілген курс болып табылады.

Бағдарламаның мақсаты оқушыларды жаратылыстану ғылымы тұрғысынан табиғат пен қоғамның өзара байланысы, табиғаттағы зандылықтардың біртұтастығы туралы білім, ұфым, түсінік қалыптастыру және білімдерін күнделікті өмірде кездесетін табиғат құбылыстары мен үдерістерін түсіндіру, сипаттау, болжай үшін қолдану білігін дамытуға бағытталған.

7-9-сыныптардағы физика курсын оқытудың мақсаты – оқушылардың ғылыми көзқарасының негізін қалыптастыру. Әлемнің жаратылыстанымдық-ғылыми бейнесін тұластай қабылдауды, бақылау қабілеттерін дамыту және табиғат құбылыстарын талдау және тандау арқылы өмірге қажетті практикалық есептердің шешімдерін таба білуге дағдыландыру.

Мақсатқа сәйкес оқу пәнін оқытудың негізгі міндеттері:

1) оқушылардың әлемнің қазіргі физикалық бейнесінің негізінде жатқан іргелі заңдылықтар мен принциптер туралы білімді, табиғатты танудың ғылыми әдістерін менгеру;

2) оқушылардың зияткерлік, ақпараттық, коммуникативтік және рефлексивтік мәдениетін дамытуға, физикалық экспериментті орындау және зерттеу жұмыстарын жүргізу дағдыларын дамыту;

3) оқу және зерттеу қызметіне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу;

4) табиғат ресурстарын пайдалануда және қоршаған ортаны қорғауда, адамды және қоғамды қауіпсіз өмір сұрумен қамтамасыз етуде менгерген дағдыларды қолдану болып табылады.

«Химия» оқу пәні әлемнің біртұтас ғылыми бейнесін, оқушылардың жаратылыстану-ғылымитанымын, табиғатты аялау, сын түрғысынан ойлау және зерттеу дағдыларын дамытуды қалыптастыруда маңызды.

«Химия» оқу пәнінің мақсаты:

1) заттар мен олардың айналымы, заттар қасиеттерінің, олардың құрамы мен құрылышына тәуелділігін түсіндіретін заңдар мен теориялар туралы білім жүйесін қалыптастыру;

2) заттар және химиялық реакциялар туралы білімін өмірде пайдалану біліктерін дамыту.

«География» пәнінің міндеттері:

1) географияның ғылыми пән ретіндегі рөлі мен оның қазіргі заманғы адамзат мәселелерін, сондай-ақ ғаламдық мәселелерді шешудегі әлеуетін түсінуге мүмкіндік беру;

2) оқушылардың бойында табиғат пен қоғам арасындағы өзара байланыстарға, осы байланыстардың кеңістіктік ерекшеліктеріне ғылыми көзқарастарды қалыптастыру;

3) қоғамдық өндірістің, табиғатты қорғау мен табиғатты тиімді пайдаланудың ғылыми-жаратылыстану, әлеуметтік-экономикалық негіздерін ашу;

4) оқушылардың географиялық зерттеу әдістері мен зерттеу дағдыларын игеруіне ықпал жасау;

5) оқушылардың география ғылымының түсініктері мен терминдерін менгеруіне ықпал жасау;

6) кеңістіктік ойлау мен картографиялық дағдыларды қалыптастыру;

7) географиялық білімді күнделікті өмірде, өз іс-тәжірибесінде пайдалану дағдыларын қалыптастыру.

«Биология» пәнінің міндеттері:

1) жер бетіндегі барлық тірі ағзалардың құндылығын түсіну үшін өмірдің құрылымды-функционалды және генетикалық негіздері туралы, тірі табиғаттың негізгі патшылықтары ағзаларының көбеюі мен дамуы, экожүйе, биоалуантүрлілік, эволюция туралы білім жүйесін қалыптастыру;

2) экологиялық этика нормалары мен ережелерін, табиғатқа жауапкершілікпен қарауын қалыптастыру;

3) генетикалық сауаттылықты қалыптастыру – салауатты өмір салты негіздері, психикалық, тән және моральдық денсаулық сақтау;

4) окушылардың тұлғалық қасиеттерін дамыту, биологиялық білімдерін практикада қолдануға ұмтылу, медицина, ауыл шаруашылығы, биотехнология, экологиялық менеджмент және қоршаған ортаны қорғау саласындағы практикалық іс-шараларға қатысу [29].

ЕБҚ бар балаға арналған жеке оқу бағдарламасын әзірлей отырып, мұғалімдер мен психологиялық-педагогикалық қолдау мамандарының командасы қандай көрсеткіштер оның жетістіктерінің критерийі болып табылатындығын анықтайды. Бұл ретте қандай да бір кезеңде оқытын барлық балалар үшін білім беру бағдарламасын игеру және даму динамикасының әзірленген көрсеткіштері пайдаланылады.

Мысалы, жалпы бастауыш білім берудің жоспарланған нәтижелері. Бұдан әрі, білім алушылардың мүмкіндіктеріне сүйене отырып, негізгі білім беру бағдарламасын менгеруде, сондай-ақ табысты әлеуметтендіру үшін қажетті дағдыларды қалыптастыруда әрбір баланың жеке алға жылжу критерийлері қалыптасады.

Инклузияның қыр-сырын игеретін педагогқа ЕБҚ бар окушылардың оқу бағдарламаларын бейімдеуге және жүзеге асыруға бағытталған арнайы технологиялар көмектеседі.

Келесі қажет нәрсе – бағалау критерийлері. Мұғалім ЕБҚ бар білім алушыларға арналған жеке бағдарламаны әзірлеген жағдайда бағалау өлшемдерін инклузивті практика мұғалімі осы бағдарламаның талаптары/мақсаттары шегінен шықпай, білім алушының жеке күтілетін нәтижелері негізінде өз бетінше ойластырады.

Ақыл-ойы кем балалардың ерекшеліктерін зерттеуде мамандар жүргізген зерттеулердің нәтижелеріне сүйене отырып, оларға тән келесі белгілерге назар аудару қажет:

- барлық жүйке-психикалық функциялардың дамымауы кезінде көбінесе абстрактілі ойлау түрлерінің тұрақты жеткіліксіздігі орын алады;

- моторика, сөйлеу, қабылдау, есте сақтау, зейінді, эмоциялық сфера, еркін мінез-құлық формаларының бұзылуымен интеллект бұзылуларын үйлестіру;

- танымдық іс-әрекеттің дамымауы логикалық ойлаудың жеткіліксіздігінде байқалады, көрнекілік-пәрменді ойлау, психикалық үдерістердің қозғалмалылығының бұзылуы, жалпылаудың инерттілігі, қоршаған болмыстың заттары мен құбылыстарын елеулі белгілері бойынша салыстыру неғұрлым сақтаулы болып табылады;

- ойлау қарқынының баяулауы және психикалық процестердің инерттілігі оқыту процесінде менгерілген әрекет тәсілін жана жағдайларға көшіру мүмкіндігінің болмауын анықтайды;

- ойлаудың дамымауы барлық психикалық процестердің: қабылдау, есте сақтау, зейіннің өтуіне әсер етеді.

Бұл ретте, ең алдымен, назар аудару және жалпылау функциялары зардап шегеді, мидың аналитикалық-синтетикалық қызметімен байланысты психикалық белсендерліктің компоненттері бұзылады. Эмоциялық-ерік саласында бұл күрделі эмоциялар мен еркін мінез-құлыш формаларының дамымауынан көрінеді.

Тіпті қарапайым математикалық түсініктерді менгеру баладан талдау, синтез, жалпылау, салыстыру сияқты логикалық ойлау үдерістерін дамытудың жоғары деңгейін талап етеді.

Интеллекті бұзылған оқушыларды математикаға үйретудегі табыс көп жағдайда, бір жағынан, олардың математикалық білімді менгеруінің қыындықтары мен ерекшеліктерін ескеруге, ал екінші жағынан – оқушылардың әлеуетті мүмкіндіктерін ескеруге байланысты. Әрбір оқушының ықтимал мүмкіндіктері өзіндік болса, интеллекті бұзылған барлық оқушыларға тән болатын математикалық білімді, іскерлікті және дағдыларды менгерудің кейір жалпы ерекшеліктерін анықтауға болады.

Тар, мақсатқа бағытталмаған және қабылдаудың әлсіз белсендерлігі олар толық емес, фрагментті, яғни бөліктер бойынша қабылдайтын міндеттерді түсінуде қыындықтар туғызады. Анализ бен синтездің жетілмегендігі бұл бөліктерді біртұтас тұтастыққа байланыстыруға, олардың арасында байланыс пен тәуелділікті орнатуға мүмкіндік бермейді. Қабылдау белсендерлігінің төмендігі оқушылар таныс геометриялық фигурандарды, егер олар әдеттен тыс жағдайда, басқа түсте берілсе танымауына немесе оларды заттардан бөліп алу, қоршаған ортада табу керектігіне алып келеді.

Егер тапсырмадағы сандық деректер цифрен емес, сөзben берілсе, онда оларды мәтіннен табу оқушылар үшін үлкен проблема болып табылады. Егер тапсырманың сұрағы соңында емес, басында немесе ортасында тұрған болса, ол да ерекше қыындық тудырады.

Көрү қабілетінің жетілмегендігі сандарды жазу кезінде көрінеді. Интеллекті бұзылған оқушыларда 3,1,2,7,5 сандарын теріс жазу байқалады. Қай элементтен цифр жазу керек екенін жиі есте сақтамайды. Жазған кезде 3, 6 және 9, 2 және 5 сандарын шатастыруы мүмкін.

Есту қабілетінің жетілмегендігі жеті-сегіз сөздерді естуде әлсіз айырмашылыққа себеп болады.

Кейбір оқушыларда хаттардың қыындығы қолдың треморымен (дірілдеуі), параличпен қыындей түседі. Қозғалыс үйлесімінің бұзылуы көбінесе жазған кезде қатты басуға немесе керісінше қатты баспауға алып келеді.

Кеңістіктік бағдардың қыындықтары оқушылардың жолды көрмеуіне және оның мағынасын түсінбеуіне әкеледі. Олар дәптердің сол жақ жоғары

бұрышында жазуды бастай алады, ал оң жақ төменгі бұрышында диагональ бойынша мәтінді орналастыра отырып, сандар биіктігін, интервалдарды сақтамайды.

Жоғары сыныптарда ірі, тұрақсыз жазулар байқалады. Бұл бағанға есептеулерді жүргізуі қыындалады, себебі мысалдарды жазуда қателіктерді тудырады.

Дифференциацияның әлсіздігі жиі білімнің құлдырауына әкеледі. Ұзындық бірліктерін оқушылар құнның, ауданың бірліктерімен ұқсатады, қашықтықты килограммен, шаршы метрмен өлшейді.

Математикалық білімдердің әлсіз дифференциациясының басқа себебі нақты көріністерден, нақты бейнелерден, объектілерден терминологиядан тыс жатыр. Оқушылар километр мен килограмм сияқты өлшем бірліктерін елестете алмайды, ал олардың дыбысталуында кейбір ұқсастығы олардың ұқсауына әкеледі.

Осы категориядағы оқушылар мысалдар мен міндеттерді, практикалық әрекеттерді шешуде баяу жұмыс істеп, тұрып қалады. Бір ақыл-ой операциясынан басқасына, сапалы басқа операцияға ауысу қыынға соғады. Қайта есептеу әдісін үйренген соң, санау және шегеру тәсілдерін үлкен қыындықпен меңгереді.

Ақыл-ой кемістігі бар оқушылардың жалпылау қабілеті төмендеген. Бұл математикалық ұғымдарды қалыптастыру, зандар мен ережелерді менгеру қыындықтарында көрінеді.

Мысалы: таяқшаларды санай білсе, оқушы бүрлерді немесе басқа да объектілерді санай алмайды. Заттар үйреншікті жағдайда орналаспағанда (тігінен, шашыранқы, қатарда) есептеуі қыынға соғады. Бұл бала сан есімдердің атауларын ретімен үйренгенін көрсетеді, бірақ оның есеп дағдылары қалыптаспаған.

Ойлау икемділігінің кемшіліктері оқушылардың жиі ұқсас фабуламен, етістіктермен, сандық деректермен, сұрақтармен және т.б. есептерді құруына әкеледі.

Сөздердің мағынасын түсінбеу, сөздіктің кедейлігі, оку техникасының әлсіздігі есептерді шешуге үйретуде қыындықтар туғызады. Көп жағдайда оқушылар тапсырманы шеше алмайды, өйткені сөздердің, сөйлемдердің мәнін, есептің пәндік жағдайын, сондай-ақ басқа, екінші, екеуі де, әрқайсысы да сияқты сөздерді қолдануды талап ететін математикалық «жүктемені» түсінбейді.

Кейбір оқушыларда жалпы пәндерге және математикаға, атап айтқанда, ең қыын оқу пәні ретінде теріс көзқарас байқалады. Бұл келеңсіздіктің себептерінің бірі мұғалімнің жұмыс қарқынын, оқу материалының мазмұнын, әдістері мен тәсілдерінің осы балалардың психофизикалық дамуының ерекшеліктерін ескермегенін, осылайша, оларды басынан бастап «сәтсіздікке» бөгеп тастағанын білдіреді.

Әрине, жалпы білім беретін мектепте жұмыс істейтін және арнайы дефектологиялық білімі жоқ мұғалімге зияткерлік дамымаған балалармен кіріктірілген оқыту жағдайында жұмыс істеуге тура келетін жағдайда осы жағдайға бағдарлау қын. Сондықтан өз қызметін жоспарлай отырып, мұғалім оқушылардың құрамын жақсы зерделеп, әр адамның ақыл-ой кемістігінің себептерін, оның мінез-құлқының ерекшеліктерін, оның психикалық-дene ерекшеліктерін, бұзушылық дәрежесін ескере отырып, сыйыптың фронтальды жұмысына қосу жолдарын белгілеу үшін оның әлеуетті мүмкіндіктерін анықтауы тиіс. Бұл оқушыларға дифференциалды және жеке тәсілді дұрыс жүзеге асыруға, жеке жұмыс жолдарын белгілеуге, оқытуды табысты және сұранысқа ие етуге мүмкіндік береді [30].

Ақмола облысының әкімдігінің «Көкшетау қаласының психикалық дамуы тежелген және зияткерлік бұзылыстары бар балаларға арналған №1 облыстық арнайы түзету мектеп-интернаты» КММ-нің ЕБҚ бар білім алушыларды оқыту мақсаттарын саралауға көзқарасты әзірлеу бойынша тәжірибесін қарастыруды ұсынамыз. Төменде берілген кестелерде оқытудың сараланған мақсаттарына сәйкес бағалау критерийлерін әзірлеу тәсілдері көрсетілген (3 кесте).

Төменде ЕБҚ бар білім алушыларды есепке ала отырып, негізгі мақсаттар бірнеше жетістік мақсаттарына бөлінген кестелер берілген. Барлық мұғалімдер, төменде берілген кестені пайдалана отырып, ЕБҚ бар білім алушылар үшін нақты қол жетімді мақсаттарды таңдау қындық туғызбайтынына назар аудару керек.

Аталған кестелер оку бағдарламасының оку мақсаты баланың психофизикалық мүмкіндіктеріне байланысты нақты қол жетімді мақсаттарға бөлінуі мүмкін екенін көрсетеді, аталған жағдайда бұл интеллектуалдық деңгейіне де байланысты болады. Егер дамуында психикалық кешеуілдеуі бар білім алушылар мен орташа ақыл-есі кем білім алушыларға арналған мақсаттарды салыстырсақ, онда мұғалімге көрсетілетін әртүрлі деңгей мен демонстрациялық материалдарды таңдап алу маңызды рөл атқаратыны түсінікті болады. Сонымен қатар, бұл мақсаттар оку бағдарламасының жалпы мақсаттарына біріктірілетін болады.

Кестеде келтірілген мысалдар қысқамерзімді жоспарлауды дайындау барысында сауатты жұмыс істеуге үйретеді, әсіресе білім беру мақсаттары «бәрі», «көпшілігі», «кейбіреулері» сараланған жағдайта тигізетін әсері өте мол. ЕБҚ бар оқушылар «бәрі» тобына жатады. Мұнда ЕБҚ бар балалар оған шын мәнінде қол жеткізете алатын оку мақсаттарын ғана қарастырып алу қажет. Яғни, мұғалім бұл мақсатты өзекті даму аймағына қатысты жоспарлайды (оқытудың осы кезеңінде бар мақсаттарды) және соған сәйкес жақын дамыту аймағында жұмыс істейді (бүгін бала біреудің көмегі арқылы жасайды, ертең ол өз бетінше жасайды) [31].

Жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне арналған осы әдістемелік құралда еліміздің арнайы білім беру ұйымдарының тәжірибесінен басқа да әдістемелік құралдар ұсынылады.

Кесте 3 – Математика сабактарында мақсаттарды саралау

Бөлімнің №	Бөлімнің мақсаты	Шағын мақсаттар	I деңгей (ПДТ)	II деңгей (ПДТ, ЖАҚ)	III деңгей (ЖАҚ, ОАҚ)	IV деңгей (ОАҚ)
I білім беру кезеңі. Шамалық ұғым: үлкен-кіші	Екі салыстырылып отырған заттың үлкен (кіші) екенін білу және көрсету керек. Мұғалімнің көрсеткені, үлгі, мұғалімнің ауызаша нұсқауы бойынша көлеміне қарай тегіс заттарды салыстыру кезінде беттестіру амалдарын өз бетінше пайдалану. Заттарды топтарға бөлу;	Көлемі бойынша (үлкен-кіші, үлкенірек-кішілеу) 2-3 затты салыстыру кезінде олардың әрқайсының қасиетін атау керек. Тегіс заттарды салыстыру кезінде беттестіру амалдарын өз бетінше пайдалану. Заттарды топтарға бөлу;	Заттардың көлемін ойын, тұрмыстық, пәндік қызмет тұрғысынан ескереді	Заттарды (3-5) көлемі бойынша жіктеу (саралау).	Көлемнің белгілері бойынша (топтастырады).	Көрсеткеннен кейін үлкен допты, кіші допты алады.
Шамалық ұғым: ұзын-қысқа	Екі салыстырылып отырған заттың ұзын (қысқа) екенін білу және көрсету.	Ұзындығы бойынша (ұзын-қысқа, ұзынырақ - қысқалау) 2-3 затты салыстыру кезінде олардың әрқайсының қасиетін атау.	Заттардың ұзындығын ойын, тұрмыстық және пәндік қызмет тұрғысынан ескереді. Бір затың екіншісінен қаншага ұзын (қысқа) екенін көрсетеді.	Заттарды (3-5) ұзындығы бойынша жіктеку (саралау).	Ұзындық белгілері бойынша (топтастырады). Заттарды ұзындығы бойынша тенестіреді.	Көлемді анықтау білігін қалыптастыру қызындық келтіреді.

Кесте 3 – жалғасы

	Мұғалімнің көрсеткені, үлгі және мұғалімнің ауызша нұсқауы бойынша ұзындығына қарай тегіс заттарды салыстыру кезінде беттестіру амалдарын өз бетінше пайдалану. Заттарды топтарға бөлу;					
Шамалық ұғым: кең-тар	Екі салыстырылып отырған заттың кең (тар) екенін білу және көрсету керек. Мұғалімнің көрсеткені, үлгі және мұғалімнің ауызша нұсқауы бойынша еніне қарай тегіс заттарды салыстыру кезінде беттестіру амалдарын өз бетінше пайдалану .	Ені бойынша (кеңтар, кеңірек -тарлау) 2-3 затты салыстыру кезінде олардың әрқайсының қасиетін атау. Тегіс заттарды ені бойынша салыстыру кезінде беттестіру және приложения амалдарын өз бетінше пайдалану.	Заттардың енін ойын, тұрмыстық, пәндік қызмет түрғысынан ескереді.	Заттарды (3-5) ені бойынша жіктеу (сараплау).	Енінің белгілері бойынша заттарды топтарға (топтастырады) бөлшектейді.	Көрнекілікпен көрсеткеннен кейін заттардың кең-тар екенін көрсетеді
Шамалық ұғым: биік-аласа	Екі салыстырылып отырған заттың биік (аласа) екенін білу және көрсету.	Биіктігі бойынша (биік-аласа, биіктеу -аласалау) 2-3 затты салыстыру кезінде	Заттардың биіктігін ойын, тұрмыстық, пәндік қызмет	Заттарды (2-3) биіктігі бойынша жіктеу (қалпына келтіру).	Биіктік белгілері бойынша заттарды топтарға	Биік үй, аласа үй екенін көрсету

Кесте 3 – жалғасы

	<p>Мұғалімнің көрсеткені, үлгі және мұғалімнің ауызша нұсқауы бойынша биіктігіне қарай тегіс заттарды салыстыру кезінде беттестіру амалдарын пайдалану .</p>	<p>олардың әрбіреуінің қасиетін атая. Тегіс заттарды биіктігі бойынша салыстыру кезінде беттестіру амалдарын өз бетінше пайдалану.</p>	<p>тұрғысынан ескереді. Бірін екіншісінен биіктігі бойынша саралау (қалпына келтіру).</p>	<p>Бір заттың екіншісінен қаншаға биік (аласа) екенін көрсетеді.</p>	<p>(топтастырады) бөлшектейді.</p>	<p>бойынша анықтайды.</p>
Шамалық ұғым: қалың-жұқа	<p>Екі салыстырылып отырған заттың қалың (жұқа) екенін білу және көрсету керек. Мұғалімнің көрсеткені, үлгі, мұғалімнің ауызша нұсқауы бойынша қалыңдығына қарай тегіс заттарды салыстыру кезінде беттестіру амалдарын пайдалану.</p>	<p>Қалыңдығы бойынша (қалың-жұқа, қалыңдау - жұқалау) 2-3 затты салыстыру кезінде олардың әрбіреуінің қасиетін атая. Тегіс заттарды қалыңдығы бойынша салыстыру кезінде беттестіру амалдарын өз бетінше пайдалану.</p>	<p>Заттардың қалыңдығын ойын, тұрмыстық, пәндік қызмет тұрғысынан ескереді.</p>	<p>Заттарды қалыңдығы бойынша жіктеу (саралау).</p>	<p>Қалыңдық белгілері бойынша заттарды топтарға (топтастырады) бөлшектейді.</p>	<p>«Рамкалар және қосымша парап» ойынында заттардың қалыңдығын ескереді.</p>
Шамалық ұғым: терең-таяз	<p>Екі салыстырылып отырған заттың терең (таяз) екенін білу және көрсету.</p>	<p>Тереңдігі бойынша (терең-таяз, тереңдеу -таяздау) 2-3 затты салыстыру</p>	<p>Заттардың тереңдігін ойын, тұрмыстық,</p>	<p>Нысаналарды салыстыру</p>	<p>Тереңдік белгілері бойынша топтарға</p>	<p>Шамаларды түсіну: терең –</p>

Кесте 3 – жалғасы

	Мұғалімнің көрсеткені, үлгі, мұғалімнің ауызша нұсқауы бойынша тереңдігіне қарай тегіс заттарды салыстыру кезінде қабаттастыру амалдарын пайдалану.	кезінде олардың әрбіреуінің қасиетін атая. Тегіс заттарды тереңдігі бойынша салыстыру кезінде қабаттастыру амалдарын өз бетінше пайдалану.	пәндік қызмет түрғысынан ескереді.	амалдарын өз бетінше пайдаланады.	(топтастырады) бөлшектейді.	таяз түсіну қын.
Заттың ауырлығы туралы ұғым	Мұғалімнің көмегімен және көмегінсіз заттың «қолға» ауыр және женіл екенін анықтау.	Заттарды «қолға» ауырлығы бойынша өз бетінше салыстыру. Ауырлығы бойынша (ауыр-женіл, ауырлау -женілдеу) 2-3 затты салыстыру кезінде олардың әрбіреуінің қасиетін атая.	Заттардың ауырлығын ойын, түрмистық, пәндік қызмет түрғысынан ескереді.	Заттарды ауырлығы бойынша жіктеу (саралау).	Ауырлылық белгілері бойынша заттарды топтарға (топтастырады) бөлшектейді.	Заттарды «қолға» көтерумен ауыр және женіл зат екенін анықтайды.
Сандық ұғым: біреу – көп-аз, біреуі де емес, соншама, тендей, бірдей.	Көп мөлшерді, сүйық және сусымалы заттарды (су, құм, жарма) салыстыру жағдаятында санын білу (көп-аз, біреу-біреуде емес, соншама).	Көп мөлшерді, сүйық және сусымалы (көп-аз, көpteу-аздau, біреуі де емес, біреу, соншама) 2-3 затты салыстыру кезінде олардың әрбіреуінің қасиетін атая.	Санына қарай екі топтың заттарын салыстыру кезінде екеуара белгілеу	Сүйық және сусымалы заттар санының азаюына және көбеюіне	Мұғалімнің көрсетуі және оған еліктеу бойынша сүйық және	Үлгі бойынша заттардың саны

Кесте 3 – жалғасы

	Мұғалімнің көрсеткені, үлгі, мұғалімнің ауызша нұсқауы бойынша санына қарай екі топтың заттарын салыстыру екеуара белгілеу амалдарын пайдалану.	Сандарына қарай екі топтың заттарын теңестіру кезінде жетіспегенді қосу және артық затты алғып тастау тәсілдерін қолдану	амалдарын өз бетінше пайдалану.	алып келетін әрекеттерді пайдаланады.	сусымалы заттардың саны көбейеді және азаяды.	көбейеді және азаяды.
Кеңістік ұғымы	Өз денесінің бөліктеріне бағдарлану: мұғалімнің түсіндіруі бойынша: жоғарыда – бас, мойын, кеуде; төменде – аяқтар; алдында – беті, кеуде, іш; артында – арқа, он – сол қолдарын аяқ, көз, құлақ, жақ. Заттарды өзіне қатысты орналастыру: мұғалімнің көрсетуі бойынша алыс - жақын,	Өз денесінің бөліктерінің кеңістіктік орналасуын атаяу: жоғарыда – бас, мойын, кеуде; төменде – аяқтар; алдында – беті, кеуде, іш; артында – желке, арқа, он – сол қолдары, аяқ, көз, құлақ, жақ. Басқаларға қатысты заттардың орналасуын көрсету: мұғалімнің түсіндіруі, ауызша нұсқаулық бойынша:	Дене бөліктерін өзіне және басқа адамға қатысты кеңістіктік орналасуын анықтайды және атайды. Заттың басқа заттарға қатысты орналасу орнын атайды: «жоғары – төмен, қасында, маңында, ішінде, алға, үсті, асты, қарама-қарсы, арасында, ортасында».	Заттың өзіне қатысты кеңістіктік орналасуын атайды: «алыс, жақын, қасында, маңында, сонда, осы жерде».	Кеңістіктегі заттардың бағытын атайды; Алға-артқа, онға-солға, шетке	Өзіне қатысты ауызша нұсқаулық бойынша заттарды кеңістікте ауыстырады: мұғалімнің көрсетуі бойынша алыс, жақын.

Кесте 3 – жалғасы

	қасында, маңында, сол жерде, осы жерде. Көрсетілген бағыттар бойынша қозғалу: мұғалімнің түсіндіруі бойынша алға-артақа, онға-солға, алысқа.	«жоғары - тәмен, қасында, маңында, ішінде, алға, үсті, асты, қарама-қарсы, арасында, ортасында».				
Қолдану тәртібіне қатысты.	Түсіндіру және үлгі бойынша заттарды бір қатарға орналастыру (олардың моделі, бейнесі).	Оның орнын сипаттайтын сөздерді түсіне отырып, басқа заттардың қатарынан көру.	Басқа заттардың қатарында оның орнын сипаттайтын сөздерді пайдалана отырып, қатардағы заттардың орнын атаяу	Заттарды қатарға орналастыру (олардың моделі, бейнесі).	Оның орнын сипаттайтын сөздерді түсіне отырып, басқа заттардың қатарынан көру.	—
Уақыт ұғымдары: кеше, бүгін, ертең, таңертең, күндіз, кеш, түн.	«Кеше», «бүгін», «ертең» ұғымдарымен өз өмірінің жарқын жақтарының ара қатынасын белгілеу. Өз өмірінің жарқын жақтарын тәулік белімдерімен ара қатынасын белгілеу.	Тәуліктің өткен және алдыңғы беліктерін анықтау.	Тәулік белімдерінің жүйелілігін атайды. Тәуліктің өткен және алдыңғы беліктерін атайды.	Тәулік белімдерінің жүйелілігін атайды. Тәуліктің өткен және алдыңғы беліктерін атайды.	«Кеше», «бүгін», «ертең» ұғымдарымен өз өмірінің жарқын жақтарының ара қатынасын белгілеу.	Мұғалімнің көмегімен уақыт ұғымдарын анықтай біледі.

Кесте 3 – жалғасы

Көрнекі геометрияның элементтері.	<p>Түсіндіруі, ауызша нұсқаулық бойынша заттардың арасынан шар мен куб ойыншығын табу.</p> <p>Геометриялық фигурандар арасынан үлгі бойынша модельдерді: шеңбер, квадрат, үшбұрышты табу.</p> <p>Мұғалімнің көмегімен шеңберді, квадратты, үшбұрышты шаблонмен айналдыра қоршау.</p>	<p>Заттардың арасынан атауы бойынша шар мен куб ойыншығын табу.</p> <p>Геометриялық фигурандар арасынан модельдерді: атауы бойынша шеңбер, квадрат, үшбұрышты табу.</p> <p>Шеңберді, квадратты, үшбұрышты шаблонмен айналдыра қоршау.</p>	<p>Геометриялық фигурандарды: куб, шар, квадрат, шеңбер, үшбұрышты атау.</p> <p>Шар, куб, шеңбер, квадрат, үшбұрыш формасындағы коршаған кеңістіктегі заттардан табу.</p>	<p>Ауызша нұсқаулық бойынша геометриялық модельдерді табу:</p> <p>куб, шар, квадрат, шеңбер, үшбұрыш.</p>	<p>Геометриялық модельдер арасынан шеңбер, квадратты табу, алынған фигураны штрихтау .</p>	<p>Мұғалімнің көмегімен алынған фигураны штрихтайды.</p>
<p>II білім беру кезеңі.</p> <p>Бірінші бестіктің санын нөмірлеу.</p>	<p>Пәндейк-практикалық қызметте +1,-1 тәсілімен сандардың жасалуы.</p> <p>1, 2, 3, 4, 5 сандары.</p> <p>Сандардың ара қатынасы, заттардың сандар.</p>	<p>Қайта есептеусіз, яғни санды жаһандық деңгейде қабылдай отырып, сандық фигурада топтағы заттардың санын білу.</p> <p>Сан есімдерді (реттік және есептік) тікелей және кері</p>	<p>Санауды пайдаланып, суреттегі, сандық фигурада топтағы заттар санын анықтайды (5 саны шегінде)</p> <p>«Қанша?» деген сұрапқа жауап береді.</p>	<p>+ 1 және – 1 тәсілімен бірінші бестіктегі кез келген санды алады. Саусақтар санына, сан есім және 1-5 сандарымен заттар санының ара қатынасын белгілейді.</p>	<p>Екеуара ара қатынасты белгілеу, қайта санау тәсілдерімен топтарды салыстырады.</p>	<p>Қабаттасу және қосымша тәсілдерімен Сандарды атамай (бірге бір) 3 санының шегіндегі саны бойынша пәндердің ара қатынасын белгілеу.</p>

Кесте 3 – жалғасы

	<p>Сандық қатарда әрбір 1-5 сандарының орны. Басқа екі аз сандардан 2, 3, 4, 5 сандарының кұрамы (сандар туралы ұсыныстар деңгейінде ішінara көрнекілікті пайдалану арқылы пәндік-практикалық қызмет).</p>	<p>тәртіппен 1-ден бастап 5 саны шегінде, сондай-ақ кез келген санды атау.</p> <p>Атауы және үлгі бойынша сандық кассадан 1-5 сандарын іздеу.</p> <p>Сандық қатарда бірінші бестіктеңі әрбір санның орнын білу.</p> <p>1-5 сандарын жазу.</p> <p>Жіктеудің түрлі нұсқаларын пайдалана отырып, пәндер тобын (2-5) екі топқа бөлшектеу.</p>	<p>Қандай екі аз саннан 2, 3, 4, 5 сандарын кұрастыруы мүмкін.</p>			
5 санының шегінде қосу және азайту .	<p>Қосу мен азайтудың нақты мәні. Белгілері:</p> <p>« + » (қосу), « - » (азайту), « = » (тән). Ишінara көрнекілікті пайдалана отырып (1 саны бойынша қосып есептеу</p>	<p>Аталған жиынға заттарды қосу (сусымалы, сұйық заттар) олардың санын көбейтетінін, ал аталған жиыннан кейір заттарды (сусымалы, сұйық заттар) алып тастау олардың санын азайтатынын білуі тиіс.</p>	<p>Қосу мен азайту әрекеттерінің мәнін түсінеді, пәндік-практикалық қызметтердің жолымен мысалды жазу кезінде « + » (қосу), «-» (азайту), « = »</p>	<p>1 саны бойынша қайта санау немесе үстеп есептеу және санап шығу амалдарын қолданады, сомма мен айырмашылық кезінде сандардың кұрамын біледі.</p>	<p>Ішінara көрнекілікті пайдалана отырып нақты материалдар негізінде (қайта санауды қабылдау) 5 санының шегінде қосу және азайту.</p>	<p>Қосу мен азайтудың мағынасын ашатын сөздерді түсінеді: болды, болған, қалды.</p>

Кесте 3 – жалғасы

	<p>және санап шығу), нақты материалдар негізінде (қайта санауды қабылдау) 5 санының шегінде қосу және азайту, есептеу дағдыларының көмегімен (1 саны бойынша қосып есептеу және санап шығу және санының кұрамын білуге негізделген амал). Мұғалімнің сөзімен арифметикалық әрекеттің компоненттері мен нәтижелерін атая.</p>		(тән) белгілерін дұрыс пайдаланады		
Арифметикалық есептер.	<p>Карапайым арифметикалық есептерді құрастыру және шешу, Ашық және жабық нәтижелер соммасы мен қалдығын табуға арналған драмаландыру есептері, иллюстрациялық есептер.</p>	<p>Бірнеше бірлікке сандардың азаюы мен көбеюіне, сандарды айырымдық салыстыруға, белгісіз қосылғыштарды, азайғышты, азайтқышты табуға арналған есептерді құрастыру және шешу.</p>	<p>Жабық нәтижелер соммасы мен қалдығын табуға арналған арифметикалық есептерді шешу, одан әрі атаусыз мысалдар құрастыру.</p>	<p>Ашық және жабық нәтижелер соммасы мен қалдығын табуға арналған арифметикалық есептерді шешу.</p>	<p>Қосу мен азайту бір амалда берілген есептерді шешу.</p> <p>Есептерді шешу білігін қалыптастыру қындық келтіреді. «Қосу» және «алу» үғымдарын «артық», «кем» сөздерімен сәйкестендіру .</p>

Кесте 3 – жалғасы

Шама. Құн шаралары.	Ұзындық бірлігін – м метрді атап; 1 м = 10 дм, 1 м = 100 см, 1 дм = 10 см сәйкестендіру. Тенге құнының бірлігі, белгісі 1тг., 2тг., 5тг. монеталарымен танысу.	Оқыған ұзындық бірліктері арасындағы арақатынасты белгілеу: см, дм, м; Белгілеу: м; Арақатынасы С:1 тг =100тн. Монеталарды жинау және айыру. Ойындар мен жаттыгуларда 1, 2, 5тг монеталарды айрып тану.	Сынық сзызық ұзындығын см. анықтайды. Барлық мүмкін болатын нұсқалармен 5, 10 тенгелік монеталарды айырбастау.	Берілген ұзындықтан кесінді сизу. Барлық мүмкін болатын нұсқалармен 5 тенгелік монетаны айырбастау.	Сызғыштың көмегімен кесінді өлшейді. 1 тенгеден бес монетаны 5 тенгелік құны бар монетаға айырбастайды.	Заттардың шамасын үлгі бойынша анықтайды: ең үлкен -үлкен – кішірек –кіші; ұзын – ұзынырақ, қысқа – қысқалау; 1 тенге және 2 тенге монетасымен таныс. Оларды айрып таниды.
Уақыт ұғымдары.	Оқыған ұғымдарды қайталау. Арғы күні, келесі күні ерте – кеш, кешігу, Ертеде, тақауда, баяу-тез, үлкен-кіші, бастапқыда – сосын.	Адамның жасына қарай үлкен не кіші екенін ажырату. Қозғалмалы обьектіні тез және баяу айрып тану.	Ұғымдардың арақатынасын белгілеу: жақын мандағы адамдардың жеке өмірі мен қызметі бойынша ертен, бүгін, кеше, арғы күні, ерте, кеш, кешігу, ертеде, жақында, бастапқыда, сосын.	Қозғалыстарды денесімен шапшаң және баяу орындейді. Белсенді сөйлеуді, уақыттық ұғымдарды пайдаланады.	Заттардың, ойыншықтардың әртүрлі жылдамдығын үлгілейді. Ұғымдардың арақатынасын белгілеу: ертен, бүгін.	Суретке жүгіне отырып, уақыттық ұғымдарды анықтайды: күн – түн, көрсетілімнен кейін: таң – кеш.
Кеңістік ұғымдары.	Оқыған ұғымдарды қайталау.	Қағаз парагындағы заттың жазықтықтағы орнын білу:	Қағаз парагындағы заттың жазықтықтағы	Мұғалімнің нұсқауы бойынша қағаз парагындағы заттың жазықтықтағы белгілі	Мұғалімнің нұсқауы бойынша қағаз парагындағы заттың жазықтықтағы белгілі	Өзіне қатысты ауызша нұсқаулық бойынша

Кесте 3 – жалғасы

	Қағаз парағының жазықтығына бағдарлану.	орталығында, ортасында, он жағынан, сол жағынан, арасында.	орнын айтады (орталығында, ортасында, он жағынан, сол жағынан, арасында).	заттың жазықтықтағы белгілі бір орнын білу, заттың жазықтық бейнесі туралы біледі (орталығында, ортасында, он жағынан, сол жағынан, арасында).	бір орнын білу, заттың жазықтық бейнесі туралы біледі (ортасында, он жағында, сол жағында).	заттардың кеңістігін ауыстырады: жоғары, төмен, онға, солға.
Көрнекі геометрияның элементтері.	Оқыған ұғымдарды қайталау: Куб, шар, брус. Квадрат, шенбер, үшбұрыш, тік төртбұрыштың сопақ. Сызықтар: тік, кисық (узік), түйік және түйікталмаған. Нұкте. Тік және жанама бұрыштарды айырып тану (доғал және сүйір).	Білу: үлгі және атавы бойынша шенбер, сопақ, квадрат, тік төртбұрыш, үшбұрыш. Тік төртбұрыштың карама-қарсы жақтарының қасиеті. Шар мен шенберді, куб пен квадратты, брус пен тік төртбұрышты ажырату. Сызбадан тік, кисық сызықты білу.: Оларды модельдеу және құрастыру.	Шарды, кубты, брусті табады. Ауызша нұсқаулық, бойынша шенбердің, сопактың, квадраттың, тік төртбұрыштың үлгілері. Доғал және сүйір бұрыштарды айырып таниды, оларды үлгілейді.	Ауызша нұсқаулық, көрермендік үлгі бойынша сезіну арқылы шар, куб және шенбердің моделін сопакты, квадратты, тіктөртбұрышты, үшбұрышты табу («Ғажайып қалта» ойыны). Сызбада: тік, кисық сызықтарды біледі, оларды үлгілейді.	Түсіндіру және үлгі бойынша геометриялық фигурапардың модельдерінен қарапайым бастырмалар, құрастырып шығарады. Шарды, кубты табады.	Үлгі және атавы бойынша ойындар мен жаттығулардан геометриялық фигурапарды: шенбер, квадрат, үшбұрышты таңдап алады Түсіндіру және үлгі бойынша бөлімдерден шенбер, квадрат, үшбұрыш құрастырады.

Кесте 3 – жалғасы

<u>III блім беру кезеңі.</u> Немірлеу.	1-5 сандарын нөмірлеуді қайталау. Пәндік-практикалық қызметте +1,-1 тәсілімен 6-дан 10-ға дейінгі сандарды құрастыру. 0 саны, 0, 6, 7, 8, 9 сандары. Екі санмен 10 санын жазу. Саннын, алымды, цифрдың ара қатынасын белгілеу. Сандық қатардағы сандардың жүйелілігі. Сандарды салыстыру. Сандардың құрамы. Саналтырыу белгілері. Сан мен цифр.	Сан есімдерді (реттік және есептік) тікелей және кері тәртіппен 1-ден бастап 10 саны шегінде, сондай-ақ кез келген санды атая. Атауы және үлгі бойынша сандық кассадан 0,1-9 және 10 сандарын іздеу. Сандық қатарда бірінші бестіктеңі әрбір саның орнын білу. 0,1-9 және 10 сандарын жазу. Сандық қатардағы бірінші ондықтағы әрбір саның орнын білу. Жіктеудің түрлі нұсқаларын пайдалана отырып, пәндер тобын (2-10) екі топқа бөлшектеу.	+ 1 және – 1 тәсілімен бірінші ондықтағы кез келген санды алады. Сандарды салыстырады, белгілердің көмегімен салыстырудың нәтижесін жазады. Екеуара сәйкестендіру, қайта санау тәсілдерімен заттар тобының ара қатынасын белгілеу. Сандық қатардың қасиетін түсінеді. Жіктеудің түрлі нұсқаларын пайдалана отырып, пәндер тобын (2-10) екі топқа бөлшектеу.	0,1-9 және 10 сандарын жазады. Сандық қатардағы бірінші ондықтағы әрбір саның орнын білу. «Қанша?» деген сұраққа жауап береді. Қандай екі аз саннан 2-10 сандарын құрастыруы мүмкін.	Санауды пайдалана отырып, суретке, сандық фигуralарға арналған топтағы (10 санының шегінде) топтағы заттардың санын анықтайды. Саусақтар санына, сан есім және 0,1-10 сандарымен заттар санының ара қатынасын белгілейді.	Заттардың санына сәйкес сандардың ара қатынасын белгілеу. Түсіндіру бойынша 5 саны шегінде реттік санау. Мұғалімнің көрсетуі бойынша аз немесе көп санды көрсетеді.
10 саны шегіндегі қосу мен азайту.	Ішінара көрнекілікті пайдалана отырып (1 саны бойынша	Аталған жиынға заттарды қосу (сусындалы, сұйық заттар) олардың	Қосу мен азайту әрекеттерінің мәнін түсінеді, пәндік-	1 саны бойынша қайта санау немесе үстеп есептеу және	Ішінара көрнекілікті пайдалана отырып нақты материалдар негізінде (қайта материалдар	Түсіндіру және үлгі бойынша нақты материалдар

Кесте 3 – жалғасы

Еңбекті үйымдастыру мәдениеті	<p>Практикалық және зертханалық жұмыстарды жүргізу кезінде санитарлық – гигиеналық талаптарды және қауіпсіздік ережелерін, өз жұмс орнын үйымдастыру ережелерін білу және сакта; ұқыпты жұмыс жасау, жабдықтарға, құралдарға мүқият қарау; берілген алгоритм бойынша жұмысты орындау; құралдарды таза ұсташа, жұмыс аяқталған соң оларды арнайы орындарына жинау.</p>

Кесте 24 – жалғасы

Сөздік және сөз тіркестері	<p>Тірі ағза, жапырақ, гүл, сабак, тамыр, жеміс, көбею мүшесі, тұқым. Гүлдің тәжі, гулше, гүл күлтесі, аналық, аналық мойны, аналық аузы, түйін, гүлсабак, аталық, тозаң, аталық жіппесі. Гүлшоғыр, масақ, шоқ, шатыршагул, шоғырбас, собық. Тасымалдана тозаңдану, өздігінен тозаңдану, қуарғыш шөп. Шырынды жемістер құрғақ жемістер, сүйекжеміс, жидек, емен жаңғағы, жаңғақ, тұқым, дән, қауашақ, бұршақ, қабық; Өздігінен таралу, қанатжен; Қабығы, жол-жол, ұрық, тұқымжарнақ, тұп, сабакша, бұршікше, қосжарнақты; Дән, жеміссерік, эндосперм, біржарнақт; өнгіш, өнімсіз, өскіндер; тұқымды егу тереңдігі. Басты тамыр, шеткі тамырлар, қосалқы тамырлар, тұптеу. Өзектік тамырлық жүйе, шашақты тамырлық жүйе, тамыр талшықтары. Жапырақ алақаны, сап, параллельді, доға тәріздес. Хлорофилл, хлоропласт, крахмал. Булану, салқындау лептестік. Оттегі, көмірқышқыл газы. Жапырақтың түсі. Сабак, діңгек, қабық, өзек, түзуши ұлпа, жылдық шенбер. Минералды және органикалық заттар. Сабактар: түзу тұратын, бұйра, жабысқақ, жатаған, қысқа. Өзгерген жас бұтақтар, түйнек, тамыр, сабак, пияз, көз. Тұтас ағза, өзара байланыс. Вегетативті көбею, вегетативті мүше, өзекті сал, тамырлы сап, жапырақты сап, пияздық, тамыр атпасы.</p>
Жабдықталуы	Оқулық, жұмыс дәптер; өсімдіктер және тәжірибелер мен зертханалық жұмыстар жүргізу ушін қажетті құралдар.
Пәнаралық және пән ішіндегі байланыстар	Алған білімді және білікті өзге сабактарда: география, орыс тілі, енбекке баулу сабактарында, практикада, түрмисста пайдалану.

Кесте 25 – «Тірі ағзаларының көптүрлілігі» технологиялық картасы»

Сабак саны	7сағат
Оқу мақсаттары	<p>1. Бактериялар туралы жалпы түсінікке ие болу: олардың көбеюі және таралуы, табиғаттағы және адам өміріндегі маңызы.</p> <p>2. Қалпақты саңырауқұлақтың, жемістің, саңырауқұлақ жіпшесінің құрылымың білу; жеуге жарамды және улы саңырауқұлақтарды ажырата білу, саңырауқұлақтар жинау ережелерін білу және сақтау.</p> <p>3. Көпжылдық споралық өсімдік ретінде мұқ туралы түсінікке ие болу.</p> <p>4. Мұктедің өсетің орындарын атаяу, топырақтартың пайда болу және пайдаланылуы туралы әңгімелейу.</p> <p>5. Шаңжапырақтылардың өсу орындары, құрылымы ерекшеліктері туралы әңгімелейу.</p> <p>6. Тас көмірдің пайда болуы және қолданылуы туралы әңгімелейу.</p>
Енбекті үйымдастыру мәдениеті	Жаратылыстану сабағында өзін ұстау ережелерін, өз жұмыс орнын үйымдастыру ережелерін білу және сақтау.
Сөздік және сөз тіркестері	Бактериялар, споралар. Топрақтағы бактериялар; ашу, шіру, түйнек бактериялары; ауру тудыратын бактериялар; мұржалы саңырауқұлақтар, қатпарлы саңырауқұлақтар, жеміс, қалппақ, аяқ, споралар, саңырауқұлақ жіпшесі, жеуге жарамсыз саңырауқұлақтар, жеуге жарамды саңырауқұлақтар, улы саңырауқұлақтар. Көкек зығыры; сфогнум, мұқ, топырақ. Шаңжапырақтылар, споралар, тас көмір.
Жабдықталуы	Оқулық, жұмыс дәптер.
Пәнаралық және пән ішіндегі байланыстар	Алған білімді және білікті өзге сабактарда: география, орыс тілі, енбекке баулу сабактарында, практикада, тұрмыста пайдалану.

Кесте 26 – «Үш аю» ертегісінен үзінді

<p>3-денгей</p> <ol style="list-style-type: none"> Заттардың көлемін тұрмыстық, заттық іс-әрекеттерде есепке алады. Үш-бес заттарды көлеміне қарай реттейді (түзетіледі). 	<ol style="list-style-type: none"> Баланың алдына «Үш аю» ертегісінен үш аю және көлемдері әртүрлі үш тостаған (қасық, күрішке, орындық) қояды. Мұғалім: «Аюларға олардың тостағандарын (қасық, күрішке, орындық) бер», - дейді. Немесе балада үлкен және кішкентай екі қуыршағы және олардың әрқайсысына арналған киім жиынтығы бар. Мұғалім қуыршақтарды киіндіруді ұсынады. Баланың алдына көлемдері әртүрлі текшелер (доптар, стақандар, матрешкалар және т.б.) қойылады. Мұғалім: «Текшелерді кішісінен (үлкенінен) бастап көлеміне қарай қатарға тіз», - деп сұрайды. Немесе Монтессори материалдарынан қызғылт мұнараны салуды өтінеді.
---	--

Кесте 27 – Технологиялық карта

Сабак саны	6 сағат
<p>«Өзім туралы»</p> <p>Ортақ тақырыбының мәтініндегі оқу мақсаттары</p>	<p>1. Салыстырылатын екі заттың ішінен ұзын (қысқа) затты тану және көрсету. Заттардың ұзындығын мұғалімнің көрсетуімен, ұлғі бойынша мұғалімнің сөздік нұсқауы бойынша салыстырғанда, олардың бірінің үстіне бірін қою, жанына қою тәсілдерін пайдалану.</p> <p>2. Екі-үш затты (ұзын-қысқа, ұзындау қысқалау) бойынша салыстырғанда әрқайсысының қасиетін атап. Заттарды ұзындығын салыстыруды, қатар қою және бірінің үстіне бірін салу тәсілдерін өз бетімен пайдалану. Заттарды ұзындық белгілеріне қарай топтастыру (жіктеу).</p> <p>3. Заттардың ұзындығын тұрмыстық, заттық іс-әрекеттерде есепке алу. Заттарды ұзындық белгілеріне қарай реттеу (түзелту). Бір заттың басқа заттан қаншалықты ұзын (қысқа) екенін көрсету. Заттарды ұзындығына қарай теңестіру.</p> <p>4. Өзінің есімін, тегін, жасын, жақсы көретін ісін атап; сыныптасынан оның есімін, жасын, тегін, жақсы көретін ісі туралы сұрау.</p>

Кесте 27 – жалғасы

Көрнекі геометрия	1. Шар мен текшені еліктеу және ұлгі бойынша геометриялық денелер арасынан іздел табу. 2. Пішіні шар мен текшеге ұқсастарды заттар мен ойыншықтардың арасынан іздел табу. 3. Шар мен текшені бір-бірінен қасиеттері бойынша ажырату.
Ілеспелі қайталау	
Сөздік және сөз тіркестері	Ұзын, қысқа, ұзындау, қысқалау, ұзындықтары бірдей. Устіне қоямын, жанына қоямын. Алдымен қоямын, содан кейін. Ұзынырақ, қысқарақ. Текше, шар.
Пәнаралық және пән ішіндегі байланыстар	Заттың өзіне қатысты кеңістікте орналасуын (алдында, артында, алыс, жақын, жанында) тану және атау. Затты өзіне қатысты (алыс, жақын, жанында) орналастыру. «Бүгін», «ертең» түсініктерін өз өміріндегі оқығалармен сәйкестендіру.
Ілгеру озу	Заттарды еліктеу бойынша, ұлгі бойынша қатарласып тізіп қою.
Құралдар	Ленталар, жолақтар, бау ширатылған бау кесінділері, ұзындақтары әртүрлі және бірдей бау кесінділері. Шар, текше ұлгілері. Монтессори материалдарынан қызыл штангалар.


Түзету педагогикасының Ұлттық ғылыми-практикалық орталығының сайтында «Арнайы білім беруге арналған оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер (ОӘК)» бөлімінде, атап айтқанда 7-сынып «Жаратылыстану» бөлімінде зерде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектептерге (сыныптарға) арналған жұмыс дәптерлері берілген [40].

Жұмыс дәптеріне тапсырмалардың әртүрлі түрлері енгізілген. Олардың біреуі бейнеленген өсімдіктердің атауларын жазуды және олардың ұқсастығының қандай белгілері бойынша сол немесе басқа топтарға біріктірілгенін көрсетуді, басқалары – объектілердің суреттерінде сандармен белгіленген олардың құрылышының ерекшеліктерін көрсетуді, үшіншісі – өсімдіктердің атаулары мен олардың құрылышының ерекшеліктері арасында сәйкестікі белгілеуді ұсынады. Кейбір тапсырмаларда бір дұрыс жауапты таңдап, нөмірді шеңбермен бұрыңыз. Жұмыс дәптеріне шығармашылық тапсырмалар, кроссвордтар енгізілген. Дәптерде тапсырмалардың орналасу реті оқулықтағы тақырыптардың орналасу тәртібіне сәйкес келеді. Дәптердің соңында сөзжұмбақтарға дұрыс жауаптар берілді. Білім алушыларға әрбір тапсырманы орындау алдында оның мазмұнымен мұқият танысу, содан кейін жауапты ойластыру және оны арнайы бөлінген жолдарда қысқаша жазу ұсынылады.

1. Оқындың олемінің сан алаударлайыр!

● 1-тапсырма. Соңтуғынан шең.
Келдің күнде?

- Одандың көстің оқынды.
- Оқындың көзінің мүшесерінің бірі.
- Көп жыл тіршілік етегін оқынды.
- Адамдар ариның көрсетілі, күннен оқынды.
- Вірнештің тіршілік етегін оқынды.



● 2-тапсырма. Оқындың тіршілік формасы тұралы жетінделгі туслы жаһандардың көзі.

_____ жаһандардың көзінің жибекшілік үзенін бір дәл болады. Дінекиң бұтаңтар таралады.

_____ бірнеше жілшікке ағаштанған сабактары болады.

_____ сабактары жүргөз, шынылды.

Сабак: ағаш, бұта, шын.

● 3-тапсырма. Ағаштың, бұтадан айырмашылықтары кандай?

Ағаштың бұтадан айырмашылықтары кандай?

Ағаштың неше дәлі болады?

Бұтадан неше дәлі болады?

Сабак: бір, көз.



2. Оқындыңда маңызы және олардың көргөзу

● 4-тапсырма. Оны.

Біздің еліміздегі табигаттың көргөзу арналғандар:

- Қазақстандың Қызыл кітабы – бұл біздің республикаммыздың табигаттың көзінің көзінің түрлерін анықтайды. Біздің еліміздегі 10 көзар бар.
- Латын табигиңіздар. Мұнда территорияның турестердің зауыттарын рұсса беріледі. Аның белгілі бір төрдің ерекшелігін сәздеу және табигаттың үшіншіліктерін көзу таланнан етіледі. Қазақстанда осында 5 сипбада күралынын.
- Қорамындар. Оның территориясында табигиңіздардың белгілі бір үзілікті және табигаттың зерттеушілерінде шаруашылық қызметтегі тұйымын салынып. Қазақстанда 80 қорама бар.
- Табигаттың експертизасы – бұл тариха монің бар табигаттың експертизасы. Табигаттың експертизасында табигаттың шаруашылық қызметтегі тұйымын салынып. Қазақстанда 24 табигат експертизасы бар.

● 5-тапсырма. Мотіннес табигаттың көргөзу арналғандардың терін жазы.



● 6-тапсырма. Вұл белгілер монің білдіреді? Ойлан жөнде.



● 7-тапсырма. Оқындың табигаттың көргөзу белгілі ойын тиң жөнде ертеңін сал. Ол белгілі не тұралы експертизасынан көйтін бер.

4. Гүлдің оқындыңда мүшесері тұралы жалпы түсінік

№ 1 әртіненалиғ җұмыс. Гүлдің оқындыңда мүшесері

● 8-тапсырма. Гүлдің оқындыңда мүшесерінің аттарын жаз.



5. Гүлдің күрьышсы

№ 2 әртіненалиғ җұмыс. Гүлдің күрьышсы

● 10-тапсырма.

- Гүл мүшесерінің аттарын жаз.
- _____;
- _____;
- _____;
- _____;



2. Вұл мүшесері балық оқындыңда көзінен гербидан тұзанып.

- _____;
- _____;
- _____;



● 11-тапсырма. Аталақ, басқарғаның аттарын жаз.

- _____;
- _____;

● 13-тапсырма. Қорытады жасы. Себейлеудер күра.

Дамыл, тұл, гүлобасты.

Алалық, басқа, гүлдің, түрдің тәжірибе.

Аталақ, жілшілер, аталаңда, бар, толынад.

Алалық, күзы, шынышты, бар, азалық мөхәм, тұлға.

Дамыл, жеміс, тұйнанан.

Сурет 6 – Жұмыс дәптері

З ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕ ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРІЛУІНЕ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР БАЛАЛАР ҮШІН ГУМАНИТАРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖЕКЕ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ӘЗІРЛЕУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫСТАР

Қазіргі мектепте қоғамдық-гуманитарлық бағыт блогына келесі компоненттер кіреді: тіл және әдебиет (ана тілі, әдебиеті, қазак/орыс тілі, қазак/орыс әдебиеті, шет тілі), адам және қоғам (Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, құқық негіздері). Гуманитарлық пәндер орта білім берудің маңызды бөлігі болып табылатын инклюзивті ортада білім алушылардың негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыру үшін келесі мүмкіндіктерді ұсынады:

- тұлғаны оқыту мен мәдени дамытудың өзара байланысын қамтамасыз ету;
- тұлғаны әлеуметтендіру үшін гуманитарлық білім берудің қолданбалы мәнін түсінуді және мақсаттарға қол жеткізуі қамтамасыз ету;
- әрбір баланың жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, «өмір бойы білім беру» тұжырымдамасын іске асыруға ықпал ететін құзыреттілікті дамытуға бағдарлануды қамтамасыз ету.

Окушылардың ерекше білім берілуіне қажеттіліктерін ескере отырып, әлеуметтік-тұлғалық құзыреттілігін қалыптастырудың гуманитарлық білім беру пәндерінің мүмкіндіктерін талдауды келесі ұстанымдарға ойыстыруға болады:

- өзара әрекеттестікке, ынтымақтастыққа, қарым-қатынасқа ұмтылуды ынталандыратын маңызды жеке сипаттамаларға ие болу (білім мен біліктіліктің жан-жақты болуы, дербестік, шығармашылық әлеует, бірегейлілік);
- мектептің білім беру процесі аясында гуманитарлық пәндерді оқыту стратегия ретінде ұсынылуы мүмкін, ол арнайы қағидаттар негізінде жүзеге асырылады [41].

Фылымилық, білім берудің өмірмен байланысы, тәрбие мен даму, қолжетімділік сияқты жалпы қабылданған қағидаттармен қатар олардың қатарына төмендегілер кірді:

- гуманитарлық білім беру пәндерін оқу кезінде тұлғаны қалыптастырудың барлық кезеңдерінің бірлігін көздейтін білімнің үздіксіздігі;
- білім алушылардың дүниетанымдық көзқарастарын қалыптастырудың жүйелілік;
- білім беру процесінің гуманистік бағыттылығында, барлық окушылардың, оның ішінде ЕБҚ бар балалардың жеке әлеуетін ашуда байқалатын ізгілендіру;
- қоршаған ақиқаттағы жаңа процестер мен өзгерістерді, сондай-ақ еңбек нарығының қажеттіліктерін үнемі алдын ала болжай отырып көрінетін серпінділік;
- даралау, яғни окушылардың қызығушылығын, бейімділігі мен қабілеттерін, олардың ерекше қажеттіліктерін есепке алу;

- гуманитарлық дайындық пәндерінің өзара байланысын болжайтын пәнаралық байланыстар [41, 42, 43, 44].

Гуманитарлық пәндерді оқыту жүйелі, іс-әрекеттік, тұлғалық-бағдарлы, сараланған оқыту процесін құруға негізделген.

Әдістемелерді жүзеге асыру кезінде негізгі тәсіл жүйелік тәсіл болып табылады, ол оқу процесінің әртүрлі сатыларында коммуникация саласын дәйекті қалыптастыруды ұсынатын жүйеде функционалдық сауаттылықты қалыптастыру процесін қарастыруға мүмкіндік береді. Осы тәсілді пайдалану кезінде қарастырылатын процесс белгілі бір тұтастыққа, орнықтылыққа және ішкі үйымға ие болады.

Іс-әрекеттік тәсіл білім беру процесінің әрбір қатысуышының өзіндік, шығармашылық қызметін, сондай-ақ қарым-қатынас пен ақпаратпен жұмыс істеудің жеке тәжірибесін дамытуды қамтамасыз етеді.

Тұлғалық-бағдарлы тәсіл білім алушылардың өзін-өзі дамыту және өзін-өзі жүзеге асыру процестерін, оның қайталанбас даралығын дамытуды қамтамасыз етуге және қолдауға мүмкіндік береді. Бұл тәсілдің мақсаты әрбір сабакта танымдық белсенділіктің артуы, коммуникация саласындағы құзыреттілік деңгейінің өсуі үшін жағдай жасау болып табылады.

Сараланған тәсілде білім алушылардың әртүрлі әрекеттерді орындау және стандартты, стандартты емес жағдайларды шешу кезінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі, бейімділігі, қызығушылығы, қабілеті ескеріледі [45].

Білім беру процесін үйимдастырудың тұтастығын қамтамасыз ете отырып, педагог білім алушыларды практикалық-бағдарлы тапсырмалар мен жаттығулар, өлең мәтіндері, жаднамалар - үйғарымдар, іс-әрекет алгоритмдері арқылы коммуникация саласындағы білімді іс жүзінде қолдануға бағыттайды [46].

Гуманитарлық білім беруді жүзеге асырудың басты мақсаты оқушының жан-жақты дамыған тұлғасын, оның теориялық ойлауын, ұлттық сана-сезімінің, тілдік түйсігі мен қабілеттерінің негізінде тіл туралы түсініктерді қалыптастыру, тілдік қарым-қатынас пен мінез-құлық мәдениетін менгеру болып табылады. Бұл ретте басты міндет білім алушылардың тілдік, коммуникативтік және лингвистикалық құзыреттілігін қалыптастыру болып табылады. Олар инклузивті білім беру жағдайында ерекше мәнге ие болады, себебі ЕБҚ бар білім алушылардың қоршаған адамдармен қарым-қатынас жасауында қындықтар орын алып жатады.

Тілдік құзыреттілік – оқушылардың сөздерді, олардың формаларын, синтаксистік және синонимдік құрылымдарды қолдану қабілеті, нәтижесінде ол тіл байлығын табысты сөйлеу әрекетінің шарты ретінде менгеруді қамтамасыз етеді. Бұл міндеттер дәстүрлі түрде мектепте лексиканың жаңа қабаттарын енгізу, фразеологиялық қорды толықтыру, оқушылардың сөйлеу грамматикалық құрылымын байыту жолымен шешіледі, нәтижесінде келісу, басқару, әртүрлі сөйлемдерді құру морфологиялық нормалары менгеріледі, оқушылардың сөзі синонимдік құрылымдармен байытылады. Егер тілдік,

бейнелі сөйлеуді қалыптастыру бойынша жұмысты мұғалім фрагментті емес, жүйелі түрде, егер ол белгілі бір оқу кезеңіне арналған бағдарлама талаптарына сәйкес ойластырған және жоспарлаған болса ғана нәтижеге қол жеткізіледі.

Лингвистикалық құзыреттілік оқушы тұлғасының танымдық мәдениетін, логикалық ойлау, есте сақтау, оқушылардың қиялын дамытуды, өзін-өзі талдау, өзін-өзі бағалау дағдыларын менгеруді қамтамасыз етеді.

Айтылу нормаларын, сөздерді және оларды қолдану ережелерін, грамматикалық формалар мен құрылымдарды жақсы біліп, бір ойды білдірудің әртүрлі тәсілдерін қолдана біліп, басқаша айтқанда, лингвистикалық және тілдік қатынаста құзыретті бола отырып, бұл білімдер мен іскерлікті нақты сөйлеу жағдайында немесе коммуникативтік жағдайда барабар пайдалана алмау практикада жиі кездеседі. Басқаша айтқанда, тілді менгеру үшін қарым-қатынастың немесе коммуникацияның нақты жағдайларында қандай да бір сөздерді, грамматикалық құрылымдарды қолдану дағдылары мен біліктері маңызды.

Коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру сөйлеу, оның қызметтері туралы білімді, сөйлеу қызметінің негізгі төрт дағдысы (айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым) саласында іскерлікті дамытуды көздейді. Коммуникативтік құзыреттілік тілдік мінез-құлықтың әлеуметтік нормаларын сақтай отырып, адам қызметінің барлық салаларында толыққанды тілдік қарым-қатынас жасау қабілетін болжайды. Коммуникативтік құзыреттілік шенберінде қалыптасадын негізгі білігі – бұл мәтіндерді – сөйлеу қызметінің өнімдерін түзу және қабылдау қабілеті. Ол сөз лингвистикасының негізгі ұғымдарын – стильдер, сөйлеу типтерін, сипаттау, баяндау, талқылау құрылымдарын, мәтіндегі сөйлемдердің байланыс тәсілдерін, мәтінді талдау дағдылары мен іскерлігін білуден тұрады.

Коммуникативтік біліктер мен дағдылар – кіммен, қайда және қандай мақсатта сөйлесуімізге байланысты тілдік қарым-қатынас біліктері мен дағдылары. Оларды лингвистикалық және тілдік құзыреттілік негізінде ғана қалыптастыру мүмкін. Сондай-ақ әлемнің тілдік бейнесін қалыптастыруды, сөйлеу әдебін менгеруді қамтамасыз ететін мәдениеттанушылық құзыреттілік ерекшеленеді, бұл ұлттық мәдениетке тартудың қажетті құралы болып табылады.

Білім алушылардың тілдік құзыреттілігін қалыптастыру процесі үздіксіз (бастауыш мектепте басталады, білім берудің жоғары сатысында жалғасады) және негізгі коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудың тұтас процесінің элементі болып табылады.

Оқушылардың тіл әлеміне енуі әлеуметтік-мәдени құзыреттілікті – адамның қоршаған орта туралы түсінігін қалыптастырусыз мүмкін емес. Әлеуметтік-мәдени құзыреттілікті қалыптастыру процесі лексика мен фразеологияның жаңа мәндерін менгеру кезінде, халықтың тарихи өмірімен танысу кезінде, мәтіннің мағынасын түсіну кезінде жүзеге асырылады [46].

Шын мәнінде, құзыреттілік тәсіл тек нақты «қатып қалған» білімге ғана емес, «оқуға үйрету» біліміне үйретуді көздейді.

Осылайша, кез келген жеке жаңашылдық – іскерлікті, қабілеттілікті, жеке қасиеттерді қалыптастыру қызметте ғана мүмкін болады. Бұл ретте кез келген әрекетті орындау үшін – жазу және санау, есептер мен мысалдар шешу, географиялық карта мен музикалық аспапты және т.б. қолдану білігін қалыптастыру үшін келесі кезеңдерден өтеді:

- әрекетті орындаудың бастапқы тәжіриbesі және мотивация;
- осы әрекетті орындау тәсілін игеру;
- тренинг, өзін-өзі бақылау және түзету;
- бақылау.

Функционалдық сауаттылықты, жеке оқу іс-әрекеттерін және жалпы білім беру іс-әрекеттерін қалыптастыруда осы кезеңдерден өтуі тиіс. Алайда зерделенетін іс-әрекеттер алгоритмдері пәннің шенберінде қатып қалмауы тиіс, пәннен тыс сипатқа ие болуы тиіс: мақсат қою және жобалау, өзін-өзі бақылау және түзету, ақпарат іздеу және мәтіндермен жұмыс істеу, коммуникативтік өзара іс-қимыл және т. б. нормалары.

Білім беру жүйесінде функционалдық сауаттылықты және кез келген жеке оқу әс-әрекеттерін қалыптастыру үшін әрбір оқушы өтуі тиіс келесі траектория ұсынылды:

- әртүрлі оқу пәндерін оқу кезінде жеке оқу іс-әрекеттерін орындаудың бастапқы тәжіриbesі және оны өз бетінше орындауға уәждеме қалыптасады;
- қолда бар тәжірибеге негізделе отырып, жеке оқу іс-әрекеттерін орындаудың жалпы тәсілі (норма-ереже, алгоритм және т. б.) игеріледі;
- одан кейін жеке оқу іс-әрекеттері оқу-жаттығу практикасына әртүрлі оқу пәндерінің пәндік мазмұнында енгізіледі, өзін-өзі бақылау және қажет болған жағдайда оның орындалуын түзету ұйымдастырылады;
- соңында жеке оқу іс-әрекеттерін қалыптасу деңгейін бақылау және оны сабактарда да, сабактан тыс қызметте де білім беру практикасында жүйелі практикалық пайдалану ұйымдастырылады.

Мысалы, өз алдына мақсат қоя білуді қалыптастыру кезінде білім алушылар алдымен педагогтың басшылығымен сабактарда мақсат қоя білуді үйренеді. Содан кейін олардың уәждемесі, қызмет мақсаты ұғымымен және мақсат қою алгоритмімен танысу ұйымдастырылады. Одан әрі оқушылар пәндік сабактарда және сабактан тыс іс-әрекеттерде оқу мақсатын қоюдың зерттелген тәсілін өз бетінше қолдана бастайды, келісілген жалпы тәсілге негізделе отырып, өз тәжіриbesіне рефлексия жасай бастайды, өз іс-әрекеттерін нақтылап, түзете бастайды, өзін-өзі бақылауды жүзеге асырады. Бұл жерде, шын мәнінде, оқушылардың функционалдық сауаттылығы қалыптасады, қажетті қабілетті пысықталады, бекітіледі, жеке оқу іс-әрекетін қалыптасу деңгейін мұғалім бақылайды [47].

Гуманитарлық білім беру пәндерінің арасында бастапқы тілдік, коммуникативтік, әлеуметтік құзыреттіліктерді қалыптастыру басталатын

«Сауат ашу» пәніне ерекше орын бөлу қажет. Бұл пән балаларды инклюзивті ортада оқытуда маңызды рөл атқарады. Осыған байланысты, ЕБҚ бар білім алушыны әлеуметтендіру процесінде мұғалім кәсібілігінің рөлін асыра бағалау қыын.

«Сауат ашу» оқу пәнінің оқу бағдарламасы орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген.

«Сауат ашу» пәнінің мақсаты – айтылым, тыңдалым, жазылым және оқылым дағдыларын қалыптастыру процесі арқылы функционалды сауаттылығының негізін қалап, білім алуға ынталы жеке тұлғаның дамуына мүмкіндік жасау.

Алға қойылған осы мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай міндеттер шешілуі көзделеді:

1) қазақ әліпбійндегі әріптермен (баспа және жазба түрі, бас әріп және кіші әріп) таныстыру;

2) әріптен буын, буыннан сөз, сөзден сөйлем құрап окуға және жазуға дағдыландыру;

3) оқу дағдысы (дұрыс, мәнерлеп, шапшаң және түсініп оқу) мен жазу дағдысын (қатесіз, сауатты, таза, каллиграфия ережелерін сақтай отырып жазу) қалыптастырып, жетілдіру;

4) тілдік бірліктер (дыбыс, буын, сөз, сөйлем, мәтін) және орфография, пунктуация туралы қарапайым түсініктерді менгерту;

5) кітап окуға қызығушылығын тәрбиелеу;

6) қарапайым талдау жасау тәсілдерін менгерту арқылы салыстыру, топтастыру, жүйелуе біліктерін дамыту;

7) сөйлеу және қарым-қатынас жасау мәдениеті нормаларын сақтауға дағдыландыру;

8) сөздік қорын байыту және белсендіру, байланыстыра сөйлеу тілін дамыту;

9) ана тіліне, тарихына, мәдениетіне, салт-дәстүріне деген сүйіспеншілігін арттыру арқылы рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру;

10) коммуникативтік дағдыларын (диалог барысында басқа адамның сөзін ести және тыңдай білуін, диалогке, сұхбатқа қатысуға дайын болуын, әркімнің өз көзқарасы мен пікірі болатынын түсінуін, өз пікірін айқын да дұрыс және толық жеткізе білуін) қалыптастыру;

11) алған тілдік білімі мен дағдыларын жеке қарым-қатынас тәжірибесінде, күнделікті өмірлік жағдаяттарда қолдануға үйрету;

12) білім алушыны өз іс-әрекетін адамгершілік, ізгілік тұрғысынан ұйымдастыруға және жауапкершілікпен қарастыруға тәрбиелеу.

Ақмола облысының әкімдігінің «Көкшетау қаласы ақыл-ой бұзушылықтары мен психикалық дамуы кеш балаларға арналған №1 облыстық арнайы түзету мектеп-интернаты» КММ-нің ЕБҚ бар білім алушыларды оқыту мақсаттарын саралауға көзқарасты әзірлеу бойынша тәжірибесін қарастыруды

ұсынамыз. Төменде берілген кестелерде оқытудың сараланған мақсаттарына сәйкес бағалау критерийлерін әзірлеу тәсілдері көрсетілген (ХХ кесте) [31].

Жеке оқу бағдарламаларын құруға сараланған тәсілді қолдану білім алушыларға жеке даму әлеуетін іске асыруға мүмкіндік бере отырып, мазмұнның әртүрлілігін қамтамасыз етеді.

Кестелер білім алушылардың ерекше білім алу қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, негізгі мақсаттарды бірнеше қолжетімді мақсаттарға бөле отырып ұсынылған. Жалпы білім беретін мектептердің мұғалімдері төменде көрсетілген кестелерді пайдалана отырып, ЕБҚ бар білім алушылар үшін нақты қолжетімді мақсаттарды тандауға назар аудару қажет.

Арнайы мектептің тәжірибесі бағдарламаның бір оқу мақсатының баланың психофизикалық мүмкіндіктеріне, бұл жағдайда ақыл-ойы мүмкіндіктер деңгейіне байланысты нақты қолжетімді мақсаттарға бөлінуі мүмкін екендігін айқын көрсетеді. Егер психикалық дамуы тежелген білім алушыға арналған мақсат пен ақыл-ойы кем білім алушыға арналған мақсатты салыстырсақ, бұл жерде педагогтың көмек көрсетуінің немесе демонстрациялық материалды тандауының әртүрлі деңгейінің маңызды рөл атқаратыны түсінікті болады. Сонымен қатар бұл мақсаттар оқу бағдарламасынан ортақ мақсаттар негізінде біріктірілді.

Кестеден алынған мысалдар қысқа мерзімді жоспарлауға, атап айтқанда білім беру мақсаттарының «барлығына», «көпшілігіне», «кейбіріне» сараланатын кезеңдеріне тиімді тәсілдерін көрсетеді. ЕБҚ бар білім алушылар «барлығы» тобына кіреді. Бұл жерде оқу мақсатын ЕБҚ бар оқушы оны шын мәнінде қол жеткізе алатындей етіп қайта қарап, құру қажет.

Осылайша, мұғалім өзекті даму аймағына (оқытудың осы кезеңінде не бар) сүйене отырып және жақын даму аймағында жұмыс істей отырып (бүгінгі күні білім алушы көмекке сүйеніп жасаған нәрсені ертеңгі күні өз бетімен жасайды) мақсатты жоспарлайды. Инклузивті білім беруді дамыту жағдайында арнайы мектептердің тәжірибесін жалпы білім беру ұйымдарының педагогтарына көрсету әсіресе ЕБҚ бар білім алушыларға арналған қысқартылған немесе жеке бағдарламаларды әзірлеу кезінде өзекті деп санаймыз.

Кесте 28 – Жазу және орыс тілі сабактарындағы мақсаттарды саралау

Бөлімнің №	Бөлімнің мақсаты	Микромақсаттар	I-денгей	II-денгей	III-денгей	IV-денгей
<u>I-ші білім беру кезеңі.</u> Жазуға дайындық Жазықтықта бейімделу	Дәптерге және қағаз парағына бейімделу, жазу жолын (жоғарғы және тәменгі, ортаңғы жолдарды саралау, кең және енсіз (жұмыс) жолының ара-жігін ажырату; Екі-үш бұйым немесе суреттер арасында кеңістікті аракетинастарды айқындау. Заттарды өзара орналастыру: жоғарыдан, тәменнен (жоғары, тәмен); солдан, оңдан	Жұмыс жолына мұғалімге еліктеу бойынша, ауызша нұсқау бойынша әртүрлі конфигурациядағы заттарды жаза білу;. Жолақтардан, геометриялық фигуralардан комбинациялар құрастыру, оларды белгілі жүйе бойынша және берілген бағытта орналастыру (солдан оңға, жоғарыдан тәмен). Мұғалім ұсынған үлгі бойынша, жады бойынша, ауызша нұсқау бойынша жаттығуларды орындау.	Есте сақтау және ауызша нұсқау бойынша заттарды берілген бағытта жоғарыға, тәменге (жоғары, тәмен); солдан, оңдан (солға қарай, оңға қарай); алдында, артында, арасында, қасында орналастырады. Дәптер жолдарының ара-жігін ажыратады және суреттерді жұмыс жолына берілген бағытта (солдан оңға, жоғарыдан тәмен) жазады	Жұмыс жолына шектерін заттарды атайды және олардың бағытын ретімен (солдан оңға көлденең жағдайда) атайды.	Жұмыс жолын табады, заттарды атайды және олардың бағытын ретімен (солдан оңға көлденең жағдайда) атайды.	Кең және енсіз жолды көрсетеді. Мұғалімге еліктеу бойынша заттарды жоғарыға, тәменге, жанжағына бағытында орналастырады және орнын ауыстырады.

Кесте 28 – жалғасы

	(солға қарай, онға қарай); алдында, артында, арасында, касында.				
Қарапайым графикалық дагдыларды менгеру	Әртүрлі бағытта: жоғарыдан төмен, солға көлбеу, солдан онға, онға көлбеу бағыттарда штрихтаудың көптеген тәсілдерімен, ілмек сызықтармен, жартылай сопакша, ирек штрихтармен және штрихтаудың негізгі қағидаларымен тәнису:	Әртүрлі штрихтау түрлерін орындај және штрихтау тәсілдерін анықтай білу; Штрихтау дағдыларын және қағидаларын менгеру. Бояу кезінде суреттердің шектерін белгілей білу. Жазу кезінде жоғарыдан төмен, солдан онға жазуға бағытталған сызықтарды орындау.	Штрихтау және бояу кезінде қозғалыстың бірізділігі мен бағыттылығын сақтайды. Ауызша нұсқау бойынша штрихтаудың әртүрлі тәсілдерін пайдаланады. Заттарды нұктелер бойынша ұстінен сызу және бояу кезінде шеттерін белгілейді.	Штрихтаудың қарапайым түрлерін өз бетінше, штрихтау қағидаларын сақтай отырып, одан да күрделілерін белгіленген бағытта үлгі бойынша орындаиды. Суреттің шеттерін сақтай отырып, үзік сызықтар бойынша жазуды берілген ұстінен сыйады, бір бағытта бояйды.	Штрихтаудың қарапайым түрлерін үлгі бойынша, одан күрделілерін қозғалыс бағыттарын сақтай және контурдың сыртына шықпай, ұстінен сызып орындаиды. Паралель түзу көлбеу, тік және көлденен сызықтар жазуды берілген ұстінен бастап үлгі бойынша орындалады.

Кесте 28 – жалғасы

Жазба әріптерінің негізгі элементтерін жазу	фигураның контурынан шықпау; штрихтардың параллелділігін сақтау; сзықтарды қоспау. Заттарды трафарет бойынша, нұктелер бойынша сизу және бояу, көлденен, тік және көлбеке түзу сзықтарды жазу. «Әріп элементі» ұфымымен танысу. Жазба әріптерінің элементтерін жазуды менгеру: қосып көлбеке жазудағы тік таяқша, үстінен	Фрагменттер бойынша ою-өрнектерді жалғастыра білу. Әріптердің элементтерін жазу (қарапайымнан күрделіге): а) контурын аудада сизу; б) үзік сзықтар бойынша; в) тірек нұктелері бойынша; г) үлгі бойынша өз бетімен жазу. Элементтердің шегі көлемін белгілеу; олардың	Параллель түзу көлбеке, тік және көлденен сзықтар жазуды менгереді. Тор көздер мен жолдарда ою-өрнектің фрагменті бойынша оның қатарын жалғастыруды орындаиды. Жазу қағидаларын сақтай отырып, әріптердің элементтерін үлгі бойынша тақтадан өз бетімен жазуды орындаиды.	Параллель сзықтарды жазуды үлгі бойынша орындаиды. Қатардағы қарапайым ою-өрнектерді тор көздер мен жолдар бойынша тірек нұктелер бойынша орындаиды. Дұрыс жазудан алшақтап, берілген тапсырма бойынша орындаиды.	Қатардағы қарапайым ою-өрнектерді тор көздер мен жолдар бойынша тірек нұктелер бойынша орындаиды. Үлгі бойынша әріптердің элементтерін жазуды орындаиды.	Оларды бір бағытта бояу білгін қалыптастыру қын.
--	---	--	---	--	---	--

Кесте 28 – жалғасы

	<p>және астынан дөңгелете жазылатын тік таяқша, сопақша, жартылай сопақша, ілмек таяқша, менгерген элементтерден жиектемелер орындау, жазу қагидаларын сақтай отырып, оларды жолға жазу.</p>	<p>арасында ара қашықтықты, көлбеулікті және элементтердің паралельдігін сақтау.</p>	<p>Баспа және жазба әріптерінің жазылуындағы ұқсастық пен айырмашылықты анықтайды. Берілген элементтер бойынша әріптерді анықтайды.</p>	<p>Жолдың сонына қарай жазудың дәлдігі мен дұрыстығын төмендетеді. Берілген элементтерді әріптен көрсетеді.</p>		
<u>П-ші білім беру</u> <u>кезеңі</u> 1-кезең Үйренген кіши және бас әріптерді жазу	<p>Жазба бас және кіші әріптердің кескінін менгеру. Әріптердің кескіндемесін есте сақтау. Анық, ұқыпты жазуды менгеру. Дыбыстардың әріптермен арақатынасын белгілеу.</p>	<p>Таныс элементтерден бас әріптерді синтездей білу және жолды, өлшемін, ара қашықтығын сақтай отырып, оларды жазу.</p>	<p>Кіші және бас әріптерді ажыратады, дыбыстардың әріптермен арақатынасын белгілейді, алфавиттен табады,</p>	<p>Кіші әріпке бас әріпті және керісінше дұрыс таңдайды, әріптің баспа бейнесін жазба әріпке айналдырады, жазу жолын сақтай отырып,</p>	<p>Әріптерді нүктелер бойынша үстінен басып жазады, үлгі бойынша жазуы баяу және дәл емес.</p>	<p>Үстінен басып жазу бойынша әріптерді анық жазбайды, бас және кіші әріптерді көрсету бойынша анықтайды.</p>

Кесте 28 – жалғасы

	Баспа және жазба әріптері кескінінің ұқсастығы мен айырмашылығын көрсету.	Зерделенетін кіші және бас әріптердің қолжазба кескінін менгеру. Берілген дыбыс бойынша әріптерді анықтау және жазу.	жазу қағидаларын сақтай отырып, үлгі бойынша, өз бетінше жұмыс жолына жаза алады.	кескіндемесі күрделі емес, әріпті өз бетінше және үлгі бойынша жазады. Кескіні бойынша күрделірек әріптерді дұрыс жазылуынан біршама алшақ жазады.	Үйренген кіші және бас әріптерді, олардың баспа және жазба түрін көрсетеді.	
<i>Сөздерді, сөйлемдерді (қолжазба және кітап қарпі) сиынып тақтасынан және әліппеден көшіріп жазу</i>	Сөздерді, сөйлемдерді дұрыс көшіріп жазу тәсілдері мен жүйелілігін менгеру. Балалардың санасында баспа және бас әріптерді сәйкестендіру. Сөздерді көшіріп жазу кезінде түсіп қалған әріптерді қою.	Жазу кезінде (аралықтан аралыққа дейін, үлken әріптен нүктеге дейін) сөздер мен сөйлемдердің шекарасын анықтау және сақтау. Баспа мәтінін көшіріп жазу қағидаларын	Баспа және жазба әріптер кескінінің ұқсастығы мен айырмашылығын анықтайды, баспа қаріпінің жазылуын жазбаға өзгертеді.	Мұғалімнің бақылауымен алдын ала талдау жасап, менгерген буындық құрылымнан тұратын сөздерді, 2-3 сөзден тұратын сөйлемдерді көшіріп жазады.	Келесі әріпті мұғалімнің сонынан қосып жаза отырып, сиынып тақтасынан буындарды, екі буыннан тұратын сөздерді, екі сөзден тұратын сөйлемдерді көшіріп жазады.	

Кесте 28 – жалғасы

		(әріптердің кескіндемесін өзгерту, олардың қосылуы) менгеру. Бір буынды сөздерді, екі буынды сөздерді бір жіберілген әріппен толықтыра білу.	Менгерген буындық құрылымнан тұратын сөздерді, сөздердің арасына аралық қалдырып, үш, төрт сөзден тұратын сейлемдерді тақтадан, әліппеден өз бетінше көшіріп жазады. Тақтадан көшірген кезде жіберілген әріпті анықтайды және сөзге кояды.	Сөздердің шегін, сөздер арасындағы ара қашықтықты сақтайды. Көрнекі тірек құралы бойынша әріп жіберілген, қате жазылған сөзді қалпына келтіреді.	Мұғалімнің бақылауымен сөздер арасында интервал қалдырады. Әріптің жазба бейнесіне сүйене отырып, баспа қарпінен көшіріп жазады.	
<i>Үйренген әріптерді, буындарды, сөздер мен сейлемдерді айтқаннан естігенін жазу</i>	Жазылуы олардың айтылуынан алшақ болмайтын, әріптерді, буындарды,	Алдын ала дыбыс-әріптік талдаудан кейін айтқаннан естігенді жазу, естігенді дұрыс ресімдеу.	Жазу ережелерін сақтай отырып, алдын ала талдау жасалған және буындалап айтқан, жақсы таныс сөздер мен екі,	Алдын ала талдау жасап және әр әріпті дыбыстап, бір буынды және екі буынды	Жазба әріптер мен қосылуарының көрнекі бейнесіне сүйеніп,	

Кесте 28 – жалғасы

	сөздер мен сөйлемдерді айтқаннан естігенін жазу.		ұш сөзден тұратын сөйлемдерді айтқаннан естігенін жазады.	сөздерді айтқаннан естігенді жазады.	үйренген әріптерді, буындарды айтқаннан естігенді жазады.	
<i>Дауыстылар мен дауыссыздарды, ұяң және қатаң дауыссыздарды (кушті позицияда), жуан және жіңішкелерді ажырату</i>	Дыбыстарды есту және айтылуы бойынша ажырата білу, «дауысты дауыссыз дыбыстар мен әріптер, оларды белгілейтіндер» ұғымын нақтылау, сөздерді дыбыстық құрамына қарай талдау.	Олардың сөздердегі орнын (басында, ортасында, соңында) анықтау, сөздердегі дыбыстарды атау, дауысты дыбыстар туралы ең аз ұғымдарды білу. Дыбыстық құрамға талдау жасай білу. Дауыссыз дыбыстардың белгілері мен олардың жіктелуі туралы білу	Фишкалардың көмегімен өз бетінше дыбыстық-әріптік талдау жасайды, дыбыстарды ажыратады, дыбыстың орнын, оның белгілерін анықтайды және атайды. Сигналдық белгілерді пайдаланып, дауыссыз дыбыстарды жіктейді.	Дауысты және дауыссыз дыбыстардың белгілерін атайды. Сөздің басында және аяғында дауыстылар мен дауыссыздарды атап көрсетеді. Ұяң және қатаң, жуан және жіңішке дауыссыздарды сигналды фишкалармен белгілейді.	Есту арқылы сөздің басындағы дыбысты, соңындағы дауыстыны атап көрсетеді. Мұғалімнің көмегімен дауыстылар мен дауыссыздарды анықтау бойынша дыбыстық талдау жасайды. Дауыстылар мен дауыссыздардың белгілерін тірек сызбасы бойынша анықтайды.	Есту арқылы және айтылуы бойынша дыбыстарды ажырату білігі қындаған. А, О, У, И дауыстыларын сигналды карточкалар бойынша анықтайды.

Кесте 28 – жалғасы

Сөйлем басындағы үлкен әріп, соңындағы нұктес. Адамдардың аттарындағы бас әріп	Балаларды «бас (үлкен) әріппен» таныстыру. Сөйлемдегі бірінші сөзді бас әріппен жазуға және соңынан нұкте қоюға үйрету. Адамдардың аттарындағы бас әріппен практикалық таныстыру.	Сөйлемнің белгілерін білу, жазуда оны ресімдеу және дұрыс көшіре білу. Сөйлемнің басында, адамдардың аттарында үлкен әріпті жазу, сөйлем соңында нұкте қою.	Жазу кезінде сөйлемді ресімдеу ережелерін сактайты. Сөздерден аттарды бөле алады және олардың жазылу ережесін практикада қолданады.	Сейлемдерді ресімдеу және аттарды жазу кезінде ауызша нұсқау бойынша әрекет етеді.	Сөйлем басындағы үлкен әріп пен соңындағы нұктеге сүйеніп, сөйлемнің шекаарасын анықтайты.	Аттардағы, сөйлемнің басындағы үлкен әріпті және соңындағы нұктені көрсетеді.
---	---	---	---	--	--	---

Төмендегі кестеде 1-сынып үшін «Саят ашу» пәнінің типтік оқу бағдарламасы бойынша күтілетін нәтижелерге және женіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған оқу бағдарламасы бойынша күтілетін нәтижелерге салыстырмалы талдау берілген. Бұл материал мұғалімдерге ЕБҚ бар білім алушыларға арналған қысқартылған немесе жеке оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде әдістемелік құрал ретінде ұсынылады.

Кесте 29 – 1 тоқсан, «Саят ашу», бастауыш білім беру деңгейінің 1 сыныбы үшін (орыс тілінде)

Бағдарламаның бөлімі, бөлімшесі	Үлгілік оқу бағдарламасы бойынша күтілетін нәтижелер	Женіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған оқу бағдарламасы бойынша күтілетін нәтижелер
Тындалым және айтылым бөлімі	<p>1.1.1.1 тындаған материалының сөйлеу екенін, оның мазмұнын түсіну және сөйлемдерге, сөздерге ажырату;</p> <p>1.1.2.1 мұғалімнің көмегімен мәтінде кім? (не?) туралы айтылғанын анықтау;</p> <p>1.1.3.1 мұғалімнің көмегімен оқиғаның ретін сақтай отырып баяндау;</p> <p>1.1.4.1 мәтіннің мазмұнын тақырыбы, иллюстрация бойынша болжау;</p> <p>1.1.5.1 түрлі жағдаяттарда этикет сөздерін қолдана білу;</p> <p>1.1.6.1 сөйлеу барысында сипаттау, салыстыруға қажетті сөздерді, вербалды емес қарым-қатынас құралдарын (ым-ишира, қимыл), дауыс ырғағын, мәнерін, қарқынын, сөз арасындағы кідірісті қолдану);</p>	<p>0.1.1.1 нұсқауды түсіну</p> <p>0.1.1.2 тындау барысында тілдік бірліктерді (сөйлеу, сөз, сөйлем, мәтін) ажырату, тындалған мәтіннің мазмұнын түсіну</p> <p>0.1.2.1 сөз мағынасын түсіну</p> <p>0.1.2.2 тындаған материалдың мазмұны бойынша және мәтінге берілген суреттерге байланысты сұрақтарға жауап бере білу (мұғалім көмегімен)</p> <p>0.1.3.1 қарапайым тапсырмаларды орындай білу</p> <p>0.1.4.1 сұрақты тындей білу, бір сөзben жауап беру</p> <p>0.1.4.2 сұрақты тындей білу, екі сөзден құралған сөйлеммен жауап беру</p> <p>0.1.5.1 тілдік емес дыбыстарды ажырату: қоршаған ортадағы әр түрлі дыбыстарды ажырата білу (жапырақтың сыйдыры, қоңыраудың шылдыры, аяқты басқандағы дыбыс)</p> <p>0.1.5.2 жануарлардың дыбысын ажырату (сиыр, ит)</p> <p>0.1.5.3 әр түрлі дыбыс шығаратын заттарға-ұшақтың, машинаның дауысы, жануарларға еліктеу</p> <p>0.1.5.4 дауысты дыбыстарды өз ара ажырата білу</p> <p>0.1.5.5 дауыссыз дыбыстарды өзара ажырата білу</p> <p>0.1.5.6 дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырата білу</p>

Кесте 29 – жалғасы

	<p>1.1.7.1 тыңдалған мәтінге өз көзқарасын жай сөйлеммен білдіру (ұнайды, ұнамайды);</p> <p>1.1.8.1 берілген сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құрап айту;</p> <p>1.1.9.1 сөздегі дыбыс түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жінішке дауыстылар) ажырату және дұрыс дыбыстау;</p> <p>1.1.9.2 дыбыстардың мағына ажыратушылық қызметін түсіну;</p> <p>1.1.9.3 сөздің буыннан тұратынын түсіну және сөздегі буын санын анықтау.</p>	<p>0.1.6.1 артикуляциялық және тыныс алу жаттығуларын жасай білу</p> <p>0.1.6.2 артикуляциясы жеңіл дыбыстарды айта білу</p> <p>0.1.6.3 вербалды емес қарым- қатынас құралдарын (ымишара, қимыл), дауыс ырғағын, мәнерін, қарқынын, сөз арасындағы кідірісті қолдану</p>
Оқылым бөлімі	<p>1.2.1.1 сөз, сөйлем сызбасын оқу және құрастыру;</p> <p>1.2.1.2 оқудың түрлерін (буындал оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану;</p>	<p>0.2.1.1 тыңдау барысында тіл бірлестіктерін (сөз, сөйлем) ажырату</p> <p>0.2.1.2 тыңдау барысында тіл бірлестіктерін (сөз, сөйлем, мәтін) ажырату</p> <p>0.2.1.3 қысқа мәтінің мазмұнын түсіну</p> <p>0.2.2.1 мұғалімнің көмегімен <i>сұрақ бойынша сөйлем құрастыру</i></p>

Кесте 29 – жалғасы

	<p>1.2.5.1 мәтін, иллюстрация бойынша (мұғалім көмегімен) сұрақтар қоя білу және қойылған сұраққа жауап беру;</p> <p>1.2.9.1 әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру</p>	<p>0.2.3.1 тындаған материалдың мазмұны бойынша және мәтінге берілген суреттерге байланысты сұрақтарға жауап бере білу (мұғалім көмегімен)</p> <p>0.2.4.1 дыбыстардың сөздегі қызметін түсіну</p>
Жазылым бөлімі	<p>1.3.3.1 мұғалім көмегімен мәтінге суреттер, сызбалар арқылы жоспар құрып, оған ат (тақырып) қою;</p> <p>1.3.4.1 мұғалім көмегімен оқыған, тындаған мәтіндегі ақпаратты сурет, сызба, белгілер қолданып, жай сөйлеммен жеткізу;</p> <p>1.3.8.1 жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сыйығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу;</p>	<p>0.3.1.1 денені дұрыс ұстау, дұрыс отыру, дәптерді дұрыс қою, қарындашты/қаламды дұрыс ұстау</p> <p>0.3.1.2 ұлғі бойынша тақтаға бормен әртүрлі бағытта (тұзу, көлденен, қиғаш, тік) сызықтар жүргізе білу</p> <p>0.3.1.3 дәптерге қарындашпен әртүрлі бағытта (тұзу, көлденен, қиғаш, тік) сызықтар жүргізе білу</p> <p>0.3.2.1 алыс. Жақын. Алдында. Артында. Тәулік мөлшері (таңтертең, тұс, тұн) ұғымдарын түсіну</p> <p>0.3.2.2 өз денесін бағдарлай білу (адамның дене мүшелерін атап білу)</p> <p>0.3.2.3 кеңістікті білдіретін сөздерді түсіну, он-сол дене мүшелерін көрсетіп, атап беру</p> <p>0.3.3.1 заттарды атау, затты толық мөлшерде көріп есте сақтау</p> <p>0.3.3.2 таяқшаларды және қағаз жолақшаларын түр-түсі бойынша құрастыра білу</p>

Кесте 29 – жалғасы

	<p>1.3.11.2 тәуелдік және жіктік жалғауларының қарапайым формаларын қолдана алу (терминсіз);</p> <p>1.3.11.1 сөйлемді бас әріппен бастап жазып, сөйлем сонына тиісті тыныс белгілерін қою</p>	<p>0.3.3.3 таяқшаларды және қағаз жолақшаларын көлемі бойынша құрастыра білу</p> <p>0.3.4.1 қол мен саусақтардың қимылы мен қозғалысын қалыптастыруға арналған жаттығуларды жасай білу</p> <p>0.3.4.2 сзықтар бойынша қағазды қиу, жапсыру;</p> <p>0.3.4.3 қылған жолақшаларды ретімен орналастыра білу</p> <p>0.3.5.1 сөздегі дыбыстардың саны мен бірізділігін анықтау</p> <p>0.3.5.2 дыбыстық құрамы әртүрлі буындарға дыбыстық талдау жасай білу (ay, ua, ia, ai, uai)</p> <p>0.3.5.3 дыбыстық құрылымы әртүрлі сөздерге дыбыстық талдау жасай білу: бір дауысты дыбыстан тұратын түйік буынды сөздер (ат, от, ұн); ұш дыбыстан құралған сөздер (мал, шар, лақ)</p>
--	---	---

Түзету педагогикасының Ұлттық ғылыми-практикалық орталығы сайтында «Арнайы білім беруге арналған оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер (ОӘК)» бөлімінде зерде бұзылыстары бар балаларға арналған оқу-әдістемелік кешендер берілген. Мысалы, «Саят ашу» 0 сынып бөлімінде зерде бұзылыстары бар білім алушыларға арналған арнайы мектептің 0-сыныбына арналған оқулық, жұмыс дәптерлері және зерде бұзылыстары бар білім алушыларға арналған арнайы мектептің 0-сыныбындағы жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқытуға арналған әдістемелік құрал берілген.

Әдістемелік құрал мектеп мұғалімдерімен қатар арнайы мекемелердегі педагогтарға, мектепке дейінгі мекемелердің тәрбиешілеріне, сондай-ақ арнайы педагогика саласы бойынша жоғарғы оқу орындарының студенттеріне арналған. Оқу құралы зерде бұзылыстары бар оқушылардың танымдық іс-әрекетінің ерекшеліктерін ескере отырып құрастырылған.

Бұл құралда деңгей бойынша 0 сыныпта сауаттылықты оқыту процесінің жобасы ұсынылған. Төменде қысқартылған немесе жеке бағдарламаларды әзірлеу кезінде жалпы білім беретін мектептердің педагогтарының пайдалануы үшін мысал ретінде осы қуралдың үзінділері ұсынылады [48].

Кесте 30 – 0-сыныпта сауат ашуға оқыту үдерісінің жобасы

МАҚСАТТЫ ТҰЖЫРЫМДАУ

Бағдарламаның тараулары	Оқу мақсаттары (күтілген нәтижелер)		
	Күрделіліктің 1-денгейі	Күрделіліктің 2-денгейі	Күрделіліктің 3-денгейі
Тыңдалым және айтылым: тыңдалған материалдың мазмұнын түсіну	Мұғалімнің көмегімен айтқан нұсқауды түсінеді. Мұғалімнің көмегімен сөйлеуді, сөзді ажыратады.	Мұғалімнің сәл көмегімен айтқан нұсқауды түсінеді. Мұғалімнің көмегімен тыңдау барысында тілдік бірліктерді (сөйлеу, сөз, сөйлем, мәтін) ажыратады.	Айтылған нұсқауды түсінеді, тыңдау барысында тілдік бірліктерді (сөйлеу, сөз, сөйлем, мәтін) ажыратады.
Тыңдалым және айтылым: мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау	Мұғалімнің көмегімен ұлғіні тірек ете отырып айтылған сөздің мағынасын түсінеді, ұлғі бойынша, суреттер бойынша берілген сұрақтарға қысқа жауап береді.	Мұғалімнің көмегімен естіген сөздің мағынасын түсінеді. Мұғалімнің көмегімен тыңдаған материалдың мазмұны бойынша және мәтінге берілген суреттерге байланысты сұрақтарға жауап береді.	Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсінеді. Тыңдаған материалдың мазмұны бойынша және мәтінге берілген суреттерге байланысты сұрақтарға жауап береді.
Тыңдалым және айтылым: тыңдалған материалды мазмұндау	Мұғалімнің көмегімен қарапайым тапсырмаларды орындайды.	Қарапайым тапсырмаларды ұлғі бойынша, көрсету бойынша орындайды.	Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындаиды.
Тыңдалым және айтылым: сұрақта жауап беру	Сұрақты тыңдал, бір сөзben жауап береді.	Сұрақты тыңдал, екі сөзден құралған сөйлеммен жауап береді.	Сұрақты тыңдал, толық жауап береді.
Тыңдалым және айтылым: дыбысқа назар аудару	Мұғалімнің көмегімен тілдік емес дыбыстарды ажыратады. Мұғалімнің көмегімен жануарлардың дыбысын (сиыр, ит) ажыратады. Еліктеу бойынша, ұлғі бойынша әртүрлі дыбыс	Мұғалімнің сәл көмегімен қоршаған ортадағы әртүрлі дыбыстарды (жапырақтың сыйдыры, қоңыраудың шылдыры, аяқты басқандағы дыбыс) ажыратады.	Қоршаған ортадағы әртүрлі дыбыстарды (жапырақтың сыйдыры, қоңыраудың шылдыры, аяқты басқандағы дыбыс) өздігінен ажыратады. Жануарлардың дыбысын (сиыр, ит) ажыратады.

Кесте 30 – жалғасы

	<p>шығаратын заттарға (ұшақтың, машинаның дыбысына, жануарлардың дауысина) еліктейді.</p> <p>Дауысты дыбысты қайталайды.</p> <p>Дауыссыз дыбысты қайталайды.</p>	<p>Жануарлардың дыбысын (сиыр, ит) ажыратады.</p> <p>Мұғалімнің көмегімен әртүрлі дыбыс шығаратын заттарға (ұшақтың, мәшиненің дыбысына, жануарлардың дауысина) еліктейді.</p> <p>Мұғалімнің көмегімен дауысты дыбысты ажыратады.</p> <p>Мұғалімнің көмегімен дауыссыз дыбысты ажыратады.</p> <p>Мұғалімнің көмегімен дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажыратады.</p>	<p>Әртүрлі дыбыс шығаратын заттарға (ұшақтың, мәшиненің дыбысына, жануарлардың дауысина) еліктейді.</p> <p>Дауысты дыбысты ажыратады.</p> <p>Дауыссыз дыбысты ажыратады.</p> <p>Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажыратады.</p>
Тындалым және айтылым: тіл дыбыстарын дұрыс айтуды	<p>Еліктеу бойынша артикуляциялық және тыныс алу жаттығуларын орындайды.</p> <p>Еліктеу бойынша артикуляциясы жеңіл дыбыстарды айта біледі.</p>	<p>Мұғалімнің көмегімен үлгі бойынша артикуляциялық және тыныс алу жаттығуларын орындайды.</p> <p>Артикуляциясы жеңіл дыбыстарды айта біледі.</p> <p>Мұғалімнің көмегімен вербалды емес қарым-қатынас құралдарын (ым-ишара, қимыл), дауыс қарқынын, сөз арасындағы кідірісті қолданады.</p>	<p>Үлгі бойынша артикуляциялық және тыныс алу жаттығуларын орындайды.</p> <p>Артикуляциясы жеңіл дыбыстарды айта біледі.</p> <p>Вербалды емес қарым-қатынас құралдарын (ым-ишара, қимыл), дауыс қарқынын, сөз арасындағы кідірісті қолдана біледі.</p>
Оқылым			
Жазылым			
Көрнекі қуралдар			

Кесте 31 – Дайындық кезеңіне арналған оқу тақырыптары мен бақылау тапсырмаларының технологиялық карталарының атласы

Сабак саны	«Сөз» тақырыбының технологиялық картасы
«Өзім туралы» ортақ тақырыбының мәнмәтініндегі оқу мақсаттары	<ol style="list-style-type: none"> Білім алушыға сөз туралы түсінік беру Білім алушының сөз туралы түсінігін қалыптастыру Есту қабілетін жетілдіру Сөз таңбасымен таныстыру Танып-білуге деген қызығушылығын арттыру
Тындалым және айтылым	<ol style="list-style-type: none"> Ауызша сөйлеу тілін дамыту Қарапайым тапсырмаларды, нұскауды орындаі білу. Әңгіме, ертегі, тақпақты мұқият тындалап, түсіне білу.
Оқылым	<ol style="list-style-type: none"> Суреттегі заттарды атау Суретке қарап сөйлем құрастыру
Жазылым	Қолдың ұсақ бұлышықтерін дамыту. Жұмыс дәптерімен танысу Қалам/қарындаштарды пайдалануға үйрету
Сөздік және сөз тіркестері	Дене мүшелері, бас, қол, аяқ, кеуде, арқа, иық, өлең айту, сурет салу, доп ойнау, кестелеу, жүзу, компьютер, киіну, жейде, бөрік, ойыншықтар, белдік, жалпақ, жіңішке, биік, аласа, үлкен, кіші, жуан, жіңішке
Пән ішіндегі және пәнаралық байланыстар	«Қазақ тілі» пәнін өткенде ана тілінің дыбыстарымен, әріптерімен танысу негізінде фонематикалық үрдістері қалыптасып дамиды. «Оқу және тіл дамыту» пәнін өткенде оқулықта берілген мәтіндерді меңгеру негізінде танымдық ерекшеліктеріне сай білім алушылар өз ойын жеткізуге дағдыланады, қазақ халқының мәдениетін құрметтеп, менгеруге тәрбиеленеді. «Бейнелу өнері», «Музыка және ән-күй» пәндерін өту барысында эстетикалық талғамдары, ойлау, қабылдау, ауызша сөйлеу тілі дамиды. «Математика» пәннін өткенде ойлау қабілеті дамиды. «Айналамен таныстыру» пәнін өткенде мәтіндерді оку арқылы қоршаған орта туралы мағлұматтар алады, тбиғатты қорғауға, аялауға үйренеді. «Әлецметтік бейімделу және еңбекке баулу» пәнін оқыту барысында білім алушылар еңбектің өмірдегі орнын, маңыздылығын түсінеді, әлеуметтік ортаға бейімделеді.
Көрнекі құралдар	Түстері әртүрлі, мөлшерлері бірдей ойыншықтар, әртүрлі заттар бейнеленген суреттер, ақ жолақшалар, үлестірмелі материалдар. Сөз таңбасын тақтаға жазып көрсету.

Кесте 32 – Сабақтың ақпараттық картасы

Тақырыбы:

Маңсаты:

Білім беру:

Түзете дамыту:

Көрнекі құралдар:

Көсегетін құралдар:

Үлестірмелі материал:

Сабақтың кезеңі	Мұғалім мен оқушылардың бірлескен жұмысының мазмұны	Сараланған жеке-дара тәсіл			Ескерту (оқушылар жұмысының нәтижелілігі, мұғалімнің бақылауы)
		1-топ және 2-топ	3-топ	4-топ	

Түзету педагогикасының Ұлттық ғылыми-практикалық орталығының сайтында «Арнайы білім беруге арналған оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер (ОӘК)» бөлімінде, атап айтқанда «Саят ашу» бөлімінде 0 сынып, зерде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектептерге (сыныптарға) арналған жұмыс дәптерлері берілген. Төменде «Өзім туралы» тақырыбы бойынша жұмыс дәптерінің жаттығулары бар беттерді ұсынамыз [49].


ӨЗІМ ТУРАЛЫ
МЕН КІММІН?



Менің атым – Алма.




Ал менің атым – Алмат.



4

ДЕНЕ БӨЛІКТЕРІ

- Суретке қара. Тында. Көрсет.
- Адамның дене бөліктерін тап. Ата.
- Адамның дене бөліктерін жасыл қарындашпен қоршап сыз.
Ойыншықтарды қызып қарындашпен қоршап сыз.



5

Сурет 7 – Жұмыс дәптері

Түзету педагогикасының Ұлттық ғылыми-практикалық орталығы сайтында «Арнайы білім беруге арналған оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер (ОӘК)» бөлімінде зерде бұзылыстары бар балаларға арналған оқу-әдістемелік кешендер берілген. Мысалы, «Сауат ашу» 1 сынып бөлімінде зерде бұзылыстары бар білім алушыларға арналған арнайы мектептің 1-сыныбына арналған оқулық, жұмыс дәптерлері және зерде бұзылыстары бар білім алушыларға арналған арнайы мектептің 1-сыныбындағы зерде бұзылыстары бар білім алушыларды оқытуға арналған әдістемелік құрал берілген.

Әдістемелік құрал жеңіл ақыл-ой кемістігі бар 1 сынып оқушыларына арналған «Сауат ашу» пәні бойынша Типтік оку бағдарламасына сәйкес әзірленген және арнайы мектеп мұғалімдеріне осы санаттағы оқушыларды оқыту процесін ұйымдастыруға көмек көрсету мақсатында ұсынылған. Оқу құралы зерде бұзылыстары бар оқушылардың танымдық іс-әрекетінің ерекшеліктерін ескере отырып құрастырылған

Аталмыш құралда 1-сыныпта сауат ашу процесі жобасы деңгей бойынша ұсынылған. Аталмыш тәжірибелі инклюзивті ортадағы зерде бұзылыстары бар білім алушыларға сабак беруде пайдалануға болады. [50].

Кесте 33 – 1-сыныпта сауат ашуға оқыту үдерісінің жобасы

«Сауат ашу» пәні бойынша 1-сыныпқа арналған оқушы картасы

Оқыту мазмұны	Білім	Оқыту мақсаттары
1.1 Тыңдалған материалдың мазмұнын түсіну	Тыңдалым және айтылым	1.1.1.1 тыңдау барысында тілдік бірліктерді (сөйлеу, сөз, сөйлем) түсіну, ажырату; 1.1.1.2 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну.
1.2 Мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау		1.1.2.1 мұғалімнің көмегімен мәтінде кім? (не?) туралы айтылғанын анықтау
1.3 Тыңдалған материалды мазмұндау		1.1.1.1 сөйлем құрастыру; 1.1.1.2 мұғалімнің көмегімен оқығанын есіне сақтай отырып айттып беру.
1.4. Сұраққа жауап беру		1.1.4.1 сұрақтағы сөзді қолдана отырып, жауап беру.
1.5. Дыбысқа назар аудару		1.1.1.1 сөздегі бірінші дыбысты ажырата білу; 1.1.1.2 керекті дыбысы бар сөздерді естіп, ажырата білу; 1.1.1.3 дыбыстық құрамы жақын сөздерді ажырата білу (бақа-баға, қас-қаш); 1.1.1.4 артық буынды табу (ба-ба-ла-ба);

Кесте 33 – жалғасы

		1.1.1.5 сөздерді анық, қатесіз қайталауға дағдылану; 1.1.1.6 сөздерді буынға бөліп айта білу, сөздегі дауысты, дауыссыз дыбыстарды анықтап, бөліп айта білу.
1.6 Тіл дыбыстарын дұрыс айту		1.1.1.1 артикуляциялық және тыныс алу жаттығуларын жасай білу; 1.1.1.2 артикуляциялық қызын дыбыстарды айта білу.
2.1 Оқылған мәтіннің мазмұнын түсіну	Оқылым	1.1.1.1 қысқа мәтіннің мазмұнын түсіну (2-3 сөйлемнен құрылған); 1.1.1.2 мәтінде автордың кім (не) туралы айтқысы келгенін түсіну.
2.2 Сөйлем құрастыра білу		1.1.1.1 мұғалімнің көмегімен көрнекілікке сүйене отырып сөйлем құрастыру; 1.1.1.2 берілген сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құрап айту.
2.3 Сұрақтарға жауап берे білу (мұғалімнің көмегімен)		1.2.3.1 мәтін иллюстрациясы бойынша қойылған сұраққа жауап беру (мұғалім көмегімен).
2.4 дыбыс пен әріпті тану және ажырату		1.2.4.1 әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру.
3.1 жазу жұмысына дайындық жаттығулары	Жазылым	1.3.1.1 денені дұрыс ұстау, дұрыс отыру, дәптерді дұрыс қою, қарындашты/қаламды дұрыс ұстау.
3.2. Кеңістікте және уақытты бағдарлау		1.3.2.1 жазу жолы, жоларалық кеңістік, жолдың жоғарғы және төменгі сызығы, көлбеу, тік сызығы.
3.3. Көріп қабылдаудың дамыту		1.1.1.1 заттың бөлшегін бөліп айту, заттарды топ ішінде бөліп айта білу; 1.1.1.2 екі затты салыстыра білу, бірінің үстіне бірі салынған заттардың бейнесін танып білу; 1.1.1.3 заттардың кескінін танып, атау, бір элементі жетіспейтін затты танып, атау; 1.1.1.4 геометриялық фигуralарды білу, құрастыру.
3.4 Қолдың ұсақ бұлшықеттерін дамыту		1.1.1.1 сызықты бір бағыттан екінші бағытқа бұрып сыза білу, белгілеген сызықтан асырмай сыза білу; 1.1.1.2 үлгі бойынша шар, шенбер, үшбұрыш, шаршыны қоршап сыза білу, оларды бояу, штрихтау; 1.1.1.3 сурет салу, түзу сызық, үзік сызықтар, ирек сызықтар, әріп элементтерін ретпен жазу.

Кесте 33 – жалғасы

3.5 Фонематикалық естү қабілетін дамыту		<p>1.1.1.1 сөздер мен сөйлемдердің құрылымын сыйба арқылы түсініп тани білуі (сөздегі буын санын, сөйлемдегі сөз санын анықтау);</p> <p>1.1.1.2 кеспе әліппенің әріптері мен буындарынан сөз құрай білу;</p> <p>1.1.1.3 дыбыстық құрылымы әртүрлі сөздерге дыбыстық талдау жасай білу: екі дыбысты ашық буыннан тұратын сөздер (ма-са, ма-та, ша-на); бір дыбысты ашық буын мен үш дыбысты бітеу буыннан тұратын сөздер (о-рақ, а-сық, а-ғаш, о-жау).</p>
3.6 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау		<p>1.3.6.1 жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сзығын сақтап, әртүрлі сзықтарды, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу.</p>

Түзету педагогикасының ұлттық ғылыми-практикалық орталығының сайтында «Арнайы білім беруге арналған оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер (ОӘК)» бөлімінде, атап айтқанда 1 сыныптың «Сауат ашу» бөлімінде зерде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектептерге (сыныптарға) арналған жұмыс дәптерлері берілді. Төменде «Өзім туралы» тақырыбы бойынша жұмыс дәптерінің жаттығулары бар бетті ұсынамыз [51].

ӨЗІМ ТУРАЛЫ



Үл мен қызды боя. Өзін туралы айтып бер.



Партада арқаны тік, екі ишкіті бірдей биіктікте ұстап отыру керек.



4


Оң қолмен жазу



Сол қолмен жазу



Жоғарыдағы дөңгелектің түспен, төмениң дөңгелекті кек, оң жақтағы дөңгелекті сары, сол жақтағыны жасылмен боя.



5

Сурет 8 – Жұмыс дәптері

«Қазақ тілі» пәнінің оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес өзірленген.

Бастауыш мектепте «Қазақ тілі» пәнін оқыту мақсаты – сөйлеу әрекетінің түрлерін: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымды дамыту арқылы тіл туралы бастапқы білімді менгерту және оны тілдік нормаларды сақтай отырып, оқу әрекеті мен күнделікті өмірде қолдану.

«Қазақ тілі» пәнін оқыту міндеттері:

- 1) тіл білімі бойынша бастапқы теориялық түсініктер беру;
- 2) сөйлеу әрекетінің түрлерін (айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым) дамыту;
- 3) білім алушылардың сөздік қорын толықтыру және сөздің грамматикалық құрылышын менгерте отырып, тілін дамыту және жетілдіру;
- 4) тілдің қоғамдық мәнін түсінуге, қарым-қатынас жасау салалары мен түрлі жағдаяттарда өз ойларын сауатты және мәдениетті түрде жеткізе білуге дағдыландыру;
- 5) түрлі мәтіндер негізінде білім алушыларға адамдардың өзара түсінісуі, сыйластық, құрмет сезімдері, адамгершілік қасиеттері, өзінің және өзгенің іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарай білуі сияқты ізгі қасиеттерді қалыптастыру;
- 6) түрлі қарым-қатынас жағдаяттарында сөйлеу этикетін қолдану;
- 7) ауызша және жазбаша сөйлеу нормалары мен тіл мәдениеті негіздерін менгерту;

Төменде зерде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектептердің (сыныптардың) 2-сыныбындағы жеңіл ақыл-ой кемістігі бар балаларды оқытуға арналған әдістемелік құралда зерде бұзылыстары бар оқушыларды қазақ тіліне оқыту тәсілдемесінің ерекшеліктері көрсетілген. Әдістемелік құралда қазақ тіліне оқыту жұмыстарының негізгі бағыттары, әдіс-тәсілдері, дыбыс пен әріпті менгеру барысындағы жұмыс кезектілігі толығырақ қарастырылады.

Құрал арнайы мектеп мұғалімдерімен қатар арнайы мекемелердегі мұғалімдерге, сондай-ақ арнайы педагогика саласы бойынша жоғарғы оқу орындарының студенттеріне арналған [52].

Кесте 34 – Оқу мақсаттары бойынша күтілетін нәтиже

Бағдарлама тараулары	Оқу мақсаттары (күтілген нәтижелер)		
	күрделіліктің төмен деңгейі	күрделіліктің орташа деңгейі	күрделіліктің жоғары деңгейі
«Өзім туралы»	1.Дыбыстар мен әріпті таниды, айтады. 2.Мұғалімнің көмегімен буынға бөледі. 3.Өзі туралы сұраққа жауап береді.	1. Дыбыстар мен әріптерді таниды, көрсетеді. 2. 2-3 буынды сөзді буынға бөле алады. 3. Өзі туралы айта алады.	1. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратады. 2. Сөздерді өздігінен буынға бөледі, жазады. 3. Өзі туралы толық мәлімет береді.

Кесте 35 – Технологиялық картаның үлгісі

Сағат саны	
Зат есім	1. Заттың атаян білдіретін сөздерді білу. 2. Кім? Кімдер? Не? Нелер? деген сұрақтарға жауап берे білу. 3. Жалқы есім және жалпы есімдерді салыстыра отырып, ажыратады. 4. Сөздерге -лар, -лер, -дар, -дер, -тар, -тер жалғаулары жалғанатынын білу.
Мазмұнды сурет	5. Суреттегі зат есімді табу.
Ілеспелі қайталау	Текшелер арқылы дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажырату.
Сөздік және сөз тіркестері	Тақырып бойынша сөздік жұмысы жүргізіледі.
Пәнаралық байланыс	1. Айналамен таныстыру; 2. Бейнелеу өнері; 3. Ана тілі
Көрнекі құралдар	1. Заттық, мазмұнды суреттер; 2. Кеспе әріптер; 3. Текшелер 4. Ойыншықтар


Төменде зерде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектептердің (сыныптардың) 2-сыныбына арналған «Қазақ тілі» пәннің жұмыс дәптерінен «Өзім туралы» тақырыбы бойынша тапсырмалар үзінділері келтірілген [53].

ОЗІМ ТУРАЛЫ




Дыбыстар мен әріптер. Дауысты дыбыстар

1-тапсырма.
● ● ● Үксас дыбыстарды көшіріп жаз.
A-ә, о-ө, и-й, ү-ү, ғ-ғ, қ-қ, н-ң, б-в, ә-ә, ә-ә, ғ-ғ




3

2-тапсырма.
● Дауысты дыбыстарды есіне түсіріп жаз.
● Дауысты дыбыстардың исуах, жіңішке болатынын есіне түсір.



3-тапсырма.
● ● Берілген әріптерге сөз ойла. Дұрыс жаз.
A-ә, о-ө, і-й, ә-ә, ғ-ғ



4-тапсырма.
● ● ● Бас әріптердің жазылу үксастығынан көміл аудар.
Л-М, П-Т, Х-Ж, Г-Р, И-Ш, Н-Қ, Ү-Ч, Н-Қ, Л-Я



4

Сурет 9 – Жұмыс дәптері

«Қазақ тілі» пәнінің (оқыту қазақ тілінде емес) оқу бағдарламасы Казақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген.

«Қазақ тілі» пәнін оқытудың мақсаты – қоғамдық ортада қазақ тілінде қарым-қатынас жасау мүмкіндіктерін қамтамасыз ететін коммуникативтік дағдылардың негізін қалыптастыру және тілдік нормаларды қолдануға, сауатты жазуға үйрету.

Койылған мақсатқа жету үшін мынадай міндеттердің шешілуі көзделеді:

- 1) тілдік дағдыларды (айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым) дамыту;
- 2) қазақ тіліндегі сөздік қорды ұздықсіз дамыту әдістерін менгерту;
- 3) тұрмыста, қоғамдық орындарда, мәдени орталарда қазақ тілінде қарым-қатынас жасау қабілеттері мен дағдыларын дамыту;
- 4) қазақ тілінде менгерген білім, білік, дағдыларын құнделікті өмірде өз бетінше қолдануға дағдыландыру;
- 5) шығармашылықпен жұмыс істеуді, сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін дамыту.

Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған оқыту орыс тілінде жүретін арнайы мектептердің (сыныптардың) 2-сыныбындағы жеңіл ақыл-ой кемістігі бар балаларды оқытуға арналған әдістемелік құралда зерде бұзылыстары бар оқушыларды қазақ тіліне оқыту тәсілдемесінің ерекшеліктері көрсетілген. Әдістемелік құралда оқулықпен және жұмыс дәптерімен жұмыс ерекшеліктеріне тоқталып, мұғалім үшін күнтізбелік жоспар, деңгейлік мақсатты тұжырымдау, тақырыптардың технологиялық карталары, оқушылардың оқу жетістіктерінің картасы және сабактардың ақпараттық карталарының үлгілері берілген [54].

Кесте 36 – 2-сыныпта қазақ тіліне оқыту ұдерісінің жобасы

Мақсатты тұжырымдау

Бағдарлама тараулары	Оқу мақсаттары (күтілген нәтижелер)			
	қүрделіліктің төмен деңгейі	қүрделіліктің орташа деңгейі	қүрделіліктің жоғары деңгейі	
Тыңдалы м және айтылым	Тыңдалған материалдың мазмұнын түсіну	Мұғалімнің көмегімен тақырыпқа байланысты мұғалімнің сөзін,	Мұғалімнің сөл көмегімен тақырыпқа байланысты мұғалімнің сөзін,	Тақырыпқа байланысты мұғалімнің сөзі, қарапайым нұсқауын, сынныптастырының сөзін

Кесте 36 – жалғасы

		қарапайым нұсқауын, сыныптастары ның сөзін түсінеді; мұғалімнің көмегімен қарапайым сөздерді көрнекілікке сүйеніп түсінеді.	қарапайым нұсқауын, сыныптастар ының сөзін түсінеді; мұғалімнің көмегімен қарапайым сөздерді көрнекілікке сүйеніп, түсінеді.	түсінеді; қарапайым сөздерді көрнекілікке сүйеніп түсінеді.
	Қаратпа сұрақтарға жауап беру	Мұғалімнің көмегімен тыңдау барысында қаратпа сөздердің мағынасын түсінеді; мұғалімнің көмегімен мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді.	Үлгі бойынша тыңдау барысында қаратпа, қарапайым сөздердің мағынасын түсінеді; үлгі бойынша мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді.	Тыңдау барысында қаратпа сөздердің мағынасын өздігінен түсінеді, мазмұны бойынша сұрақтарға өз бетімен жауап береді.
	Әр сатылы сұрақтарды түсіну және орындау	Мұғалімнің көмегімен қойылған сұрақты түсінеді; мұғалімнің көмегімен қойылған сұраққа жауап береді.	Үлгі бойынша қойылған сұрақы түсінеді; үлгі бойынша қойылған сұраққа жауап береді.	Екі сатылы сұрақтарды түсінеді; қойылған сұраққа толық жауап береді.

Кесте 36 – жалғасы

	Сөздердің лексикалық мағынасын, іс-әрекетке байланысты сөздер мен нұсқауды түсіну	Мұғалімнің көмегімен танысады; мұғалімнің көмегімен өзі туралы айтады.	Мұғалімнің сәл көмегімен сөйлеу барысында танысады; үлгі бойынша өзі туралы айтады; заттарда сипаттауға пайдаланылатын сөздерді, сөз тіркестерін түсінеді.	Сөйлеу барысында танысады; өзі туралы айтады; заттарды сипаттау үшін сәйкес сөздер мен сөз тіркестерін түсінеді және қолданады.
	Айтылған сөздерге назар аудару	Мұғалімнің көмегімен айтылған сөзге назар аударады.	Айтылған сөзге назар аударады, мұғалімнің көмегімен қайталап айтады.	Айтылған сөзге назар аударады, сол сөзді қайталап айтады.
	Мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау	Мұғалімнің көмегімен мәтіннің тақырыбын анықтайды.	Мұғалімнің сәл көмегімен мәтіннің тақырыбын анықтайды; мұғалімнің сәл көмегімен мәтіннің негізгі ойын анықтайды.	Мәтіннің тақырыбын анықтайды; мәтіннің негізгі ойын анықтайды.
	Тыңдалған материал бойынша өз пікірін айту	Мұғалімнің көмегімен тыңдалған материал бойынша бір сөзбен (ұнайды, ұнамайды) өз пікірін айтады.	Тыңдаған материал бойынша өз пікірін білдіреді.	Тыңдаған материал бойынша өз пікірін толық айтады.

Кесте 36 – жалғасы

	Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормага сәйкес дұрыс айтуды	Мұғалімнің көмегімен айтылуы мен жазылуда айырмашылығы жоқ сөздерді дұрыс айтады.	Қайталау бойынша айтылуы мен жазылуда айырмашылығы жоқ сөздерді дұрыс айтады.	Айтылуы мен жазылуда айырмашылығы жоқ сөздерді дұрыс айтады.
	Қазақ тіліне тән дыбыстардың артикуляциясын нақтылау, дұрыс айтуды	Мұғалімнің көмегімен, үлгі бойынша қазақ тіліндегі ы, ә, ө, ғ, қ, і, ұ, ү, ң, һ дыбыстарын естіп қабылдайды, қайталайды.	Үлгі бойынша қазақ тіліндегі ы, ә, ө, ғ, қ, і, ұ, ү, ң, һ дыбыстарын дұрыс айтады, ажыратады; үлгі бойынша таңбалай біледі.	Қазақ тіліндегі ы, ә, ө, ғ, қ, і, ұ, ү, ң, һ дыбыстарын дұрыс айтады, ажыратады; үлгі бойынша таңбалай біледі; өткен дыбыстарды сөздерде, сөз тіркестерінде дұрыс қолдана біледі.
Оқылым				
Жазылым				
Тілдік нормалардың қолданысы				

Кесте 37 – «Өзім туралы» ортақ тақырыбының технологиялық картасы

Сабак саны	
Оқу мақсаттары	<p>Тақырыпқа байланысты мұғалімнің, сыныптастарының сөзін, қарапайым нұсқауын түсіну.</p> <p>Қарапайым сөздерді көрнекілікке сүйене отырып түсіну.</p> <p>Оқушының дыбыс туралы түсінігін анықтау.</p> <p>«Ы», «ә» дыбыстарымен, әріптерімен таныстыру, айтылуын, жазылудың үйрету.</p>

Кесте 37 – жалғасы

	Оқуға үйрету, Қазақ тілін үйренуге деген қызығушылығын тудыру.
Тыңдалым және айтылым	Тақырыпқа байланысты мұғалімнің, сыныптастарының сөзін, қарапайым нұсқауын, амандасу түрлерін түсіну, Тыңдау барысында қаратпа, қарапайы сөздердің мағынасын түсіну, мазмұны бойынша сұрақтар, үлгі бойынша өздігінен жауап беру.
Оқылым	Таныс сөздерді тұтас оқу. Суреттегі заттарды атау. Суретке қарап сөйлем құрастыру.
Жазылым	Жазу кезіндегі дұрыс отыру, дәптерді дұрыс қою туралы түсінігінің болуы. Жазу дағдыларын жетілдіру, бекіту. Қазақ тілінің төл әріптерін жазуға үйрету.
Сөздік және сөз тіркестері	Қазақша сөздік қорын үздіксіз дамыту әдістерін менгерту. Жаңа сөздерді қабылдау, түсіну, қолдану дағдыларын менгерту, Адамдардың аттарын, заттардың атауларын, іс-әрекеттердің білдіретін сөздермен, сөз тіркестерімен таныстыру. Құрамында «ы», «ә» дыбыстары бар сөздермен, сөз тіркестерімен таныстыру. Негізгі тұс атауларын білдіретін сөздермен, сөз тіркестерімен таныстыру.
Пән ішіндегі және пәнаралық байланыстар	Қазақ тілінің төл дыбыстарымен танысу, оларды оқуға, жазуға үйрету. Қазақ тілінде сөйлеуге, оқуға, жазуға үйрету. Оқулықта берілген мәтіндерді менгерту негізінде өз ойын жеткізуге дағыландыру. Негізгі түстермен танысу, оқулықтағы суреттерді қарау, жұмыс дәптеріндегі суреттерді баstryп жүргізу, бояу, сонымен қатар сабак барысында өтетін сергіту сәттері мен жайлы музыканы тыңдау арқылы ойлау, қабылдау, ауызша сөйлеу тілін дамыту. Мәтіндерді оқу арқылы қоршаған орта туралы мағлұматтар беру, таифатты қорғауға, аялауға үйрету. Мектептегі қызметкерлердің жұмысымен таныстыру, олардың маңыздылығын түсіндіру, қазақ тілін түсіну арқылы әлеуметтік ортаға бейімделуге көмектесу.

Кесте 37 – жалғасы

Ұсынылатын оқыту іс-әрекеттері	Оқушылар шеңбер құрып, кезектесіп ортаға шығып: «Сәлем, менің атым – ...», – деп, өз аттарын айтып, орнына барып, көршісіне қол созады. Осылайша барлық балаға өз атын айтып, танысып шығуы керек. Оқушылар жаттығуды өз аттарын ырғакпен шапалақтай отырып қайталайды. Мұғалім қазақ тілінің төл дыбыстарын жасауға қатысатын дыбыстау мүшелерінің қызметін балаға түсіндіріп, дыбыстарды артикуляциялық анық айтуға жаттығулар ұсынады. Мұғалім қазақ тіліне тән белгілі бір дыбыстарды айтады, ал оқушылар сол дыбыс кездесетін жаңа сөздерді атауға тиіс. Жаңа сөздерді менгеру үшін қайталау маңызды, сондықтан сабакта өткен сөздерді сәйкес жағдайларға қатысты қайталаپ отырады.
Көрнекі құралдар	Түстері әртүрлі, бірдей, мөлшерлері бірдей және әртүрлі ойыншықтар, әртүрлі заттар бейнеленген суреттер, таза паракттар, үлестірмелі материалдар. Сөз таңбасын тақтаға жазып көрсету. Плакаттар.

Кесте 38 – Сабактың ақпараттық картасы

Тақырыбы:

Мақсаты:

Білім беру:

Түзете дамытушы:

Тәрбие мақсаттары:

Құралдары:

Көрсететін құралдар:

Үлестірмелі материал:

Сабактың кезеңі	Мұғалім мен оқушылардың бірлескен жұмысының мазмұны	Оқушы әрекетінің нәтижелілігі туралы белгі

Төменде зерде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектептердің (сыныптардың) 2-сыныбына арналған оқыту орыс тілінде жүретін «Қазақ тілі» пәнінен жұмыс дәптерінен «Өзім туралы» тақырыбы бойынша тапсырмалар үзінділері келтірілген [55].

ӨЗІМ ТУРАЛЫ

Бұл кім?

1-тапсырма.

- Тында. Қайтала. Қөрсөт.
 - Улғи бойынша сейлес.
 - Сүрактарға жауап бер.

Сенің атын кім? Сен нешінші сыныпта оқысын?




- Сәлеметсіз бе!
 - Сәлеметсіндер ме, балалар!
 - Балалар, сендер қай сыныпта оқысыңдар?
 - Біз екінші сыныпта оқымыз.
 - Бүгін бірінші қыркүйек – Білім күні!



2-тапсырма.

- Сөздерді көшіріп жаз.

Берілген сөздер: мектеп, сынып, Алма, Алмат.



4

Iс-әрекеттер

1-тапсырма.

- Суретке қара. Тында. Қайтала.
 - Суреттегі заттарды ата. Білдігін іс-әрекеттерді айт



кеседі.



тігеді.



бояйды.



жейді.

2-тапсырма.

- Сөздерді кешіріп жаз.

Берілген сөздер: наң, ине, кесе.



23

Сурет 10 – Жұмыс дәптері

Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тіліндегі)

Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес өзірленген.

Қазақ тілі пәнін оқыту мақсаты – ана тілін қадірлейтін, қоғамдық мәнін түсінетін тұлға қалыптастыру, қазақ әдеби тілі нормаларын сақтап, дұрыс қолдана білуге, еркін сөйлесуге және сауатты жазуға үйрету.

«Қазақ тілі» оқу пәнін оқытуудың негізгі міндеттері:

1) қазақ тілін ана тілі ретінде тани отырып, өмірлік қажеттіліктеріне коммуникативтік әрекеттер түрінде (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым) сауаттылықпен қолдану;

2) тіл сауаттылығы мен сөйлеу сауаттылығын, сөз байлығын, басқалармен еркін қарым-қатынасқа түсу;

3) аудиовизуалды материалды тыңдау барысында өз көзқарастарын білдіру;

4) мәтіндерге қойылған мақсатқа сәйкес қорытынды, синтез, анализ жасау дағдыларын қалыптастыру.

Төмендегі кестеде 5-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» пәнінің типтік оқу бағдарламасы бойынша күтілетін нәтижелерге және женіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған оқу бағдарламасы бойынша күтілетін нәтижелерге салыстырмалы талдау келтірілген. Бұл материал мұғалімдерге ЕБҚ бар балаларға арналған қысқартылған немесе жеке оқу бағдарламаларын өзірлеу кезінде әдістемелік құрал ретінде ұсынылады.

Кесте 39 – 1 тоқсан, Қазақ тілі, 5 сынып

Бағдарламаның бөлімі, бөлімшесі	Үлгілік оқу бағдарламасы бойынша күтілетін нәтижелер	Женіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған оқу бағдарламасы бойынша күтілетін нәтижелер
Тындалым және айтылым	5.1.1.1 тірек сөздер мен ұсынылған иллюстрациялар арқылы тақырыпты болжау; 5.1.5.1 тындалған мәтін мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беру, көтерілген мәселе бойынша өз ойын білдіру.	5.1.1.1 дауыссыз және дауысты дыбыстар; 5.1.1.2 жуан, жіңішке дауысты дыбыстар; 5.1.2.1 буынның түрлері туралы түсінік алу; 5.1.2.2 ашық буынның анықтамасын білу, мысал келтіру; 5.1.3.1 сөз туралы түсінікті кеңейту; 5.1.3.2 сөздің белгілі бір заттың, құбылысты, сын-сапаның, қимылдың атауы екенін таныту; 5.1.4.1 түбір және қосымша. Олардың бір-бірінен айырмашылығы; 5.1.5.1 сөз таптараты туралы жалпы түсінік, зат есім, оның мағынасы; 5.1.5.2 жалқы есім және жалпы есім; 5.1.6.1 сөйлем мүшелері: тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелері, олардың байланысы; 5.1.7.1 әртүрлі мәтін түрлерін аңғарту: әңгімелу, сипаттау, талқылау; 5.1.8.1 мектепте, сынныpta, асханада өзін ұсту ережелерін білу, орындау; 5.3.4.2 үлкендермен сөйлесу мәдениетін білу.

Кесте 39 – жалғасы

Оқылым	<p>5.2.1.1 мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты түсіну, анықтау;</p> <p>5.2.2.1 лексиканың ауызекі сөйлеу және жазба стильдік айырмашылықтарын мәтіндер арқылы тану.</p>	<p>5.2.1.1 мәтіндегі негізгі ақпаратты түсіну;</p> <p>5.2.2.1 белгілі тақырып бойынша жұппен жұмыс тәсілі арқылы бірбіrine сұрақ қойып, жауап беру;</p> <p>5.2.3.1 мұғалімнің көмегімен түрлі жанрдағы мәтіндерді ажыратада білу (хабарлама, жарнама, хат), мазмұнын түсіну;</p> <p>5.2.3.1 мұғалімнің көмегімен түрлі жанрдағы мәтіндерді ажыратада білу (хабарлама, жарнама, хат), мазмұнын түсіну;</p> <p>5.2.5.1 мұғалімнің көмегімен балалар әнциклопедиясынан қажетті ақпаратты ала білу.</p>
Жазылым	<p>5.3.1.1 берілген мәтінге сәйкес кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімдерді қамтитын қарапайым жоспар құру;</p> <p>5.3.4.1 эссенің кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерін сақтай отырып, өзіне таныс адамды, белгілі бір мекен мен оқиғаны сипаттап не суреттеп жазу</p>	<p>5.3.1.1 жазу техникасын жетілдіру;</p> <p>5.3.1.2 оқулықтағы жазба жұмыстарын орындаі білу;</p> <p>5.3.2.1 мұғалім ұсынған жоспар бойынша мазмұндама жазу;</p> <p>5.3.3.1 туыстарына, достарына хат жазу, конвертке мекен-жайын дұрыс жазу.</p>
Әдеби тіл нормалары	<p>5.4.1.1 қазақ тілінің дыбыстар жүйесін, үндестік заңын, емлелік ерекшеліктерін ескере отырып, орфографиялық нормаға сай жазу</p>	<p>5.4.1.1 тақырып бойынша бас әріппен жазылатын атауларды орфографиялық нормаға сай жазу;</p> <p>5.4.2.1 екпіннің түрлерін сөз және сөйлем ішінде орынды қолдану;</p> <p>5.4.2.1 екпіннің түрлерін сөз және сөйлем ішінде орынды қолдану.</p>

Түзету педагогикасының Ұлттық ғылыми-практикалық орталығы сайтында «Учебники и учебно-методические комплексы (УМК) для специального образования» бөлімінде зерде бұзызылыстары бар балаларға арналған оқу-

әдістемелік кешендер берілген. Мысалы, «Қазақ тілі» 5 сынып бөлімінде зерде бұзылыстары бар білім алушыларға арналған арнайы мектептің 5-сыныбына арналған оқулық, жұмыс дәптерлері және зерде бұзылыстары бар білім алушыларға арналған арнайы мектептік 5-сыныбындағы жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқытуға арналған әдістемелік құрал берілген.

Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектептердің (сыныптардың) 5-сыныбындағы жеңіл ақыл-ой кемістігі бар балаларды оқытуға арналған әдістемелік құралда зерде бұзылыстары бар оқушыларды қазақ тіліне оқыту тәсілдемесінің ерекшеліктері көрсетілген [56].

Кесте 40 – Оқу мақсаттары бойынша қүтілетін нәтиже

Бағдарлама тараулары	Оқу мақсаттары (қүтілген нәтижелер)		
	құрделіліктің төмен деңгейі	құрделіліктің орташа деңгейі	құрделіліктің жоғары деңгейі
Дыбыс және әріп	1. Дыбыс пен әріпті таниды, қайталайды. 2. Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажыратады. 3. Дауысты және дауыссыз дыбыстардың түрлерін үлгі бойынша көрсетеді.	1. Дыбыс пен әріпті таниды, айтады. Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажыратады, сөз ойлады. 3. Үлгі бойынша дыбыстық талдау жасайды.	1. Дыбыс пен әріп тарауын толық менгереді. 2. Дыбыстық талдау жасай алады.
Буын	1. Мұғалімнің көмегімен сөздерді буынға бөледі, буын санын анықтайды. 2. Буынның түрлерін атайды.	1. Сөздерді буынға бөледі, буын санын анықтайды. 2. Мұғалімнің көмегімен буынның түрлерін айтады.	1. Буын және буынның түрлерін тәжірибеде қолданады.
Сөз	1. Сөздерді қайталайды. 2. Бір-екі сөз мысал келтіреді.	1. Көпмағыналы, синоним, антоним, омоним сөздерді мұғалімнің көмегімен ойлады. 2. Үлгі бойынша сөздерге мысал келтіреді.	1. Сөздерді ойлады, сөздердің мағыналарын ажыратады, сөйлем күрастырады.

Кесте 40 – жалғасы

Сөз құрамы	<p>1. Сөздің құрамын, шартты белгілерін біледі.</p> <p>2. Үлгі бойынша сөздің бөлшектерін шартты белгілермен көрсетеді.</p>	<p>1. Түбір мен қосымшаны ажыратады, мысал келтіреді.</p> <p>2. Мұғалімнің көмегімен сөз құрамына талдау жүргізеді.</p>	1. Сөз құрамын өздігінен талдайды.
Сөз таптары	<p>1. Сөз таптарының анықтамасын таниды, қайталайды.</p> <p>2. Жетелеу сұрақтары арқылы сөз таптарының түрлерін айтады.</p>	<p>1. Сөз таптарының анықтамасын түсініп жаттайды, түрлерін ажыратады, мысал келтіреді.</p> <p>2. Сөз, сөз тіркесі, сөйлем құрастыра алады.</p>	1. Сөз таптарының анықтамасын біледі, мысал келтіре алады, талдау жүргізе алады.
Сөйлем	<p>1. Мұғалімнің көмегімен сызба бойынша сөйлем құрайды.</p> <p>2. Сөйлем мүшелерінің түрлерін қайталап айтады.</p>	<p>1. Сөйлемнің анықтамасын біледі, сөйлем құрастыра алады, түрлерін ажыратады.</p> <p>2. Сөйлемнің түрлаулы, түрлаусыз мүшелерін ажыратып, үлгі бойынша талдау жүргізеді.</p>	<p>1. Сөйлем және сөйлемнің түрлерін біледі, тәжірибеде қолдана алады.</p> <p>2. Сөйлем мүшелеріне толық талдау жүргізеді.</p>
Байланыстырып сөйлеу	<p>1. Эртүрлі тақырыпта срақтарға жауап беру арқылы, әңгімеге араласады.</p> <p>2. Суреттер бойынша сұраққ жауап береді.</p> <p>3. Сыныптасымен шағын диалог жүргізеді.</p>	<p>1. Әңгімеге белсенді араласады, сұрақтарға жауап береді.</p> <p>2. Тірек сөздер, мазмұнды суреттер, ілеспелі суреттер бойынша мәтін құрастырады.</p> <p>3. Эртүрлі тақырыпта диалог жүргізеді.</p>	<p>1. Жоспар, тірек сөздер бойынша шағын мазмұндама жаза алады.</p> <p>2. Эртүрлі мәтін түрлеріне сипаттама бере алады.</p> <p>3. Диалогқа өздігінен қатысады.</p>

Кесте 41 – Технологиялық картаның үлгісі

Сағат саны	
Сөйлем. Сөйлемнің тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелері	1. Сөйлемнің анықтамасын біледі. 2. Сөйлемнің тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелерін ажыратады. 3. Тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелерінің шартты белгілерін таниды. 4. Сөйлем мүшелеріне мысал келтіреді, талдау жасайды.
Мазмұнды сурет	1. Суреттер бойынша сөйлем құрастыру. 2. Мазмұнды сурет, парақша, видео көрсетілім бойынша сөйлем құрастыру. 3. Топтық, жұптық тапсыналар беру, постер қорғай
Ілеспелі қайталау	1. Сөз таптарын ажыратады, мысал келтіреді. 2. Жұптық жұмыс жургізу арқылы өз білімін тексереді.
Сөздік және сөз тіркестері	Тақырып бойынша сөздік жұмысы жүргізіледі.
Пәнаралық байланыс	1. Айналамен таныстыру 2. Бейнелеу өнері 3. Ана тілі, ауыз әдебиеті
Көрнекі құралдар	1. Заттық, мазмұнды суреттер 2. Кеспе парапашалар 3. АҚТ қолдану (интерактивті тақта).

Кесте 42 – Оқушының жетістігі туралы үлгілік кесте

Тақырыбы: Сөйлем. Сөйлемнің тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелері

Оқушының аты-жөні:

Білу	Күні	Түсіну	Күні	Қолдану	Күні
<p>1. Сөйлемнің анықтамасын біледі.</p> <p>2. Сөйлемнің тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелерін ажыратады.</p> <p>3. Тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелерінің шартты белгілерін таниды.</p> <p>4. Сөйлем мүшелеріне мысал келтіруді және талдау жасауды біледі.</p>		<p>1. Сөйлемнің анықтамасын біліп, мысал келтіреді.</p> <p>2. Тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелерінің сұрақтарын дұрыс пайдаланады.</p> <p>3. Сұрақтар қою арқылы шартты белгілерімен сөйлем мүшелеріне талдау жүргізеді.</p>		<p>1. Сөйлемнің анықтамасын біле отырып сөйлем құрастыра алады.</p> <p>2. Сөйлемнің тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелерін қолданып талдау жүргізеді, шартты белгілерімен белгілейді.</p>	

Төменде зерде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектептердің (сыныптардың) «Қазақ тілі» пәнінен 5-сыныбына арналған жұмыс дәптерінен «Менің мектебім» тақырыбы бойынша тапсырмалар үзінділері келтірілген [57].

Дыбыс және өріп. Дауысты дыбыстар

● ● ● 1-тапсырма. Дауысты дыбыстардың астын сұза.

Кереге, уық, шаңырақ, сыйырлауық, киіз үй, тұндік, туырлық, үзік, киіз есік.

Дауысты дыбыстар: а, _____
Жіңішке дауыстылар: _____
Жұан дауыстылар: _____

● ● 2-тапсырма. Төрг түлік малдардың атын ата. Сөздерді жазып, дауысты дыбыстарды ұлті бойынша ызыл түспен көрсет.

Түйе



● 3-тапсырма. Өлеңді жатқа жаз.

Отан – Ана, _____
Отан – жер, _____
Отан – дана, _____
Отан – ел, _____

● ● 4-тапсырма. Мотінді оқы. Көп нұктенің орынна дауысты дыбысты қой.

Біз жыл сайын м...кten ауласында, спорт алаңында ж...мыс істейміз. Коқыс шығ...рамыз, арық тазалаймыз. Ағаш отырғызып, г...лдерді суарамыз. Б...зге өртүрлі құралдар көрек. Үйімізден күр...к, тырма, қоларба, сыйырғыш ...келеміз. Оқушылар үжымысты жақсы істейді. Бұл – балал...рдың еңбектер...нің жемісі.

● ● ● 5-тапсырма. Жұмбактарды шеш. Көп нұктенің орынна тиісті арнапті қой.

1. Т...мір т...лді,
Сыңғ...р үнді.

к _____ у

2. Тазалаң ақ қағаз жұзін,
Ж...к етер қар...ндаш ...зін.

ө _____ ш

3. Қал десем, к...лмайды,
Жұмсақасам, б...рмайды.

қ _____ е

Жұмбактардың шешпүіне дыбыстық талдау жаса.

● ● 6-тапсырма. Жұмбазтың шешпүін тап.

Әрі шешен, әрі виші, әрі күйші,
Әр үйде бар, тапқышым, көне, білші?



Төмендегі кестеде 6-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» пәнінің типтік оқу бағдарламасы бойынша күтілетін нәтижелерге және женіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған оқу бағдарламасы бойынша күтілетін нәтижелерге салыстырмалы талдау келтірілген. Бұл материал мұғалімдерге ЕБҚ бар балаларға арналған қысқартылған немесе жеке оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде әдістемелік құрал ретінде ұсынылады.

Кесте 43 – 1 тоқсан, Қазақ тілі, 6 сынып

Бағдарлама ның болімі, бөлімшесі	Үлгілік оқу бағдарламасы бойынша күтілетін нәтижелер	Женіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған оқу бағдарламасы бойынша күтілетін нәтижелер
Тыңдалым және айтылым	6.1.1.1 мәтіннің атауын талқылау және алғашқы бөлігін тыңдау арқылы көтерілетін мәселені болжau; 6.1.4.1 мәтіннің құрылымдық ерекшелігіне назар аудара отырып, жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтау.	6.1.1.1 жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды ажырату; 6.1.1.2 қатаң, ұяң, ұнді дауыссыз дыбыстарды танып, ажырату; 6.1.2.1 дыбыс ұнdestігі туралы түсінік. Дыбыстардың бір- біріне әсер етіп өзгеруін іс жүзінде байқату; 6.1.3.1 дара, күрделі сөз туралы түсіну; 6.1.4.1 түбірлес сөздер туралы түсінік. анықтамасын білу; 6.1.5.1 зат есім, негізгі зат есім, оның анықтамасын білу; 6.1.5.2 туынды зат есім, оның анықтамасы. туынды зат есім жасайтын жүрнақтарын білу; 6.1.6.1 тұrlаусыз мүшелер, анықтауыш, пысықтауыш, толықтауыш туралы түсініктері болу; 6.1.7.1 ретсіз берілген сөздерден мәтінді ретімен қайта құру; 6.1.8.1 мектепте, сыйынpta, асханада өзін ұстау ережелерін білу, орындау.
Оқылым	6.2.2.1 ауызекі сөйлеу және көркем сөйлеудің стильдік ерекшеліктерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану;	6.2.1.1 мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты түсіну; 6.2.2.1 мәтіннің мазмұны бойынша өзбетімен қарапайым және нақты сұрақ қою, сұраққа жауап беру;

Кесте 43 – жалғасы

	6.2.6.1 оқылым стратегияларын қолдану: комментарий жасау, іріктең оқу, рөлге бөліп оқу.	6.2.3.1 хабарландыру, хат, жеделхат, жарнама нұсқаулықтың құрылымы мен рәсімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату; 6.2.4.1 дауыстап, түсініп оқу; 6.2.5.1 мұғалімнің көмегімен энциклопедиялар, балаларға арналған газет-журналдардан қажетті ақпаратты ала білу.
Жазылым	6.3.3.1 ұсынылған тақырып бойынша деректер жинақтай отырып, графикалдық мәтін (диаграмма, кесте, сзыбба) түрінде құрастыру; 6.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді іріктей отырып, жинақы мәтін жазу.	6.3.1.1 «ә, ф, ч, щ» дыбыстырына қатысты сөздердің жазылуын менгеру; 6.3.2.1 шағын мазмұндама жаза білу; 6.3.3.1 іс-қағаздарды (хабарландыру, жұмысқа алу өтініші, жеделхат) жазуға, түбіртек (суға, телефонға, газға) толтыруды білу.
Әдеби тіл нормалары	6.4.1.1 тақырып бойынша жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жазу.	6.4.1.1 түбір сөздегі дауысты және дауыссыз сөздердің жазылуын тексереп білу; 6.4.2.1 екпіннің түрлерін сөз және сөйлем ішінде орынды қолдану; 6.4.3.1 сөйлем түрлерін айттылу мақсатына қарай ажырату және сәйкес тыныс белгілерін қолдану;

Төмендегі кестеде 7-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» пәнінің типтік оку бағдарламасы бойынша күтілетін нәтижелерге және жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған оку бағдарламасы бойынша күтілетін нәтижелерге салыстырмалы талдау келтірілген. Бұл материал мұғалімдерге ЕБҚ бар балаларға арналған қысқартылған немесе жеке оку бағдарламаларын әзірлеу кезінде әдістемелік құрал ретінде ұсынылады.

Кесте 44 – 1 тоқсан, Қазақ тілі, 7 сынып

Бағдарлама ның бөлімі, бөлімшесі	Үлгілік оқу бағдарламасы бойынша күтілетін нәтижелер	Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған оқу бағдарламасы бойынша күтілетін нәтижелер
Тыңдалым және айтылым	<p>7.1.1.1 мәтін үзінділерін тыңдай отырып, оқиғаның дамуы мен аяқталуын болжау;</p> <p>7.1.4.1 мәтін тақырыбы, сөйлеушінің дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнері арқылы негізгі ойды анықтау.</p>	<p>7.1.1.1 дауысты және дауыссыз дыбыстар түрлерін ажырату;</p> <p>7.1.2.1 буынның түрлерін ажырата білу (ашық, тұйық, бітеу);</p> <p>7.1.3.1 түбір сөз, қосымша, жалғау, жүрнақ туралы түсінігі болу;</p> <p>7.1.4.1 сөз құрамына талдау жүргізу;</p> <p>7.1.5.1 зат есім, зат есімнің түрлерін білу, анықтамаларын еске түсіру;</p> <p>7.1.5.2 зат есімнің септелуін еске түсіру, зат есімдерді үлгіге қарап септеу;</p> <p>7.1.6.1 жай сөйлем, жайылма сөйлем туралы түсіну;</p> <p>7.1.6.2 сөйлемнің түрлаулы, түрлаусыз мүшелерін білу;</p> <p>7.1.7.1 саяхат кезінде көргендегі туралы әңгіме құрау;</p> <p>7.3.4.1 мектепте, сынныpta, асханада, көлікте, аулада өзін ұстау ережелерін білу, орындау.</p>
Оқылым	<p>7.2.1.1 мәтіндік және графикалдық (кесте, диаграмма, сурет, шартты белгілер) ақпаратты интерпретациялау;</p> <p>7.2.5.1 мәтін бойынша проблемалық сұрақтар құрастыру.</p>	<p>7.2.1.1 мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты түсіну, анықтай білу;</p> <p>7.2.2.1 мәтін мазмұнын түсінуге, нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыра білу;</p> <p>7.2.3.1 қолхат, өтініш, сауалнаманың құрылымы мен рәсімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажыратуды білу;</p> <p>7.2.4.3 жүргіртіп оқу;</p>

		7.2.4.4 іштей оқу; 7.2.5.1 мұғалімнің көмегімен энциклопедия, сөздіктерден қажетті ақпараттарды алу.
Жазылым	7.3.3.1 мәтін құрылымын (кіріспе бөлім, жалпы мәлімет беру, детальді мәлімет беру) сақтай отырып, графикалық мәтін (шартты белгі, сурет, сызба) түрінде берілген процесті сипаттап жазу; 7.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша тірек сөздер мен сөз тіркестерін синонимдік қатармен ауыстыра отырып, жинақы мәтін жазу.	7.3.1.2 қалдырылып кеткен әріптер мен сөздерді орнына қойып, сөздер мен сөйлемдерді көшіріп жазу; 7.3.2.1 мазмұндама жазу барысында пікір айтуда, дәлелдей, қорытынды жасай білу; 7.3.3.1 іс-қағаздарды: қолхат, өтініш, сауалнама, өмірбаян толтыруға үрету.
Әдеби тіл нормалары	7.4.2.1 сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп қолдану.	7.4.1.1.қазақ тілінің дыбыстар жүйесін, үндестік заңын, емделік ерекшеліктерін ескере отырып, орфографиялық нормага сай жазу; 7.4.2.1 екпіннің түрлерін сөз және сөйлем ішінде орынды қолдану; 7.4.3.1 төл сөз, төлеу сөз, автор сөзінің тыныс белгілерін дұрыс қолдану.

Түзету педагогикасының Ұлттық ғылыми-практикалық орталығы сайтында «Учебники и учебно-методические комплексы (УМК) для специального образования» бөлімінде зерде бұзылыстары бар балаларға арналған оқу-әдістемелік кешендер берілген. Мысалы, «Қазақ тілі» 7сынып бөлімінде зерде бұзылыстары бар білім алушыларға арналған арнайы мектептің 7-сыныбына арналған оқулық, жұмыс дәптерлері және зерде бұзылыстары бар білім

алушыларға арналған арнайы мектептік 7-сыныбындағы жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқытуға арналған әдістемелік құрал берілген.

Әдістемелік құрал мектеп мұғалімдерімен қатар арнайы мекемелердегі педагогтарға, мектепке дейінгі мекемелердің тәрбиешілеріне, сондай-ақ арнайы педагогика саласы бойынша жоғарғы оқу орындарының студенттеріне арналған.

Аталған әдістемелік құралдағы «Қазақ тілі» пәні бойынша 7-сыныпқа арналған оқушы картасы төменде берілген [58].

Кесте 45 – Оқу мақсаттары (күтілген нәтижелер)

Бағдарлама тараулары	Оқу мақсаттары (күтілген нәтижелер)		
	қүрделіліктің төмен деңгейі	қүрделіліктің орташа деңгейі	қүрделіліктің жоғары деңгейі
Менің туған өлкем	<p>1. Дыбыс пен әріпті таниды, дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажыратады.</p> <p>2. Жуан және жіңішке дауысты дыбыстарды үлгі арқылы көрсетеді.</p> <p>3. Дауыссыз дыбыстардың түрлерін кесте арқылы көрсетеді.</p>	<p>1. Дыбыс пен әріпті таниды, дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажыратады, сөз ойлайды.</p> <p>2. Жуан және жіңішке дауыстарды ажыратады.</p> <p>3. Үлгі бойынша дыбыстық талдау жасайды.</p>	<p>1. Дыбыс пен әріп тарауын толық менгереді.</p> <p>2. Дауысты және дауыссыз дыбыстардың түрлерін толық біледі.</p> <p>3. Дыбыстық талдау жасай алады.</p>

Кесте 46 – Технологиялық карта

Сағат саны	
Сөз құрамы	<ol style="list-style-type: none"> 1. Сөз құрамының анықтамасы 2. Сөз құрамының негізгі бөлшектері (түбір, қосымша) 3. Қосымшаның түрлері 4. Сөз құрамының шартты белгілері 5. Сөз құрамына талдау
Мазмұнды сурет	<ol style="list-style-type: none"> 1. Суреттер бойынша сөздер айту 2. Мазмұнды сурет, парапша, бейнекөрсетілім бойынша сөздерді табу. 3. Топтық, жұптық тапсырмалар орындау, постер қорғау
Ілеспелі қайталау	<ol style="list-style-type: none"> 1. Буынынқ анықтамасы, түрлері 2. Жеке, жұптық жұмыс
Сөздік және сөз тіркестері	<ol style="list-style-type: none"> 1. Тақырып бойынша сөздік жұмысы
Пәнаралық байланыс	<ol style="list-style-type: none"> 1. Ана тілі, ауыз әдебиеті 2. Еңбекке баулу, бейнелеу өнері 3. Жаратылыстану
Көрнекі құралдар	<ol style="list-style-type: none"> 1. Заттық, мазмұнды суреттер 2. Кеспелі парапшалар 3. Кестелер 4. АҚТ қолдану (интербелсенді тақта).

Кесте 47 – Оқушының жетістігі туралы кесте

Тақырыбы: Сөз құрамы

Оқушының аты-жөні:

Білу	Күні	Түсіну	Күні	Қолдану	Күні
1.Сөз құрамының анықтамасын біледі. 2.Сөздің бөлшектерін ажыратады. 3.Түбір, жүрнак, жалғау бөлшектерінің шартты белгілерін таниды. 4.Сөздер ойлайды, талдау жасауды біледі.		1.Сөз құрамының анықтамасын түсініп, мысал келтіреді. 2.Сөздің бөлшектерін дұрыс ажыратады, табады. 3.Шартты белгілермен сөз құрамына талдау жүргізеді.		1.Сөз құрамына талдау жүргізеді.	

Төменде зерде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектептердің (сыныптардың) 2-сыныбына арналған «Қазақ тілі» пәні бойынша жұмыс дәптерінен «Өзім туралы» тақырыбы бойынша тапсырмалар үзінділері келтірілген [59].

ӨЗІМ ТУРАЛЫ



Дыбыстар мен әріптер. Дауысты дыбыстар

1-тапсырма.

● ● ● Үксаң дыбыстарды кешіріп жаз.

А-ә, о-ө, и-й, ү-ү, ғ-ғ, қ-қ, ң-ң, б-в, ң-ң, ә-ә, ә-ә


Handwriting practice lines for the first exercise, featuring several sets of horizontal lines with diagonal blue lines for slanting practice.

3

2-тапсырма.

● ● Дауысты дыбыстарды есінде түсіріп жаз.


● ● Дауысты дыбыстардың жуан, жінішке болатынын есінде түсір.



3-тапсырма.

● ● ● Берілген әріптерге сөз ойла. Дұрыс жаз.

А-ә, о-ө, и-й, ү-ү, ғ-ғ



4-тапсырма.

● ● ● Бас әріптердің жазылу үқсастығына кеңіл аудар.

Дұрыс жаз.

Л-М, П-Т, Х-Ж, Г-Р, И-Ш, Н-Қ, Ү-Ч, Н-Қ, Л-Я



4

Сурет 12 – Жұмыс дәптері

Төмендегі кестеде 8-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» пәнінің типтік оқу бағдарламасы бойынша күтілетін нәтижелерге және женіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған оқу бағдарламасы бойынша күтілетін нәтижелерге салыстырмалы талдау келтірілген. Бұл материал мұғалімдерге ЕБҚ бар балаларға арналған қысқартылған немесе жеке оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде әдістемелік құрал ретінде ұсынылады.

Кесте 48 – 1 тоқсан, Қазақ тілі, 8 сынып

Бағдарлама ның бөлімі, бөлімшесі	Үлгілік оқу бағдарламасы бойынша күтілетін нәтижелер	Женіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған оқу бағдарламасы бойынша күтілетін нәтижелер
Тындалым және айтылым	8.1.1.1 мәтіннен алынған дәйексөздерге, үзінділерге сүйене отырып, көтерілетін мәселені болжау; 8.1.3.1 тындалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпараттан астарлы ойды анықтау.	8.1.1.1 дауысты дыбыстардың түрлерін білу, сөзден оларды ажырату; 8.1.1.2 дауыссыз дыбыстардың турлерін ажырата білу; 8.1.1.3 сөздерге дыбыстық талдау жасай білу; 8.1.2.1 буынның түрлерін ажырата білу (ашық, тұйық, бітеу); 8.1.3.1 қысқарған сөздер туралы жалпы түсініктері болу; 8.1.4.1 түбірлес сөздер: әртүрлі сөз таптарына жататын түбірлес сөздер, оларды құрамы бойынша талдау; 8.1.5.1 сан есімнің анықтамасын еске түсіру, мысал келтіру; 8.1.6.1 құрмалас сөйлемдер құрамындағы жай сөйлемдердің байланысу тәсілдерін байқау; 8.1.7.1 дұрыс құрылмаған мәтінді қайта құру; 8.1.8.1 әртүрлі жағдайларда өздерін дұрыс ұстап, сырайы қатынас жасау дағдысын менгеру.
Оқылым	8.2.2.1 публицистикалық және ғылыми стиль ерекшеліктерін қолданылған тілдік	8.2.1.1 мәтіннен негізгі, қосымша, детальді ақпаратты анықтау, 8.2.2.1 мәтіннен негізгі ақпаратты анықтауға бағытталған нақтылау сұрақтарын құрастыру;

Кесте 48 – жалғасы

	құралдар арқылы тану; 8.2.3.1 мақала, аннотация құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату.	8.2.3.1 өмірбаян, жеделхат, сенімхат, арыздың құрылымы мен рәсімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату; 8.2.4.1 дауыстап, түсініп оку; 8.2.5.1 энциклопедия, сөздік, балаларға арналған газет-журналдардан қажетті ақпараттарды алу.
Жазылым	8.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша мәтіннің баяндау желісін сақтап, әр белгінен алынған ақпараттардан жинақы мәтін (аннотация) жазу; 8.3.6.1 БАҚ материалдары негізінде стильтік ауытқуларды, орынсыз қолданылған сөз оралымдарын талдап, стильтік түзетулер жасау, редакциялау.	8.3.1.1 ережелерді сақтап жазу; 8.3.2.1 сөздерді өзгерте отырып шағын мазмұндама жазу; 8.3.3.1 іс-қағаздарды: хабарландыру, жұмысқа алу өтініші, жеделхат, өмірбаян, қолхат, сенімхат жазуға, түбіртек (сұға, телефонға, газға) толтыруға жаттықтыру.
Әдеби тіл нормалары	8.4.1.1 тақырып бойынша бас әріппен жазылатын күрделі-құрама атауларды орфографиялық нормаға сай жазу.	8.4.1.1 қазақ тілінің дыбыстар жүйесін, ұнdestіk заңын, емлелік ерекшеліктерін ескере отырып, орфографиялық нормаға сай жазу; 8.4.2.1 сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп қолдану; 8.4.3.1 қазақ тіліндегі тыныс белгілерінің түрлері мен қызметін (даралаушы) түсіну, дұрыс қолдану.

Төмендегі кестеде 9-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» пәнінің типтік оку бағдарламасы бойынша құтілетін нәтижелерге және жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған оку бағдарламасы бойынша құтілетін

нәтижелерге салыстырмалы талдау келтірілген. Бұл материал мұғалімдерге ЕБҚ бар балаларға арналған қысқартылған немесе жеке оқу бағдарламаларын өзірлеу кезінде әдістемелік құрал ретінде ұсынылады.

Кесте 49 – 1 тоқсан, Қазақ тілі, 9 сынып

Бағдарлама ның бөлімі, бөлімшесі	Үлгілік оқу бағдарламасы бойынша күтілетін нәтижелер	Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған оқу бағдарламасы бойынша күтілетін нәтижелер
Тыңдалым және айтылым	9.1.1.1 мәтін мазмұны бойынша дайындалған сұрақтарға болжаммен жауап беру, түпнұсқамен салыстыру; 9.1.2.1 қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, ғылыми тақырыптарға байланысты әртүрлі жанрдағы кең көлемді мәтіндердегі (Жолдау) мақсатты аудитория мен көркемдегіш құралдардың рөлін талдау.	9.1.1.1 дауысты және дауыссыз дыбыстар; 9.1.1.2 қатаң, ұян дауыссыздар; 9.1.2.1 буын үндестігі туралы ұғымды қалыптастыру, іс жүзінде байқатып, сөйлеу тәжірибелерінде дұрыс пайдалану; 9.1.3.1 қысқарған сөздер туралы жалпы түсінік. бұлардың емлесі; 9.1.4.1 сөз құрамын талдау; 9.1.5.1 зат есімнің түрлерін білу; 9.1.5.2 өтілген жалғау турлерін мәтіннен табу, сөйлеу; тәжірибелерінде дұрыс пайдалану; 9.1.6.1 сөйлемнің тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелерін ажырату; 9.1.6.2 бірыңғай мүшелі сөйлемдер құрастыру; 9.1.7.1 оқыған кітаптарынан білген, көрген, байқаған мағлұматтарды пайдалана отырып ойын жеткізу; 9.1.8.1 әртүрлі жағдайларда өздерін дұрыс ұстап, сырайы қатынас жасау дағдысын менгеру.
Оқылым	9.2.3.1 мақала құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату;	9.2.1.1 мәтін бойынша берілген ақпаратты интерпретациялау; 9.2.2.1 мәтіннен негізгі және қосымша ақпаратты анықтауға бағытталған нақтылау сұрақтарын құрастыру; 9.2.3.1 өзбетімен түрлі жанрдағы мәтіндерді ажырата білу,

Кесте 49 – жалғасы

	9.2.2.1 қазақ тілі стильдері мен шешендік сөздің түрлерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану.	мазмұнын түсіну; 9.2.4.1 жүгіртіп оқу; 9.2.4.2 іріктеп оқу; 9.2.4.3 рөлге бөліп оқу; 9.2.5.1 ғаламтор, энциклопедия, газетжурналдар, оқулықтардан алғынған деректерді алу.
Жазылым	9.3.1.1 жинақталған материалдар негізінде көзделген мақсатқа сәйкес ауызша және жазбаша мәтіндер үшін күрделі жоспар құру; 9.3.2.1 мақсатты аудиторияның қызығушылығын ынталандыру үшін әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру; 9.3.6.1 жазба жұмысын абзацтар мен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық түзетулер енгізу, редакциялау.	9.3.1.1 шылаулар мен шылау тұлғалас қосымшалардың жазылуы, шылаулардың емлесін білу; 9.3.2.1 мазмұндама жазу; 9.3.2.2 оқыған кітаптарынан білген, көрген, байқаған мағлұматтарды пайдалана отырып творчестволық шығарма жазу; 9.3.3.1 іс-қағаздарды: жұмысқа орналасуға байланысты қағаздар (өтініші, өмірбаян, қолхат) жаза білу.
Әдеби тіл нормалары	9.4.1.1 мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу.	9.4.1.1 жалғаулар мен шылаулардың ерекшелігін ескере отырып, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай жазу; 9.4.2.1 сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп қолдану; 9.4.3.1 сөйлем соңында және сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерін дұрыс қолдану.

Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде емес)

Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес өзірленген.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнін оқыту мақсаты:негізгі орта білім беру деңгейіне арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» бағдарламасының мақсаты – оқушылардың тілдік дағдыларын дамыту, қазақ тілін қадірлейтін, қоғамдық мәнін түсінетін тұлға қалыптастыру, тіл нормаларын сақтап, дұрыс қолдана білуге, еркін сөйлесуге және сауатты жазуға үйрету.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» оқу бағдарламасының негізгі міндеттері:

- 1) шығармашылық түрғыда жұмыс істеуге, сын түрғысынан ойлауға дағдыландыру;
- 2) білім деңгейі жоғары, ой-өрісі дамыған тұлға қалыптастыру;
- 3) туындаған мәселелерді шеше біletін, шынайы өмірге бейім жаңашыл үрпак тәрбиелеу;
- 4) оқушыларды сөйлесім әрекетінің түрлерін әлеуметтік ортада қолдана білуге үйрету;
- 5) оқушылардың тілдік дағдысы мен ойлау қабілетін дамыту;
- 6) оқушыны қазақ халқының мәдениетімен, әдебиетімен, ұлттық салт-дәстүрімен таныстырып, мәдени ортада пайдалануға баулу, қазақ еліне, мемлекеттік тілге деген құрмет сезімін тәрбиелеу.

Төмендегі кестеде 5-сыныпқа арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің типтік оқу бағдарламасы бойынша күтілетін нәтижелерге және жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған оқыту орыс тілінде жүретін «Қазақ тілі» пәнінің оқу бағдарламасы бойынша күтілетін нәтижелерге салыстырмалы талдау келтірілген. Бұл материал мұғалімдерге ЕБҚ бар балаларға арналған қысқартылған немесе жеке оқу бағдарламаларын өзірлеу кезінде әдістемелік құрал ретінде ұсынылады.

Кесте 50 – 1 тоқсан, Қазақ тілі мен әдебиеті, 5 сынып

Бағдарламан ың бөлімі, бөлімшесі	Үлгілік оқу бағдарламасы бойынша күтілетін нәтижелер	Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған оқу бағдарламасы бойынша күтілетін нәтижелер
Тындалым	5.1.1.1 тақырыпты тірек сөздер арқылы болжау; 5.1.3.1 құнделікті тұрмыстық тақырыптарға байланысты жаңа сөздер мен тірек сөздердің мағынасын түсіну.	5.1.1.1 аудио таспаға жазылған таныс сөздерді естіп, айту, аудару; 5.1.1.2 жуан және жінішке дауыстылар, дыбыс үндестігі ережелерін білу; 5.1.2.1 жеңіл мәтіндердің жалпы мазмұнын түсіну; 5.1.3.1 тындалған сөздер мен сөз тіркестері бойынша сұрақтарға жауап беру.
Айтылым	5.2.3.1 ауызша мәтіндер құрауда қазақ тіліндегі төл дыбыстардың дыбысталуын, үндестік заңын ескеріп айту; 5.2.2.1 қазақша амандасу мәнері мен ұлттық этикет формаларын пайдалану.	5.2.1.1 мәтін бойынша: кім? не? кімдер? нелер? кіммен? немен? деген сұрақтарға қарапайым үлгілерді пайдаланып сөйлесу; 5.2.1.2 үлгі бойынша затты сипаттау; 5.2.2.1 әдептілік, тәртіп ережелерін білу, орындау; 5.2.3.1 бір-біріне сұрақ қою, құрбысының сұрағына жауап беру; 5.2.4.1 жиі қолданатын заттың атын, тұртұсін, қимылын білдіретін сөздерді менгеру, белсенді сөз қорында қолдану; 5.2.5.1 сөйлемнің мазмұны бойынша сұраққа жауап беру.
Оқылым	5.3.1.1 мәтіндегі негізгі ақпаратты анықтау; 5.3.3.1 фольклорлық және шағын көлемді көркем әдеби шығармаларды түсіну, тақырыбын анықтау;	5.3.1.1 екі-төрт сөйлемнен тұратын жеңіл мәтіндерді оқып, сұраққа жауап беру; 5.3.2.1 мұғалімнің көмегімен сөздіктен қажетті ақпаратты ала білу; 5.3.3.1 сөздерді буындаң дауыстап оқу;
Жазылым	5.4.5.1 жазба жұмыстарында жалғаулардың ерекшелігін ескеріп, үндестік заңына сәйкес	5.4.1.1 дауысты (ә, ө, ү, ұ, і) дыбыстардың дыбысталу ерекшеліктеріне сәйкес дұрыс айту, ажырату, әріп таңбасын дұрыс жазу;

Кесте 50 – жалғасы

	орфографиялық нормаға сай дұрыс жазу; сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану; 5.4.4.1 мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер жасау.	5.4.2.1 алфавит, дыбыстар мен әріптер; 5.4.4.1 жазба жұмыстарында өткен ережелерді сақтап, орфографиялық нормаға сай дұрыс жазу;
Тілдік бағдар	5.5.1.1 мәтін құрауда жалғау түрлерін дұрыс жалғау.	5.5.1.1 жаңа сөздердің мағынасын түсіну, аудармаларын білу; 5.5.2.1 жуан және жіңішке дауысты дыбыстардың дыбысталу ерекшеліктеріне сәйкес дұрыс айту, ажырату; 5.5.3.1 түбір және қосымша, жүрнақтар мен жалғаулар түрлерін анықтау, қолдану.

Түзету педагогикасының Ұлттық ғылыми-практикалық орталығы сайтында «Учебники и учебно-методические комплексы (УМК) для специального образования» бөлімінде зерде бұзылыстары бар балаларға арналған оқу-әдістемелік кешендер берілген. Мысалы, «Қазақ тілі» 5 сынып бөлімінде зерде бұзылыстары бар білім алушыларға арналған оқыту орыс тілінде жүрнетін арнайы мектептің 5-сыныбына арналған оқулық, жұмыс дәптерлері және алушыларды оқытуға арналған әдістемелік құрал берілген. Алайда бұл құрал жалпы білім беретін мектептерде инклюзивті практиканы жүзеге асыруда мұғалімдермен қолданыла алады.

Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған оқыту орыс тілінде жүретін арнайы мектептердің (сыныптардың) 5-сыныбындағы жеңіл ақыл-ой кемістігі бар балаларды оқытуға арналған әдістемелік құралда зерде бұзылыстары бар оқушыларды қазақ тіліне оқыту тәсілдемесінің ерекшеліктері көрсетілген [60].

Кесте 51 – Оқу мақсаттары бойынша күтілетін нәтиже

Бағдарлама тараулары		Оқу мақсаттары (күтілген нәтижелер)		
		күрделіліктің төмен деңгейі	күрделіліктің орташа деңгейі	күрделіліктің жоғары деңгейі
Тыңдалым	Сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіну	1. Мұғалімнің нұсқауын тыңдайды. 2. дауысты дыбыстар мен дауыссыз дыбыстардың айтылуын тыңдап, ажыратса біледі. 3. Аудиотаспаларды тыңдайды, естігенін түсінеді. 4. Естіген жуан және жіңішке дыбыстарға әсерін білдіреді.	1. Мұғалімнің нұсқауын және сыныптастарының айтқандарын мұқияттыңдауды, түсінеді. 2. Дауысты дыбыстар мен дауыссыз дыбыстарды есту арқылы ажыратса біледі. 3. Аудио таспаға жазылған таныс сөздерді, сөз тіркестерін естіп, қайталайды. 4. Жуан және жіңішке дауысты дыбыстарды мұғалімнің сәл көмегімен ажыратса біледі.	1. Мұғалімнің нұсқауын және айналасындағы адамдардың айтқанын түсінеді. 2. Дауысты дыбыстар мен дауыссыз дыбыстарды ажыратса біледі. 3. Аудиотаспаға (бейнетаспа) жазылған таныс сөздерді, сөз тіркестерін естіп айтады, аударады. 4. Жуан және жіңішке дауысты дыбыстарды ажыратса біледі. Үндестік заңына мысал келтіреді.
	Әртүрлі жанрдағы мәтіндерді түсіну	1. Жаңа сөздердің мағынасын түсінеді. 2. Аудиотаспаға жазылған нұсқауларды мұқияттыңдауды.	1. Женіл мәтіндердің жалпы мазмұнын түсінеді. 2. Жаңа сөздердің мағынасын түсінеді, аудармаларын біледі, сөйлеу тілінде қолданады. 3. Аудиотаспаға жазылған нұсқауларды түсініп орындайды.	

Кесте 51 – жалғасы

	Тыңдалым материалдары бойынша жауап беру	<p>1. Мұғалімнің көмегімен тыңдалған сөздер мен сөз тіркестері бойынша сұрақтарға жауап береді.</p> <p>2. Мәтіннің мазмұны бойынша негізгі сұрақтарға қосымша жауап береді.</p> <p>3. Қосымша туралы түсінігі бар.</p>	<p>1. Суреттер мен көрнекілік құралдардың көмегімен тыңдалған сөздер мен сөз тіркестері бойынша сұрақтарға жауап береді.</p> <p>2. Мәтіннің мазмұны бойынша негізгі сұрақтарға мұғалімнің көмегімен жауап береді.</p> <p>3. Есту бойынша жүрнақ арқылы өзгерген сөздерді түсінеді.</p>	<p>1. Тыңдалған сөздер мен сөз тіркестері бойынша сұрақтарға жауап береді.</p> <p>2. Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді.</p> <p>3. Жалғау мен жүрнақтың айырмашылығы мен маңызын біледі және қолданады.</p>
Айтылым				
Оқылым				
Жазылым				
Тілдік бағдар				

Кесте 52 – «Жуан және жінішке дауысты дыбыстар» тақырыбының технологиялық картасы

Сабак саны	
Оқу мақсаттары	<p>Тақырыпқа байланысты мұғалімнің нұсқауын, сыныптастарының сөздерін түсіну.</p> <p>Жаңа сөздерді көрнекілікке сүйене отырып, түсіну.</p> <p>Оқушылардың дыбыс туралы білімін анықтау. Дауыссыз дыбыстар туралы білімін тексеру.</p> <p>Жуан және жінішке дыбыстарымен, олардың әріптестерімен таныстыру, айтылуын, жазылуын үйрету.</p> <p>Оқуға үйрету.</p> <p>Айтылуы ұқсас сөздердің мағыналарының әртүрлілігін түсіндіру.</p> <p>Қазақ тілін үйренуге деген қызығушылығын тудыру.</p>

Кесте 52 – жалғасы

Тыңдалым	Тақырыпқа байланысты сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіну. Мәтінді түсініп оку, мәтінде кездесетін жаңа сөздердің мағынасын анықтау, мазмұны бойынша сурақтарға үлгі бойынша өздігінен жауап беру.
Айтылым	Қарым-қатынастық дағдыларды дамыту. Жуан және жіңішке дауысты дыбыстардың айтылу ерекшеліктерін анықтау. Жұмбактарды айтылуы бойынша түсініп, көп нүктенің орнына қойылатын сөзді табу. Тақырып бойынша сөздерді қатыстырып диалог үйімдастыру.
Оқылым	Мәтінді түсініп оку. Құрделі сөздерді буынға бөліп оку. Таныс сөздерді тұтас оку. Суреттегі заттарды атаяу. Суретке қарап сөйлем құрастыру.
Жазылым	Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қою. Сөздің дыбыстық құрамын талдау. Көшіріп жазу, есту бойынша жазуды жетілдіру. Құрамында жуан және жіңішке дауысты дыбыстары бар сөздерді тектаға жазу.
Тілдік бағдар	
Сөздік және сөз тіркестері	Қазақша сөздік қорын үздіксіз дамыту әдістерін менгерту. Жаңа сөздерді қабылдау, түсіну, қолдану дағдыларын менгерту. Адамдардың аттарын, заттардың атауларын, іс-әрекеттерді білдіретін сөздермен, сөз тіркестерімен таныстыру. Негізгі түс атауларын білдіретін сөздермен, сөз тіркестерімен таныстыру.
Көрнекі құралдар	Мөлшерлері бірдей және әртүрлі заттар бейнеленген суреттер, таза парақтар, үлестірмелі материалдар. Жуан және жіңішке әріптердің таңбасын тектаға жазу. Плакаттар.

Кесте 53 – Сабақтың ақпараттық картасының үлгісі

Тақырыбы:

Мақсаты:

Білім беру:

Түзете-дамытушы:

Тәрбие мақсаттары:

Құралдары:

Көрсететін құралдары:

Үлестірмелі материал:

Сабақтың кезеңі	Мұғалім мен оқушылардың сараланған тәсілді есепке ала отырып бірлескен жұмысының мазмұны				Ескертулер
	1-топ	2-топ	3-топ	4-топ	

Төменде зерде бұзылыстары бар балаларға арналған оқыту орыс тілінде жүретін арнайы мектептердің (сыныптардың) 5-сыныбына арналған жұмыс дәптерінен «Мениң мектебім» тақырыбы бойынша тапсырмалар үзінділері келтірілген [61].

МЕНИҢ МЕКТЕБІМ

1-тапсырма.

- Дауысты дыбыстарды оқы.
- Дауысты дыбыстарды жаз.
- Жіңішке дауысты дыбыстарды бір болек, жуан дауысты дыбыстарды бір болек теріп жаз.

Дауысты дыбыстар: а,

Жіңішке дауыстылар:

Жуан дауыстылар:

2-тапсырма.

- Көшіріп жаз.
- Дауысты дыбыстардың түрлерін ажырат.
- Жуан дауыстылардың астын бір салығын, жіңішке дауыстылардың астын екі салығын сал.

Жаз, шеп, орак, еңбек, өсімдік, алабота, жусан, егін, өзен, жел, қайық, бозторғай, дала, гүл, қызғалдақ, бойшешек.

3-тапсырма.

- Берілген сөздерді түсініп оқы.
- Сыныпқа, сабакқа келтисты сөздерді теріп жаз.
- Жуан дауысты дыбыстары бар сөздерді бір болек, жіңішке дауысты дыбыстарға бар сөздерді бір болек жаз.

Бес, біз, домбыра, пән, кітап, күнделік, бұзау, терезе, қалам, сабак, ешіргіш, гүл, парта, ағаш, тақта, есеп.

4-тапсырма.

- Теменде берілген сөздерден сөйлем күра.

1. Таудың етегінде, саяжай. 2. Саяжайды, біздің, еседі, қарақат.
3. Ерте, піседі, шие. 4. Құзде, жинаимыз, іріктеіміз, жемістерді.
5. Денсаулықта, пайдалы, жемістер.

5-тапсырма.


- Дыбыстарды дұрыс айт.
- Сөздерді түсініп оқы.
- Берілген дыбыстарға сәйкес сөздерді таңда. Көшіріп жаз.

Керекті сөздер: торғай, жұмыс, сәулө, керші, күшік, көшө, ұшак, тоқаш, сорпа, бұғы, ушқыш, дәптер, атеш, ерік, өмір, күміс, күлкі, кейлек, керпе, сұрақ, жұмбак.

Дыбыстар	Ұлті	Сөздер
A, ә	борал, кора	
Ы, Ү	құлымн, жұлдыз	
Ә, ө	Өсем, аже	
Ө, і	берік, көлік	
Ү, ү	тұлқы, жұаік	
Ө, ө	өзен, тесек	
А, ү	бұршак, кулақ	

6-тапсырма.

- Берілген орыс сөздерін оқы.
- Берілген орыс сөздерінің қалашқа баламасын айт.
- Қызылмен экзэмплар өрілтерді тірек ете отырып соғажүмбақты толтыр. Соғажүмбақтагы сөздерді жаз.



Учитель
Широкий
Дежурный
Книга
Окно
Класс

Сурет 13 – Жұмыс дәптері

Төмендегі кестеде 6-сыныпқа арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің типтік оқу бағдарламасы бойынша күтілетін нәтижелерге және женіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған оқыту орыс тілінде жүретін «Қазақ тілі» пәнінің оқу бағдарламасы бойынша күтілетін нәтижелерге салыстырмалы талдау келтірілген. Бұл материал мұғалімдерге ЕБҚ бар балаларға арналған қысқартылған немесе жеке оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде әдістемелік құрал ретінде ұсынылады.

Кесте 54 – 1 тоқсан, Қазақ тілі, 6 сынып

Бағдарлама ның болімі, бөлімшесі	Ұлгілік оқу бағдарламасы бойынша күтілетін нәтижелер	Женіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған оқу бағдарламасы бойынша күтілетін нәтижелер
Тыңдалым	<p>6.1.1.1 тірек сөздер, мәтіннің бастапқы бөлігін тыңдау арқылы тақырыпты және көтерілетін мәселені болжау;</p> <p>6.1.5.1 тірек сөздер, жетекші сұрақтар, мәтін тақырыбы арқылы негізгі ойды анықтау.</p>	<p>6.1.1.1 аудиотаспаға жазылған таныс сөздер мен сөз тіркестерін естіп, айту, аудару;</p> <p>6.1.1.2 дауыссыз дыбыстар, олардың жіктелуі туралы білу, сөздерге дыбыстық талдау жасау;</p> <p>6.1.2.1 мәтіннің негізгі мағынасын түсіну;</p> <p>6.1.3.1 сұраққа өздігінен жауап беру.</p>
Айтылым	<p>6.2.2.1 тақырып бойынша диалогті бастау, жалғастыру, аяқтаудың ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын білу;</p> <p>6.2.3.1 ауызша мәтіндер құрауда хабарлы сөйлемдердің интонациялық ерекшелігін ескеріп айтуды.</p>	<p>6.2.1.1 мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру арқылы әңгімелесу;</p> <p>6.2.2.1 мектепте, сыншылда, асханада өзін ұстау ережелерін білу, орындау;</p> <p>6.2.3.1 берілген ұлгілер, сыйбалар бойынша диалогтік сөйлеуін дамыту;</p> <p>6.2.4.1 сурет, ілеспелі сурет бойынша қысқа әңгіме құрастыру;</p> <p>6.2.5.1 сұраққа толық жауап беру.</p>

Кесте 54 – жалғасы

Оқылым	<p>6.3.2.1 ресми стильдегі мәтіндердің стильдік ерекшелігін анықтау (мінездеме);</p> <p>6.3.5.1 қосымша ақпарат көздерінен тақырыпқа байланысты мәліметтерді мәтін мазмұнымен салыстыру, қарама-қайшы ақпараттарды анықтау.</p>	<p>6.3.1.1 әдеби сөйлеу нормаларын сақтай отырып, мәтінді жүргітп дұрыс, саналы түрде дауыстап оқу;</p> <p>6.3.2.1 мұғалімнің көмегімен балаларға арналған газет-журналдардан қажетті ақпаратты ала білу;</p> <p>6.3.3.1 сөздерді тұтас дауыстап оқу.</p>
Жазылым	<p>6.4.4.1 мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер жасау;</p> <p>6.4.1.1 мәтіндердің стильдік ерекшелігін сақтай отырып, мінездеме жазу</p>	<p>6.4.1.1 ә дыбысы бар сөздерді дұрыс айтып, қатесіз жазу;</p> <p>6.4.2.1 алдын ала талданған 2-3 сөйлемді ережелерді сақтап жазу;</p> <p>6.4.4.1 зат есімнің көптік жалғауларын дұрыс жазу.</p>
Тілдік бағдар	<p>6.5.1.1 мәтіндерден деректі және дерексіз зат, көптік мәнді есімдерді ажыратада білу, жазбаша, ауызша жұмыстарда қолдану.</p>	<p>6.5.1.1 мәтіндегі жаңа сөздерді тауып, мағынасын түсіну;</p> <p>6.5.1.2 сөздердің тура және ауыспалы мағыналарын түсіну, ажырату ;</p> <p>6.5.2.1 дауыссыз дыбыстардың дыбыс ерекшеліктеріне сәйкес дұрыс;</p> <p>6.2.2.1 негізгі және туынды түбір сөздерді білу және ажырату</p> <p>6.5.4.1 жай сөйлем құрастырып айтуда, аударуда.</p>

Төмендегі кестеде 6-сыныпқа арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің типтік оқу бағдарламасы бойынша күтілетін нәтижелерге және жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған оқыту орыс тілінде жүретін «Қазақ тілі» пәнінің оқу бағдарламасы бойынша күтілетін нәтижелерге салыстырмалы талдау келтірілген. Бұл материал мұғалімдерге ЕБҚ бар балаларға арналған қысқартылған немесе жеке оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде әдістемелік құрал ретінде ұсынылады.

Кесте 55 – 1 тоқсан, Қазақ тілі, 7 сынып

Бағдарлама ның бөлімі, бөлімшесі	Үлгілік оқу бағдарламасы бойынша күтілетін нәтижелер	Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған оқу бағдарламасы бойынша күтілетін нәтижелер
Тыңдалым	7.1.2.1 тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, ақпараттың өзектілігін анықтау; 7.1.5.1 тірек сөздер, сөйлеушінің дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнері арқылы негізгі ойды анықтау.	7.1.1.1 сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіну; 7.1.2.1 қарапайым әдеби мәтіндерді тындау, түсіну; 7.1.3.1 тыңдаған мәтін мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру.
Айтылым	7.2.1.1 мақал-мәтелдерді орынды қолдана отырып, мәтін мазмұнын дамыту; 7.2.3.1 ауызша мәтіндер құрауда екпін түрлерін сөз және сөйлем ішінде орынды қолданып айту.	7.2.1.4 сөйлемдерді толықтыру, кеңейту; 7.2.1.3 берілген сөйлемдерден мәтін құрау; 7.2.2.1 мектепте, сыныпта өзін ұстау ережелерін білу, орындау 7.2.3.1 әртүрлі жағдаяттарда сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогтік сөйлеуге қатысу; 7.2.4.1 сөйлем интонациясы бойынша хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдерді үлгі бойынша құрастыра білу; 7.2.5.1 аудио және видео таспалардан көріп, естіген материалдың мазмұны бойынша сұрақтарға жай сөйлемдерді қолданып еркін жауап беру.
Оқылым	7.3.1.1 кесте, диаграмма, сызба, шартты белгілер түрінде берілген ақпаратты түсіну, қолдана білу; 7.3.6.1 тақырып бойынша деректер қолдана отырып мәтінде көтерілген мәселелеге өз ойын дәлелдеп жеткізу.	7.3.1.1 шығарманың негізгі ойын анықтау; 7.3.1.2 мұғалімнің көмегімен басты кейіпкерлерді атау, олардың сыртқы келбетін, әрекетін сипаттау; 7.3.2.1 мұғалімнің көмегімен энциклопедиядан, сөздіктерден қажетті ақпараттарды алу; 7.3.3.1 дауыстап, түсініп оку;

Кесте 55 – жалғасы

Жазылым	<p>7.4.2.1 эссе құрылымы мен дамуын сақтап, көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетіп жазу;</p> <p>7.4.4.1 тақырып бойынша мәліметтерді жинақтап, презентация түрінде ұсыну.</p>	<p>7.4.1.1 ұ-ұ дыбыстарды таңбалай білу. Салыстыру. Естіп ажырату;</p> <p>7.4.2.1 тірек сөздерге сүйеніп сөйлем құрастыру;</p> <p>7.4.4.1 жазба жұмыстарында сөзге қосымша жалғауда ұndestіk заңын ескеріп, орфографиялық нормаға сай дұрыс орындау.</p>
Тілдік бағдар	<p>7.5.1.1 мәтіндерден көмекші есімдерді ажырата білу, жазбаша, ауызша жұмыстарда қолдану.</p>	<p>7.5.1.1 жаңа сөздердің мағынасын түсіну, сөздіктен табу;</p> <p>7.5.2.1 буын, буын түрлерін ажырату, тасымалдың дұрыс 7.5.3.1 септік жалғаулар мағынасын түсіну;</p> <p>7.5.4.1 сөйлем интонациясы бойынша хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдерді ажырату.</p>

Түзету педагогикасының Ұлттық ғылыми-практикалық орталығы сайтында «Учебники и учебно-методические комплексы (УМК) для специального образования» бөлімінде зерде бұзылыстары бар балаларға арналған оқу-әдістемелік кешендер берілген. Мысалы, «Қазақ тілі» 7 сынып бөлімінде зерде бұзылыстары бар білім алушыларға арналған оқыту орыс тілінде жүрнетін арнайы мектептің 7-сыныбына арналған оқулық, жұмыс дәптерлері және алушыларды оқытуға арналған әдістемелік құрал берілген.

Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған оқыту орыс тілінде жүретін арнайы мектептердің (сыныптардың) 7-сыныбындағы жеңіл ақыл-ой кемістігі бар балаларды оқытуға арналған әдістемелік құралда зерде бұзылыстары бар оқушыларды қазақ тіліне оқыту тәсілдемесінің ерекшеліктері көрсетілген [62].

Кесте 56 – Оқу мақсаттары бойынша күтілетін нәтиже

Бағдарлама тараулары		Оқу мақсаттары (күтілген нәтижелер)		
		күрделіліктің томен деңгейі	күрделіліктің орташа деңгейі	күрделіліктің жоғары деңгейі
Тыңдалым	Сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіну	1. Сөздердің мағынасын түсінеді. 2. Суретті тірек ете отырып сөз тіркестерінің мағынасын түсінеді.	1. Сөздердің сөз тіркестерінің мағынасын түсінеді.	1. Сөздердің сөз тіркестерінің және сөйлемдердің мағынасын түсінеді.
	Әртүрлі жанрдағы мәтіндерді түсіну	1. Қарапайым әдеби мәтіндерді тыңдайды. 2. Аудио және бейне таспаға жазылған сөйлемдердің түрін интонациясына әсері бар.	1. Қарапайым әдеби мәтіндерді түсініп тыңдайды. 2. Аудио және бейне таспаға жазылған сөйлемдердің түрін интонациясы бойынша ажыратады.	1. Қарапайым әдеби мәтіндерді түсініп тыңдайды. 2. Аудио және бейне таспаға жазылған сөйлемдердің түрін интонациясы бойынша ажыратады және түрін атайды.
	Тыңдалым материалдары бойынша жауап беру	1. Тыңдаған мәтін мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға қысқаша жауап береді. 2. Басты кейіпкерлердің сипатына және іс-әрекетіне қатысты сұрақ қояды, сұраққа жауап береді.	1. Тыңдаған мәтін мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға толық жауап береді. 2. Басты кейіпкерлердің сипатына және іс-әрекетіне қатысты сұрақ қояды, сұраққа жауап береді.	1. Тыңдаған мәтін мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға толық жауап береді. 2. Басты кейіпкерлердің сипатына және іс-әрекетіне қатысты сұрақ қояды, сұраққа жауап береді, өз пікірін білдіреді.
Айтылым				
Оқылым				
Жазылым				
Тілдік бағдар				

Кесте 57 – «Тасымал» тақырыбының технологиялық картасы

Сабақ саны	
Оқу мақсаттары	<p>Тақырыпқа байланысты мұғалімнің нұскауын, сыныптастарының сөздерін түсіну Оқушылардың буын және буын түрлері туралы білімін тексеру. Сөздерді буындық талдау дағдысын жетілдіру. Буын үндестігі заңы туралы білімдерін бекіту Сөздерді тасымалдауға үйрету. Тасымалдаудың маңызы туралы түсінік беру Дұрыс тасымалдау дағдыларын қалыптастыру Тасымалданатын және тасымалданбайтын сөздердің айырмашылықтарын түсіндіру Сөздікпен және басқа да ақпарат көздерімен жұмыс істеу икемділіктерін жетілдіру Қазақ тілін үйренуге деген қызығушылығын тудыру</p>
Тындалым	<p>Тақырыпқа байланысты сөздер мен сез тіркестерінің мағынасын түсіну Мәтіндегі тасымалданбайтын сөздерді атуып түсіндіру Мәтінді түсініп оқу, мәтінде кездесетін жаңа сөздердің мағынасын анықтау, мазмұны бойынша сұраптарға үлгі бойынша өздігінен жауап беру</p>
Айтылым	<p>Қарым-қатынастық дағдыларды дамыту Буын құрамындағы жуан және жіңішке дауысты дыбыстардың маңызы туралы білу. Тасымалданбайтын сөздерді тауып, айтып беру. Сыныптастарының жауабының дұрыстығын тексеру Тақырып бойынша сөздерді қатыстырып диалог ұйымдастыру</p>
Оқылым	<p>Мәтінді түсініп оқу. Күрделі сөздерді буынға бөліп лку Мәтіндегі сөздердің тасымалдануын түсіндіру Мәтіндегі тасымалданбайтын сөздерді тауып түсіндіру Суретке қарап, үлгі бойынша сөйлем курастыру</p>
Жазылым	<p>Сөздерді буынға бөлу, буын түрлерін ажырату. Берілген сөздерді тасымалдаш жазу. Сөздің буындық құрамын талдау. Буын түрлерін топтастыру. Сөздерді тасымалдауға берілген тапсырмаларды орындау. Көшіріп жазу, есту бойынша жазуды жетілдіру. Сөздерді тасымалдауға берілген тапсырмаларды тақтада орындау.</p>
Тілдік бағдар	Мәтіндерде буын үндестігі заңын сақтап оқу және берілген тапсырмаларды орындау.

Кесте 58 – «Тасымал» тақырыбы бойынша ұлгілік бақылау тапсырмалары

Жетістіктер деңгейі	Тапсырмалар мазмұны
<p>Күрделіліктің төмен деңгейі</p> <p>1. сөздерді ұлгі бойынша дұрыс құрастыру.</p> <p>Құрастырган сөздерін оқу.</p> <p>2. сөздерге дыбыстық талдау жасау.</p>	<p>Оқушының алдында әріптер және тұтас сөздер жазылған карточкалар жатыр. Мұғалім: «Алдыңдағы әріптерді оқы. Дауыссыз және дауысты дыбыстарды көрсет. Ұлгідегі сөзді оқы. Әріптерден осы сөздерді құрастыр. Оқы. Бұл сөздердің қандай дыбыстардан құрылғанын айт», - деп сұрайды.</p>
<p>Күрделіліктің орташа деңгейі</p> <p>1. сөздерді дұрыс құрастыру. Құрастырган сөздерін оқу.</p> <p>2. сөздерге буындық талдау жасау.</p>	<p>Оқушының алдында әріптер және тұтас сөздер жазылған карточкалар жатыр. Мұғалім: «Алдыңдағы әріптерден ұлгідегі сөздерді құрастыр. Шыққан сөзі дұрыс оқы. Енді осы сөзді буынга бөл. Неше буын шықты?» - деп сұрайды.</p>
<p>Күрделіліктің жоғары деңгейі</p> <p>1. сөздерді құрастыру. Сөздерге буындық талдау жасау. Буын түрлерін ажырату.</p> <p>2. сөздерді тасымалдау ұлгілерін орынлау.</p>	<p>1. оқушының алдында әріптер және тұтас сөздер жазылған карточкалар жатыр. Мұғалім: «Алдыңдағы әріптерден ұлгідегі сөздерді құрастыр. Шыққан сөзді дұрыс оқы. Енді осы сөзді буынга бөл. Неше буын шықты? Буын түрлерін ата», – деп сұрайды.</p> <p>2. мұғалім: «Құралған сөздерді тасымалда. Бұл сөздерді неше нұсқада тасымалдауға болады?</p> <p>Тасымалданбайтын қандай сөздерді білесің? Ата», - деп сұрайды.</p>

Кесте 59 – «Тасымал» тақырыбы бойынша оқу жетістіктері

... сыйнып оқушысы, тегі мен аты

Күрделіліктің төмен деңгейі	Жетістік туралы белгі	Күрделіліктің орташа деңгейі	Жетістік туралы белгі	Күрделіліктің жоғары деңгейі	Жетістік туралы белгі
1. Сөздерді ұлгі бойынша дұрыс құрастырады. Құрастырган сөздерін оқиды. 2. Сөздерге дыбыстық талдау жасайды.		1. Сөздерді дұрыс қарастырады. Құрастырган сөздерін оқиды. 2. Сөздерге буындық талдау жасайды.		1. Сөздерді құрастырады. Сөздерге буындық талдау жасайды. Буын түрлерін ажыратады. 2. Сөздерді тасымалдау үлгілерін орындауды.	

Кесте 60 – Сабактың ақпараттық картасы

Тақырыбы:

Мақсаты:

Білім беру:

Түзете-дамытушы:

Құралдары:

Көрсететін құралдары:

Үлестірмелі материал:

Сабактың кезеңі	Мұғалім мен оқушылардың сараланған тәсілді есепке ала отырып бірлескен жұмысының мазмұны				Ескертулер
	1-топ	2-топ	3-топ	4-топ	

Төменде зерде бұзылыстары бар балаларға арналған оқыту орыс тілінде жүретін арнайы мектептердің (сыныптардың) 7-сыныбына арналған жұмыс дәптерінен «Менің туған өлкем» тақырыбы бойынша тапсырмалар үзінділері келтірілген [63].

МЕНИҚ ТҮҒАН ӨЛКЕМ

1-тапсырма.

- Кеп нүктеңің орынна керекті әріптерді қой. Қошіріп жаз.
- Түсінгеніңді айтып бер. Жатта.

Керекті әріпптер: і, қ, ғ, е, қ, ө.

Отан дейм...з от жа...қан жер...мізд... ,
Отан д...йміз ...сірген ел...мізді.
Отан дейміз ту...ан жер, атам...кен,
Би...к тау, орман, то...ай, к...лімізді.

(Ф. Тұрманжанов)

2-тапсырма.

- Сөздерді оқы. Сөздерді үлгі бойынша жаз.

Үлгі: Бір буынды сез: үн.

Екі буынды сез: мек-теп.

Үш буынды сез: қар-лы-ғаш.

Мектеп, дәптер, қалам, дыбыс, әңгіме, қарлығаш, үн, ана, кілт, тал, алма, ақ, лақ, аnar, жидек, торғай, айран, бұлт, кепшік, ырыс, алең, кебелек, сырмақ, ага, жапырак, су, бұлақ, аспан, кебеже, шөп, терек, қарлығаш, раушан.

Бір буынды сөздер:

Екі буынды сөздер:

Үш буынды сөздер:

3-тапсырма.

- Сөздерді қошіріп жаз. Магынасын түсіндір.
- Сөздерді буынға беліп жаз. Буын түрлерін ажырат.

Сатушы, дәрігер, мұғалім, мектепте, футбол, бала, ойна, дene, тәрбие, мата, ине, қағаз, дәптер, бор, түйме, жіп, ән, ойыншық.

4-тапсырма.

- Сөздерді түсініп оқы. Қошіріп жаз.
- Сөздерді буынға беліп жаз. Буын түрлерін анықта.
- Анық буынды сөздерді, бітегу буынды сөздерді, түймік буынды сөздерді китаптырып, әркайсысына екі сөйлеммен құрастыр.

Керуен, ата, ай, астық, әке, ага, астық, кеме, ат, жеті, асау, ынтымақ, ән, тас, үн, лашын, жаз, ана, жаңбыр.

5-тапсырма.

- Сөздерді түсініп оқы. Қошіріп жаз.
- Сөздерді үлгі бойынша буынға беліп жаз.

Қызылша, тау, себіз, күрек, шана, өзен, әже, балмұздак, кеме, тор, тогай, мақта, күз, жел, алмұрт, су, көгершін, дәптер, қоңырау, мысық.

Үлгі: Бір буынды
Нан

Екі буынды
Би-дай

Үш буынды
Қыз-гал-дақ

Сурет 14 – Жұмыс дәптері

Төмендегі кестеде 8-сыныпқа арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің типтік оқу бағдарламасы бойынша күтілетін нәтижелерге және женіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған оқыту орыс тілінде жүретін «Қазақ тілі» пәнінің оқу бағдарламасы бойынша күтілетін нәтижелерге салыстырмалы талдау келтірілген. Бұл материал мұғалімдерге ЕБҚ бар балаларға арналған қысқартылған немесе жеке оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде әдістемелік құрал ретінде ұсынылады.

Кесте 61 – 1 тоқсан, Қазақ тілі, 8 сынып

Бағдарлама ның бөлімі, бөлімшесі	Үлгілік оқу бағдарламасы бойынша күтілетін нәтижелер	Женіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған оқу бағдарламасы бойынша күтілетін нәтижелер
Тыңдалым	8.1.1.1 мәтін тақырыбы, тірек сездер, иллюстрациялар арқылы көтерілетін мәселені болжау; 8.1.5.1 тірек сездер, автор көзқарасы мен көңіл күйі арқылы негізгі ойды анықтау.	8.1.1.1 етістіктің шақтары мен, есімдіктің жақтарының мағынасын түсіну («жак», «шақ» терминдері қолданылмайды); 8.1.1.2 қос сездердің мағынасын түсіну; 8.1.2.1 сез таптараты: зат есім, есімдік, етістік, сан есім, сын есім туралы қарапайым түсінік алып, анықтамасы, сұрақтары бойынша ажырату; 8.1.3.1 мәтіннің мазмұны бойынша сұрақ қою.
Айтылым	8.2.1.1 тұрақты тіркестер мен көркемдегіш құралдарды қолданып, ауызша мәтіндер құрай; 8.2.4.1 идеялық жағынан ұқсас мәтін-дердегі оқиғалар желісіне бақылау жасай отырып, мазмұнның дамуын салыстыру және талдау	8.2.1.1 қатынас мақсатын (хабарлау, түсіндіру, сұрау, ой бөлісу) ескере отырып, әңгімеге, диалогке қатысу; 8.2.2.1 әртүрлі жағдайларда өздерін дұрыс ұстап, сыпайы қатынас жасау дағдысын меңгеру; 8.2.3.1 өтілген және кім туралы? не туралы? не істедің? не істеп отырсың? не істейсің? не істедіңдер? сұрақтарына дұрыс жауап беріп, диалогке қатысу; 8.2.4.1 сурет және әңгіменің басы бойынша сын есімдерді кіріктіріп отырып әңгіме құрастыру; 8.2.5.1 қойылған сұрақтарға жауап беру. Себеп салдарын анықтау.

Кесте 61 – жалғасы

Оқылым	8.3.2.1 публицистикалық стильдің (интервью) тілдік ерекшеліктері арқылы мәтіндердің жанрын анықтау; 8.3.4.1 мәтіндердің түрлерін, тілдік ерекшеліктерін салыстырып, талдау жасау.	8.3.1.1 оку техникасын жетілдіру; 8.3.1.2 оку барысында қазақ тілінің орфоэпиясын сақтау; 8.3.2.1 энциклопедия, сөздік, балаларға арналған газет-журналдардан қажетті ақпараттарды алу; 8.3.3.1 дауыстап, түсініп оку.
Жазылым	8.4.1.1 мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, интервью жазу; 8.4.3.1 жазба жұмыстарында символ мен кейіптеу түрлерін қолданып жазу.	8.4.1.1 құрамында қазақ тіліне тән дыбыстары бар сөздерді атап, оку, жазу; 8.4.2.1 сөздік диктант жазу, сөздікті пайдаланып бір-бірін тексеру; 8.4.4.1 тақырып бойынша сөздердің маңызды бөліктерін дұрыс жазу.
Тілдік бағдар	8.5.1.1 болжалдық сан есімдерді жазба, ауызша жұмыстарда орынды қолдану.	8.5.1.1 қос сөздердің мағынасын түсіну; 8.5.1.2 қаратпа сөздердің мағынасын түсіну; 8.5.2.1 тасымал туралы білімді дұрыс қолдану; 8.2.2.1 ауызекі сөйлеуде ұлғі бойынша қалыптасқан етістіктердің шақтарын дұрыс қолдану; 8.5.4.1 өтілген сөз таптарын қолданып сөйлем құрап айтуды.

Төмендегі кестеде 9-сыныпқа арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің типтік оку бағдарламасы бойынша құтілетін нәтижелерге және женіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған оқыту орыс тілінде жүретін «Қазақ тілі» пәнінің оку бағдарламасы бойынша құтілетін нәтижелерге салыстырмалы талдау келтірілген. Бұл материал мұғалімдерге ЕБҚ бар балаларға арналған қысқартылған немесе жеке оку бағдарламаларын әзірлеу кезінде әдістемелік құрал ретінде ұсынылады.

Кесте 62 – 1 тоқсан, Қазақ тілі, 9 сынып

Бағдарлама ның бөлімі, бөлімшесі	Үлгілік оқу бағдарламасы бойынша күтілетін нәтижелер	Женіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған оқу бағдарламасы бойынша күтілетін нәтижелер
Тындалым	<p>9.1.1.1 тындалатын мәтіндегі фразалар мен дәйексөздерді талқылай отырып, тақырып пен көтерілетін мәселені болжау;</p> <p>9.1.4.1 орта көлемді прозалық, поэзиялық шығармалардан үзінді тындау, көтерілген (тұрмыстық, әлеуметтік, қоғамдық) мәселені анықтап, өз пікірін білдіру.</p>	<p>9.1.1.1 біріккен сөздердің анықтамасын, мағынасын түсіну, мысалдар келтіру, аудармасын білу;</p> <p>9.1.2.1 басылымдардағы (газет, журнал) мақалаларды түсіну;</p> <p>9.1.3.1 мәтіннің әр бөлігі бойынша сұрақ қою.</p>
Айтылым	<p>9.2.1.1 берілген тақырыпқа сай сөздерді орынды қолдана отырып, мақсатты аудиторияға арналған ауызша мәтіндер құрау;</p> <p>9.2.3.1 коммуникативтік жағдаятқа сай сейлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп, өз ойын жеткізу</p>	<p>9.2.1.1 мәтінмен жұмыс істеу барысында әңгіменің негізгі құрылымын сақтау (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды);</p> <p>9.2.2.1 әртүрлі жағдайларда өздерін дұрыс ұстап, сырайы қатынас жасау дағдысын менгеру;</p> <p>9.2.3.1 тақырыптық диалогтер құру;</p> <p>9.2.4.1 оқыған шығармалардың мазмұнын айтуды;</p> <p>9.2.5.1 мәтіннің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді.</p>

Кесте 62 – жалғасы

Оқылым	<p>9.3.2.1 ғылыми стильде (мақала) жазылған еңбектердің тілдік және жанрлық ерекшелігін анықтап, талдау жасау;</p> <p>9.3.6.1 мәтінде көтерілген мәселені ғаламдық мәселелермен байланыстыра отырып сынни түрғыда баға беру.</p>	<p>9.3.1.1 қазақ тілінің орфоэпиялық нормаларын және негізгі ерекшеліктерін сақтап әдеби шығармаларды оқу;</p> <p>9.3.1.2 жоспар құру, жоспар бойынша мазмұнын айту</p> <p>9.3.2.1 ғаламтор, энциклопедия, газетжурналдар, оқулықтардан алғынған деректерді алу (мұғалім, ата-аналар көмегімен);</p> <p>9.3.3.1 жүгіртіп оқу.</p>
Жазылым	<p>9.4.2.1 эссе құрылымы мен дамуын сақтап, мәселе бойынша ұсынылған шешімнің артықшылығы мен кемшилік тұстарын салыстыра отырып, өз ойын дәлелдеп жазу;</p> <p>9.4.4.1 тақырып бойынша түрлі стильдегі мәтіндер құрауда мәліметтерді жинақтап, дереккөздеріне сілтеме көрсетіп жазу.</p>	<p>9.4.1.1 дыбысталуы ұқсас дыбыстарды ажыратада білу (а-ә; о-ө; ү-ү; у-ұ; ы-і). Жазылу емлесін салыстырмалы түрде мысалдар арқылы түсіну;</p> <p>9.4.2.1 шығарманың кейбір женіл абзацтарының мазмұнын жазу;</p> <p>9.4.4.1 тақырып бойынша сөздердің маңызды бөліктерін дұрыс жазу (жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздер).</p>
Тілдік бағдар	<p>9.5.1.1 өздік етістің қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану.</p>	<p>9.5.1.1 біріккен сөздердің мағынасын менгеру;</p> <p>9.5.1.2 құрделі зат есімдерді тану, ажырату;</p> <p>9.5.2.1 қазақ тіліндегі дыбыстарды әртүрлі позицияда айту, ажырату;</p> <p>9.2.2.2 сұрақтар бойынша сөз таптарын ажырату;</p> <p>9.5.4.1 сөйлем мүшелерін анықтау.</p>

Негізгі білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлігілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде)

Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес өзірленген.

Қазақ әдебиеті бағдарламасының мақсаты – білім алушыларды креативті ойлауға бағыттау. Олардың ойларын ауызша еркін жеткізуіне және жаза білуіне қолдау көрсету, дәлелдер келтіру, салыстыру және анализ жасау, бағалау дағдыларын қалыптастыру, білім алушыларға жанrlарды менгерту.

Қазақ әдебиеті пәнін оқу арқылы білім алушылар:

1) қазақ әдебиетінің құндылық ретіндегі болмысын, ұлттық мәдениеттегі маңызды орнын құрметтейді және бағалайды;

2) қазақ әдебиетінің мәдениетаралық қарым-қатынастағы рөлін, қазақ халқының қалыптасқан тарихын, алға қойған міндеттерін, жеңістерін, мәселелерін, қарама-қайшылық пен қындықтарын анықтайды және түсінеді;

3) турлі жағдайларға бейімделе білу және өздігінен шешім қабылдау дағдыларын қалыптастырады;

4) заманауи, ғылыми және қоғамдық дамуға сәйкес дуниетанымын дамытады.

Төмендегі кестеде 5-сыныпқа арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінің типтік оқу бағдарламасы бойынша күтілетін нәтижелерге және жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған «Оқу және тіл дамыту» пәнінің оқу бағдарламасы бойынша күтілетін нәтижелерге салыстырмалы талдау келтірілген. Бұл материал мұғалімдерге ЕБҚ бар балаларға арналған қысқартылған немесе жеке оқу бағдарламаларын өзірлеу кезінде әдістемелік құрал ретінде ұсынылады.

Кесте 63 – 1-тоқсан, Қазақ әдебиеті, 5 сынып

Бағдарлама ның бөлімі, бөлімшесі	Үлгілік оқу бағдарламасы бойынша күтілетін нәтижелер	Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған оқу бағдарламасы бойынша күтілетін нәтижелер
Түсіну және жауап беру <input type="checkbox"/>	<p>5.1.1.1 әдеби шығарманың жанрына қарай фабуласы мен сюжеттік дамуын сипаттау;</p> <p>5.1.2.1 әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау;</p> <p>5.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу;</p> <p>5.1.4.1 көркем шығармалардан шағын көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту.</p>	<p>5.1.1.1 жеңіл мәтіндердің жалпы мазмұнын түсіну;</p> <p>5.1.2.1 мәтіннің мазмұны бойынша негізгі сұраптарға жауап беру;</p> <p>5.1.3.1 мұғалімнің көмегімен көркем шығарманың негізгі ойын анықтау;</p> <p>5.1.4.1 мұғалімнің көмегімен әдеби шығарманың кейіпкерін бейнелеу.</p>
Анализ және интерпретация	<p>5.2.1.1 әдеби шығармадағы еki нәрсені салыстыра суреттеулер мен қарама-қарсы суреттеулерді табу;</p> <p>5.2.2.1 эпикалық шығармадағы автор бейнесін анықтау;</p> <p>5.2.3.1 шығармадағы тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарының (теңеу, эпитет, аудиспалы мағынадағы сөздер, қайталу, өлең құрылышы) мағынасын анықтау;</p>	<p>5.2.1.1 әдеби сөздің нормаларын сақтай отырып саналы түрде тұтас сөздермен дауыстап дұрыс оқу;</p> <p>5.2.3.1 білім алушылардың оқырман дербестігін қалыптастыру;</p> <p>5.4.2.1 мұғалімнің көмегімен сөздіктен қажетті ақпаратты ала білу.</p>

Кесте 63 – жалғасы

	5.2.4.1 көркем шығармадан алған әсерін сипаттап авторға хат, өлең жазу.	
Бағалау және салыстыру	5.3.1.1 шығармадағы эпизодтар арқылы тарихи құндылығын бағалау; 5.3.2.1 кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау; 5.3.3.1 шығармадағы кейіпкерді өзіндік құндылығы түргысынан талдаپ, әдеби әссе жазу	5.3.1.1 мәтін, суреттердің мазмұны бойынша қойылған: сұрақтарға қарапайым үлгілерді пайдаланып жауап беру, сөйлесу.

Түзету педагогикасының Ұлттық ғылыми-практикалық орталығы сайтында «Учебники и учебно-методические комплексы (УМК) для специального образования» бөлімінде зерде бұзылыстары бар балаларға арналған оқу-әдістемелік кешендер берілген. Мысалы, «Оқу және тіл дамыту» 5 сынып бөлімінде зерде бұзылыстары бар білім алушыларға арналған арнайы мектептің 5-сыныбына арналған оқулық, жұмыс дәптерлері және әдістемелік құрал берілген.

Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектептердің (сыныптардың) 5-сыныбындағы жеңіл ақыл-ой кемістігі бар балалаларды оқытуға арналған әдістемелік құралда деңгейлік мақсаттар жүйесі берілген [64].

Кесте 64 – Денгейлік мақсаттар жүйесі

Бағдарлама тараулары	Оқу мақсаттары (күтілген нәтижелер)		
	күрделіліктің төмен деңгейі	күрделіліктің орташа деңгейі	күрделіліктің жоғары деңгейі
Халық аудиоз әдебиеті	<p>1. Мысық, қасқыр, қоян сияқты андар туралы біледі, қайталайды, айтады.</p> <p>2. Мысық, қасқыр, қояндардың немен қоректенетіні туралы біледі, көрсетеді, сәйкестендіреді, айтады.</p> <p>3. Оқушылар берілген мәтінді дұрыс түсініп оқиды.</p> <p>4. Ертегі оқиды.</p> <p>5. «Ерлік», «көрсекзызар» сөзінің мағынасын түсінеді, айтады.</p>	<p>1. Мұғалімнің басқаруымен мәтіндердегі суреттерге сүйеніп әңгіме мазмұнын дайын жоспар бойынша орындаپ айтады.</p> <p>2. Тақырып бойынша берілген жаңа сөздерді, сөз тіркестерін белсенді сөздік қорларына енгізіп, мұғалім қойған сұрақтарға дұрыс, толық жауап береді.</p> <p>3. Сөздікте берілген сөздерді тұтас дауыстап оқиды, мағынасын ашады.</p> <p>4. «Ақымақ қасқыр» ертегісіндегі кейіпкерге мұғалімнің қойған сұрақтары бойынша мінездеме береді.</p>	<p>1. Мәтіндерде кездесетін жаңа сөздердің мағынасын толық ашады.</p> <p>2. Таңдау бойынша мақалдар, жұмбақтарды (ең кемінде 1-2) жатқа айтады.</p> <p>3. Өлеңді жатқа айтады.</p> <p>4. Берілген сөздермен сөйлем құрай алады.</p>

Кесте 65 – Тақырыптардың технологиялық картасы

«Халық ауыз әдебиеті» тарауы бойынша

Сабак саны	
Микромақсаттар (сабактың мақсаттари, күтілетін нәтижелері)	<ol style="list-style-type: none"> Оқушылардың халық ауыз әдебиеті жанрлары туралы, оның түрлерін, алған білімдерін қайталау, анықтау, толықтыру, белсенедіру; тақырыпта кездесетін жаңа және қыын сөздердің мағынасын түсіндіру. Оқылған тақырыптар бойынша кейіпкерлерді атау. Жағымды, жағымсыз кейіпкерлерді салыстыру, сипаттау; оқушылардың ақыл-ойын және сөз қорын дамыту. Жағымды кейіпкерлерден ұлгі алу, өмірде пайдалану, мысалдар келтіру. Мақал-мәтелді окуда оқушылардың білімін, білігін терендету, салыстыру, ажырата білу дағыларын қалыпастыру.
Тіл дамыту	<p>Жаңа сөздерді оқу барысында буындарға бөліп, екі-үш рет дауыстап, тұтас оқыту.</p> <p>Сейлемдерді құрастырганда жаңа сөздерді енгізіп, дұрыс, толық жауап беру.</p> <p>Мәтіндердің мазмұнын суреттерге қарап әңгімелу, мәтінгө сүйеніп жауап беру.</p> <p>Кейбір мәтіндерді әрі қарай жалғастырып әңгімелендер.</p>
Сөздік және сөз тіркестері	<ol style="list-style-type: none"> Бөлімдегі жаңа сөздердің мағынасын ашу, сейлем ішінде жаңа сөздердің дұрыс оқылуы. Жаңа сөздерді мағынасы жағынан ұқсас сөздермен алмастырып түсіндіру. Қыын жаңа сөздерді қолдана отырып сейлем құрау.
Пәнаралық және пән ішіндегі байланыстар	<ol style="list-style-type: none"> Айналадағы әлем пәнімен байланыс. қазақ тілі және сурет пәнімен байланыс; жұмыс дәптеріндегі тапсырмаларды орындау барысында. Әдеп пәнімен байланыс: улкендерге көмектесіп, бір-бірімен тату-тәтті ойнау.
Құралдар	Суреттер, сюжетті суреттер.

Төменде зерде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектептердің (сыныптардың) 5-сыныбына арналған «Оқу және тіл дамыту» пәні бойынша жұмыс дәптерінен «Халық ауыз әдебиеті» тақырыбы бойынша тапсырмалар үзінділері келтірілген [65].


ХАЛЫҚ АУЫЗ ЭДЕБИЕТІ

Мақал-мәтеддер

- Оқулықтары мақал-мәтедді оқып, суретпен сойкестендір, ез таңдаудың бойынша магынасын аны.



1. Ас атасы – наң.



1. Отан отбасынан басталады.
2. Отан – оттан да ыстық.

- Көп нұктенің орнына тиісті сөздерді сойкестендір, мақалды түсіндір.

1. Еңбек етсең ..., Тояды қарның	міндет ет
2. Еңбек ет те,	ерінбей тіленбей

- Түстеріне сыйкес мақалдарды жинастырып және оқы.

Дәнді шашпа,

Отанды сую

Отбасынан басталады.

Нанды баспа.

4

Қызы мен ако

- Мына тоқтамалық суреттер бойынша «Қызы мен ако» өртегісін айтып бер.



- * «Қызы мен ако» өртегісін мұқият оқып, кішкентай қызға сипаттама бер. Жаз.



- Мына сөздердің магынасын тауып, сойкестендір және түсіндір.

гүж еткен –

корықты –

сөлк ете түсті

қатты шыққан, естілген
дауыс

5

Төмендегі кестеде 6-сыныпқа арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінің типтік оқу бағдарламасы бойынша күтілетін нәтижелерге және женіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған «Оқу және тіл дамыту» пәнінің оқу бағдарламасы бойынша күтілетін нәтижелерге салыстырмалы талдау келтірілген. Бұл материал мұғалімдерге ЕБҚ бар балаларға арналған қысқартылған немесе жеке оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде әдістемелік құрал ретінде ұсынылады.

Кесте 66 – 1-тоқсан, Қазақ әдебиеті, 6 сынып

Бағдарлама ның болімі, бөлімшесі	Үлгілік оқу бағдарламасы бойынша күтілетін нәтижелер	Женіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған оқу бағдарламасы бойынша күтілетін нәтижелер
Түсіну және жауап беру	<p>6.1.1.1 әдеби шығарманың жанрын, фабуласын, сюжетін анықтау;</p> <p>6.2.2.1 әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсіндіру;</p> <p>6.3.3.1 әдеби туындыдағы кейіпкердің типтерін тек тұрғысынан сипаттау;</p> <p>6.3.4.1 көркем шығармалардан орта көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту.</p>	<p>6.1.1.1 мәтіннің негізгі мағынасын түсіну;</p> <p>6.1.2.1 мәтіндегі жаңа сөздерді тауып, мағынасын түсіну;</p> <p>6.1.3.1 шығарманың және оның бөліктерінің негізгі ойын анықтау;</p> <p>6.1.4.1 мұғалімнің көмегімен әдеби шығарманың кейіпкерін бейнелеу.</p>
Анализ және интерпретация	<p>6.2.1.1 шығарма композициясындағы белгілі бір әпизодтың алатын маңызына негіздеме жасау;</p> <p>6.2.2.1 эпикалық, поэзиялық шығармалардағы автор бейнесін анықтау;</p>	<p>6.2.1.1 шағын ертегі, тақпак, мәтіндерді мәнерлеп, дұрыс, интонациясын сақтап, тыныс белгілеріне тоқтап оқып, негізгі мазмұнын түсіну;</p> <p>6.2.2.1 мұғалімнің көмегімен шығарманың түрін анықтау және өз тандауын дәледеу;</p>

Кесте 66 – жалғасы

	<p>6.2.3.1 шығармадағы көркем ауыстыруларды (троптарды: метафора, кейіптеу, метонимия, гипербола, литота, аллегория, антитеза, градация, арнау) анықтау;</p> <p>6.2.4.1 әдеби көркемдегіш құралдарды пайдаланып шығармадағы табиғат көрінісін, оқиға орнын, кейіпкер бейнесін сипаттап жазу.</p>	<p>6.2.3.1 балалар көркем әдебиетін, балаларға арналған газет, журналдарды жүйелі түрде оқу.</p>
Бағалау және салыстыру	<p>6.3.1.1 шығармадағы кейіпкерлерді өзара салыстыра отырып, тарихи және көркемдік құндылығына баға беру;</p> <p>6.3.2.1 кейіпкерлер жүйесінің заманауи жаңашылдығын өзара салыстырып баға беру;</p> <p>6.3.3.1 шығармадағы кейіпкерлер қарым-қатынасын отбасылық құндылық тұрғысынан талдаپ, әдеби эссе жазу;</p> <p>6.3.4.1 шығармада көтерілген мәселенің әлеуметтік рөлі туралы сыни хабарлама жасау.</p>	<p>6.3.1.1 мәтін, сурет, ертегі, ісәрекеттер бойынша үлгілерді пайдаланып сұрақтарға жауап қайтару, әңгімелесу.</p>

Төмендегі кестеде 7-сыныпқа арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінің типтік оқу бағдарламасы бойынша күтілетін нәтижелерге және женіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған «Оқу және тіл дамыту» пәнінің оқу бағдарламасы бойынша күтілетін нәтижелерге салыстырмалы талдау келтірілген. Бұл материал мұғалімдерге ЕБҚ бар балаларға арналған қысқартылған немесе жеке оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде әдістемелік құрал ретінде ұсынылады.

Кесте 67 – 1-тоқсан, Қазақ әдебиеті, 7 сынып

Бағдарлама ның болімі, бөлімшесі	Үлгілік оқу бағдарламасы бойынша күтілетін нәтижелер	Женіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған оқу бағдарламасы бойынша күтілетін нәтижелер
Түсіну және жауап беру	<p>7.1.1.1 әдеби шығарма сюжетінің құрамдас бөлшектерін талдау;</p> <p>7.1.2.1 әдеби шығармадағы тұлғалық болмысты гуманистік тұрғыдан талдау;</p> <p>7.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлердің типтерін жасалу тәсілдері тұрғысынан анықтау;</p> <p>7.1.4.1 көркем шығармадағы кейіпкер бейнесін ашып, үзінділерді жатқа айту.</p>	<p>7.1.1.1 қарапайым әдеби мәтіндерді тындау, түсіну;</p> <p>7.1.2.1 басты кейіпкерлердің сипатын, іс-әрекетін тауып, көрсету;</p> <p>7.1.3.1 шығарманың негізгі ойын анықтау;</p> <p>7.1.4.1 әдеби шығарманың кейіпкерін бейнелеу.</p>
Анализ және интерпретация	<p>7.2.1.1 шығармадағы эпизодтар мен бейнелерді салғастыру;</p> <p>7.2.2.1 эпикалық, поэзиялық, драмалық шығармадағы автор бейнесін анықтау;</p>	<p>7.2.1.1 әдеби шығармаларынан қысқа үзінділерді интонацияларын сақтап, мәнерлеп саналы түрде оқу;</p> <p>7.2.2.1 мұғалімнің көмегімен шығарманың түрін анықтау және өз тандауын дәлелдеу;</p>

Кесте 67 – жалғасы

